

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Заң институты

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

**Бекітемін**  
**ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы**  
**Қарағанды академиясы қылмыстарды**  
**сотқа дейінгі тергеу кафедрасының**  
**бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі**  
**\_\_\_\_\_ А.К.Қалиев**  
**« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2018ж.**

Пән бойынша оқу-әдістемелік кешені

ZhTKKBTT 4305 «Жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық  
бұзушылықтарды тергеп-тексеру» арнайы курсы бойынша  
2018-2019 оқу жылы  
5B030300–Құқық қорғау қызметі мамандығы

Оқыту нысаны: КОФ  
курс:4  
кредиттер саны: 2 (90 сағат)  
дәрістер: 7  
семинар-7  
тәжірибелік сабақтар:16  
КОӨЖ: 15  
КӨЖ:45  
Барлығы:90  
Емтихан

Қарағанды 2018

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы  
Заң институты

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

**Бекітемін**

**ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы бастығының  
оқу ісі жөніндегі орынбасары, з.ғ.д.,  
полиция полковнигі**

**З.С.Тоқыбаев**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **2018ж.**

Пән бойынша оқу-әдістемелік кешені

ZhTKKBTT 4305 «Жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық  
бұзушылықтарды тергеп-тексеру» арнайы курсы бойынша  
2018-2019 оқу жылы  
5B030300–Құқық қорғау қызметі мамандығы

Оқыту нысаны: КОФ  
курс:4  
кредиттер саны: 2 (90 сағат)  
дәрістер: 7  
семинар-7  
тәжірибелік сабақтар:16  
КОӨЖ: 15  
КӨЖ:45  
Барлығы:90  
Емтихан

Қарағанды 2018

5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандыққа «Ішкі Істер  
Органдарындағы анықтау» арнайы пәні бойынша оқу-әдістемелік  
кешені, \_\_\_\_ с.

Құрастырған: Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының доценті  
полиция подполковнигі А.Т.Шакжанов.

«Жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-  
тексеру» арнайы курстың оқу жұмыс бағдарламасы және «Құқық қорғау  
қызметі» мамандығының оқу-әдістемелік кешені ҚР МЖББС негізінде  
құрастырылған.

2018 ж. «\_05\_» \_\_\_\_\_ 06 \_\_\_\_\_ № \_21\_ хаттама

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедрасының бастығы  
полиция полковнигі

А.К.Қалиев

ҚР Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының Оқу-  
Әдістемелік Кеңесінде талқыланып бекітілді.

2018 ж. «\_14\_» \_\_\_\_\_ 06 \_\_\_\_\_ № \_10\_ хаттама

## 2.1. негізгі ақпараттар:

1.Мамандықтың атауы және шифрі	5B030300 «Құқық қорғау қызметі»
2.Курс, семестр	4 курс, 7 семестр
3.Пәннің циклі	Таңдау бойынша компонент. ZhТККВТТ 4305
4.Кредиттер саны	1
5.Сабақты өткізетін орын	Оқу аудиториясы, дәріс залы.
6.Дәріс оқытандар. (А.Ж.Т., лауазымы, ғылыми атағы, басқада байланыс ақпараттары)	ҚСДТ кафедрасының бастығы з.ғ.к. Қалиев А.Қ., ҚСДТ кафедрасының бастығының орынбасары з.ғ.к. Т.Н.Сүлейменов Байланыс телефондары – 30-34-03, 333, 307.
7.Сабақтардың басқа түрін жүргізетін оқытушылар (А.Ж.Т., лауазымы, ғылыми атағы, басқада байланыс ақпараттары)	ҚСДТ кафедрасының бастығы з.ғ.к. Қалиев А.Қ., ҚСДТ кафедрасының бастығының орынбасары з.ғ.к. Т.Н.Сүйлеменов, ҚСДТ кафедрасының доценті А.Т.Шакжанов, ҚСДТ кафедрасының доценті А.Ж.Бейсенбаев, ҚСДТ кафедрасының доценті Ж.С.Кемпирова, ҚСДТ кафедрасының оқытушысы Қ.М.Әлімбеков Байланыс телефондары – 30-34-03, 333, 307

**2.2. Пререквизиттер:** Мемлекет және құқық теориясы. Құқықтың мазмұны және түсінігі. Құқық қорғау органдары: ҚР Прокуратурасы, ҚР ішкі істер органдары, ҚР алдын ала тергеу органдары. ҚР қылмыстық құқық. Жалпы бөлімі: қылмыстың түсінігі. Қылмыстың құрамы. Қылмыстық жауапкершілік және оның негіздері. Қылмыстың субъектісі. Қылмыстық жауапкершілікті болғызбайтын мән жайлар. Қылмыстың сатысы. Қылмысқа қатысушылық. Жазаның түрлері, жүйесі, мақсаты және түсінігі. Жаза тағайындау. Соттылықты алып тастау және жою. Қылмыстық құқық.

**2.3. Постреквизиттер:** "Криминалистика", "ҚР Прокурорлық қадағалау", "Қылмыстық процесс", "Жедел іздестіру қызметі негіздері", "Соттық риторика", "Сот медициналық және психиатриялық негіздері".

## 2.4. Пәннің қысқаша мазмұны

Мақсаты: күндізгі оқу факультетінің курсанттары 5B030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мемлекеттік стандарттарына сәйкес аталған арнайы курсты оқуға міндетті. Сонымен қатар курсанттар арнайы курсын оқып үйрену сабақтардың жоспарымен және тақырыптық жоспармен танысуы қажет. Бұл практикумда Қазақстан Республикасының құқыққорғау органдарының қызметкерлері іс жүргізу құжаттарын құру бойынша дайындықтарын іске

асыруы бойынша тергеуші (анықтаушының) ұйымдастырушылық-өкімдік қызметіне байланысты сұрақтар толық көлемде орын алған.

Оқытылатын арнайы курстың негізгі мақсаты болып «5В030300-Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша курсанттарды дайындау болып табылады. Олар академияны бітіргеннен соң құқық қорғау органдарының алдына қойған тапсырмаларды орындауға оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алуда, болған қылмыстық құқық бұзушылықты тез арада ашып сапалы сотқа дейінгі тергеп-тексеру себептерін тигізеді.

Курсанттар осы пәнді оқып-танысу барысында білуге міндетті:

-қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттеріне жету үшін негізгі маңызы бар құқық және нормаларын;

-жалпы қылмыстық құқық бұзушылық санаттарының теоретикалық негіздерін;

-ПО алдын-ала және анықтау органдарының тергеп-тексеру ретіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеп-тексеру тактикасы мен әдістерін;

-басқа құқық қорғау органдарымен және қоғаммен өзара әрекеттесу түрлерін

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеп-тексеру ескерту барысында жедел бөліністерінің басқа да қызметтермен өзара әрекетінің түрлерін,

-тергеп-тексерудің алғашқы кезеңінде процестік, тактикалық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдау теориясын;

-қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы күдіктіге қатысты процестік мәжбүрлеу шараларын қолданудың процестік тәртібін;

-кейінге қалдырылмайтын және алғашқы тергеп-тексеру әрекеттерінің тактикалық тәсілдерін;

-криминалистикалық техниканың тактика-техникалық мүмкіндіктерін;

-жедел және криминалистикалық есептердің жүйесін және тағайындауды;

-қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеу мақсатында заттай дәлелдемелерді белгілеу, іздеу, табу, алу және зерттеу тәсілдері мен әдістерін, заманауи техника-криминалистикалық құралдарды;

Курсанттар мыналарға шебер болуы қажет:

-қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттеріне жету үшін негізгі маңызы бар құқық

нормаларын дұрыс қолдануды;

-криминалистикалық техниканың тактика-техникалық мүмкіндіктерін, заттай дәлелдемелерді зерттеу әдістерін және жедел-криминалистикалық тіркеулерді енгізулерді қолдануды

- қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және сотқа дейінгі тергеп-тексеру мақсатында қолданбалы ғылымдардың, арнайы білімдердің мүмкіндіктерін қолдануды;

-құжаттық ревизияларды және түгендеулерді жүргізудің тактикасы мен әдістемесін қолдануды;

-жедел-іздігі шараларын жүргізу барысында түскен мәліметтерді ресімдеу және қолдануды;

-статистикалық карточкаларды толтыру және жедел және криминалистикалық тіркеулерді қолдану

-қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында заттай дәлелдемелерді іздеу, табу, бекіту, алу және зерттеу қазіргі техникалық-криминалистикалық құралдарын, әдістерін және тәсілдерін қолдануды;

-қылмысты ашуды және кінәлі тұлғалар анықтауды қамтитын тергеу болжамдарын құруды;

-қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес тергеп-тексеру іс-әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізуді;

-Қазақстан Республикасының және басқа елдерінің құқық қорғау қызметтері және бөліністерімен өзара әрекеттесуді жүзеге асыруды;

-процеске қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыруын және міндеттерін орындауын қамтамасыз етуді, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шараларды қолдануды;

-процестік мерзімдерді санау және оларды ұзарту туралы мәселені шешуді;

Курсанттар мыналарды білуі қажет:

-басқа білім саласы бойынша және сот сараптамасын жүргізу әдісі ;

-сараптамалық-криминалистикалық есептерді, картотекаларды, колдәріслерді, енгізу, қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және тергеп-тексеруде оларды қолданудың тиімділігін арттыру бойынша іс шараларды дайындау және жүзеге асыру түрі;

-жедел ақпараттарды тексерудің құралдары мен тәсілдерін және оны өңдеу мен сараптау туралы ұсынымдары болуы қажет.

Тек қана толық көлемде осы білімдер мен шеберліктерді меңгерген курсант таңдаған мамандыққа сәйкес өзіне қойылған міндеттерді орындауға тиіс маман деп тануға болады.

Күтілетін нәтижелер: аталған курсты оқып үйрену тергеушінің іс қағаздары мен қиын процестік іс құжаттарын толтыру, нәтижелерін бекіту, тергеу әрекеттерін жүргізуде іскерлігі мен шеберлігін дамытуға көмектеседі. Мұндай іскерлікті дамыту қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттерін өздігінен жүргізу барысында тәжірибелік қызыметін қалыптастырады.

**2.5. Арнайы курс бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:**

№	Жұмыстың түрлері	Тапсырмалардың мазмұны мен мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізімі	Бақылау түрі (рейтинг-шкале	Балытинг-шкале бойынша)	Есеп беру үлгісі	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5		7	8
1	1.Дәріс бойынша конспектілерді тексеру 2.Есептерді шешу	Ағымдағы бақылау			0-100	Конспекті жауабы	кесте бойынша
1.	1.Конспектілерді тексеру 2.Тақырып бойынша сұрау 3.Есептерді шешу	Ағымдағы бақылау			0-100	Конспекті жауабы	кесте бойынша
2.	1.Конспектілерді тексеру 2.Тақырып бойынша сұрау 3.Есептерді шешу	Ағымдағы бақылау			0-100	Конспекті жауабы	кесте бойынша
3.	1.Конспектілерді тексеру 2.Тақырып бойынша сұрау 3.Есептерді шешу	Ағымдағы бақылау			0-100	Конспекті жауабы	кесте бойынша
4.	1.Конспектілерді тексеру 2.Тақырып бойынша сұрау 3.Есептерді шешу	Ағымдағы бақылау			0-100	Конспекті жауабы	кесте бойынша
5.	1.Конспектілер	Ағымда			0-100	Консп	кесте

	рді тексеру 2.Тақырып бойынша сұрау 3.Есептерді шешу	ғы бақылау				екті жауабы	бойынша
6.	1.Конспектілерді тексеру 2.Тақырып бойынша сұрау 3.Есептерді шешу	Ағымдағы бақылау			0-100	Конспекті жауабы	кесте бойынша

## 2.6. Курстың саясаты.

а)кестеге сәйкес міндетті түрде барлық аудиториялық және аудиториялық емес КОӨЖ сабақтарына қатысу.

б)сабақтарға әрдайым дайындалу;

в) КОӨЖ және семинар сабақтарында белсенділік таныту

г)босатып алған сабақтар бойынша оқытушымен белгіленген уақыт өтемдер жасау;

д) өзіндік жұмыстардың барлық түрлерін уақытында орындау.

е)тәртіпті сақтау.

Рұқсат етілмейді:

а)Сабақтан кешігу және кетіп қалу;

б)тапсырманы уақытында орындамау;

в) сабақ барысында ұялы телефонды қолдану, бөтен әңгімелер айту, сағыз шайнау;

г) алдау және плагиат.

## 2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ п/п	Атауы, авторлары	Шығарылған жері мен жылы
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995ж. (өзгерістер және толық-р.) 10.03.2017 ж.	//http://online.zakon.kz.
2	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілде.	//http://online.zakon.kz.
3	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілде. (өзгертулер және толық-р.) 10.01.2018 ж.	//http://online.zakon.kz.



4	23 сәуір 2014 жылғы Қазақстан Республикасының ПО туралы заңы (өзгертулер және толық-р.) 24.05.2018 ж.	//http://online.zakon.kz.
5	Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 91 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 қыркүйекте № 9761 тіркелд»	//http://online.zakon.kz.
6	"Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	//http://online.zakon.kz.
7	Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2012 жылғы 09.10 «Сотқа дейінгі қылмыстық процесс аяқтау кезеңінде заңдылықты қадағалау Департаментінің ережесін бекіту туралы» № 125 бұйрығы.	//http://online.zakon.kz.
8	Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2006 жылғы 17.08. № 46 «Қылмыстық процессте азаматтар мен адамдардың конституциялық бостандықтарын және құқықтарын сақтауды прокурорлық қадағалауды нығайту» туралы бұйрығы	//http://online.zakon.kz.
9	Қазақстан Республикасының 1998 ж. 12 қараша. N 121, Әділет министрінің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы 1998 жылғы 1 желтоқсандағы № 1043ц, Қазақстан Республикасы ҰҚК 1998 жылғы 8 желтоқсан № 73, Қазақстан Республикасы қаржы министрінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 598, Қазақстан Республикасы ІМ 1998 жылғы 2 желтоқсандағы № 429, Қазақстан Республикасы табыс министрілігінің 1998 жылғы 28 желтоқсандағы №111 «Сот медициналық және анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура органдары, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша, қылмыстық іс құжаттары, аиғақтық	//http://online.zakon.kz.

	заттарды алу, сақтау, есепке алу, беру және жою жөніндегі бірлескен нұсқауы». 1998 жылы 30 желтоқсан Қазақстан Республикасы Әділет Министірлігінің № 658 бұйрығымен тіркелген.	
10	Қазақстан Республикасы 1999 ж. 30.03. №353 " тұлғаларды қоғамнан уақытша арнайы мекемелерінде ұстау тәртібі мен жағдайы	//http://online.zakon.kz.
11	Қазақстан Республикасы 1998ж 10 шілде № 279-І о есірткі және психотропных заттар, прекурсорлар және асыра пайдалану заңсыз айналымдағы құқыққа қарсы шаралар туралы (2014 ж. 29.12 өзгертулер мен толықтырулар.)	//http://online.zakon.kz.
12	Қазақстан Республикасының Әділет министірінің 1999 ж. 22 ақпан №913«Кепілдегі жылжымалы мүлікті мемлекеттік тіркеуге міндетті емес нұсқауы	//http://online.zakon.kz.
13	ҚР Жоғарғы соттың 2006ж 20.04. № 4 «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелрді бағалаудағы кейбір сұрақтар туралы нормативтік қаулы"	//http://online.zakon.kz.
14	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министірінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 220 бұйрығына 1-қосымша Ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша алдын ала тергеуді және анықтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық	//http://online.zakon.kz.
15	Сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI ҚРЗ	//http://online.zakon.kz.
16	Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 2018ж 02.05. № 60 «Прокурорлық қадағалаудағы кейбір сұрақтарды ұйымдастыру»туралы бұйрығы	//http://online.zakon.kz.
<b>2. Негізгі әдебиеттер</b>		
17	Назарбаев Н.А. «Нұрлы жол – путь в будущее». Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 11 ноября 2014 года.	//Официальный сайт Президента Республики Казахстан. //http://www.akorda.kz/.
18	Капсалямов К.Ж. Уголовное преследование и способы собирания доказательств.	Астана, 2001.

19	Бекжанов А.А., Ташибаев К.У., Турсынов Е.Т. Производство дознания по УПК РК.	Караганда, 1998.
20	Сарсенбаев Т.Е., Хан А.Л. Уголовный процесс. Досудебное производство.	Астана, 2000.
21	Тяжина А.О., Ногайбаева А.С. Новеллы досудебного расследования по УПК Республики Казахстан. Учебно-практическое пособие (краткий анализ в схемах)	Караганда, 2015.
22	Тяжина А.О., Ногайбаева А.С., Бейсенбаев А.Ж. Досудебное производство по уголовным делам: образцы процессуальных документов.	Караганда, 2014.
23	Кенжетаяев Д.Т., Калиев А.К., Балтабаев Т.Н. Примерные образцы уголовно-процессуальных документов досудебного расследования.	Караганда, 2014.
24	Громов В.И. Заключение эксперта как источник доказательства.	М.://Юстиция.1997. № 9
25	Шурухнов Н.Г. Тактика следственного осмотра и освидетельствования Криминалистика: Курс лекций.	М.: Эксмо. 2006.
26	Журсимбаев С.К. Роль прокурора при отправлении уголовного правосудия.	Алматы, 2002 год.
<b>3. Қосымша әдебиеттер</b>		
27	Руководство для следователей / Под ред. Н.А. Селиванова В.А., Снеткова.	Москва, 1998.
28	Бахин В., Когамов М., Карпов Н. Допрос на предварительном следствии (уголовно – процессуальные и криминалистические вопросы): Монография. Изд. 2-е.	Алматы:Жеті жарғы, 2004. 192с.
29	Доспулов Г.Г. Процессуальные основы допроса.	Алматы, 1996.
30	Гинзбург А.Я. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике: Учебно-практическое пособие / Под ред. проф. Р.С. Белкина.	Москва, 1996.
31	Бахарев Н.В. Очная ставка: уголовно процессуальные и криминалистические вопросы	Москва: Госюриздат 1983.
32	Гаврилов А.К. Следственные действия: (процессуальная характеристика, тактические и психологические особенности) А.К. Гаврилов, Б.П. Смагоринский.	Москва: ИКФ Экмос, 1994 г.
33	Алиев Т.Т. Доказательства, понятие, свойства / Т.Т. Алиев, Н.А. Громов, А.И. Гришин // Закон и право.	<i>А. - 2002 г. - №3. с.16-55.</i>

34	Ахпанов А.Н. Возбуждение уголовного преследования и применение мер процессуального принуждения: Учебное пособие.	<i>Караганда, 2000г.</i>
35	Шуменова Р.Т. Система процессуальных гарантий обеспечения принципов уголовного судопроизводства. Монография.	<i>Алматы, 2003 г.с.89</i>
36	Бегалиев К. А Меры пресечения по УПК РК// Гос. и право.	Алматы, 2003 г.
37	Капсалямов К.Ж. Уголовно-процессуальная сущность залога // Сб. науч. трудов.	<i>Караганда: КВИШ КНБ РК, 1997г.</i>
38	Жалыбин С. М. Обеспечение прав человека при уголовном преследовании. - Правовая реформа в Казахстане.	Алматы – 2001г. № 1.
39	Балтабаев К.Т. Домашний арест в уголовном судопроизводстве РК: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук.	Караганда, 2001г.

2.8 «Жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру» пәні бойынша Заң институты күндізгі оқыту факультеті 4 курс курсанттарына (2015 ж.а.) сабақ беру 2018-2019 оқу жылына  
**ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ:**

Кредиттер саны - 2 (90 сағат)

№ п/п	Тақырып саны	Тақырып атаулары	Аудиториялық сағаттар			КОӨЖ		КӨЖ
			дәріс	Семинар сабағы	Тәжірибелік сабақ	аудиториялық	Аудиториялық емес.	
1.	1.	Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің қызметі	1	1	3	1	2	7
2.	2.	Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.	1	1	3	1	1	7
3.	3.	Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің процессуалдық қызметі	1	1	2	1	1	7
4.	4.	Бұзақылықты тергеп-тексеру ерекшеліктері	1	1	2	1	1	6
5.	5.	Тергеушінің тонау және қарақшылық қылмыстарын тергеп-тексерудегі ұйымдастырушылық қызметі	1	1	2	1	1	6
6.	6.	Тергеушінің сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін тергеп-тексеру кезіндегі қызметі	1	1	2	1	1	6
7.	7.	Қорқытып алуды тергеп-тексеру ерекшеліктері	1	1	2	1	1	6
Барлығы:			7	7	16	7	8	45

**2.9.** Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі.

Дәріс - 1 сағат

**Сабақтың мақсаты:** заңдарды қорғауды ұғындыру, дәлелдемелермен жұмыс істеуде басқада нормативтік актілерді және заңдарды қолдануды үйретуге қалыптастыру, білікті және дұрыс бекіту, тиісті процестік құжаттарды құрастыру, тергеулік қарап-тексеру жүргізуге кәсіби қалыптастыру.

Дәріс сұрақтары:

1. Адам өлтіру қылмыстарының жалпы сипаттамасы.
2. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында жүргізетін тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері.

Дәріс тезисы:

Жеке адамға қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы.

Адам өлтірудің криминалистік сипаттамасы. Нақтыланып, анықталатын жағдайлар. Тергеудің алғашқы кезеңінің ерекшелігі. Әдеттегі тергеп-тексеру жағдайлары. Куәлардан жауап алу. Мәйіттің аты-жөнін анықтаудың әдістері мен тәсілдері. Мәйітті тану үшін әкелу және аты-жөнін анықтау жөніндегі басқа да шаралар мен оның ерекшеліктері. Тергеуші мен анықтау органдарының арасындағы қарым-қатынастар. Сот-медициналық және басқа да сот сараптамаларын тағайындау. Адамның хабар-ошарсыз кетуіне байланысты оның біреу өлтірген болар деген болжаумен жүргізілетін алғашқы тергеу және жедел-іздігі әрекеттері. Адам өлтірудің тәсілдеріне байланысты тергеу болжауларын жасау. Мәйітті бөлшектеп, оны жойып жіберген істер бойынша тергеу жүргізуінің ерекшелігі. Қылмыскерді жалдап адам өлтіру қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеру ерекшелігі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеушінің қолындағы алғашқы мәліметтердің сипаты мен көлеміне байланысты барлық қылмыстарды шартты түрде мынандай үлкен екі топқа бөліп қарастырылуы мүмкін: 1. Адам өлтіру қылмысы анық жағдайда жасалған; 2. Адам өлтіру қылмысы анық емес жағдайда жасалған. Бірінші топқа, тергеудің басында-ақ адам өлтіру қылмысын жасаған тұлға белгілі болған айқын фактілерді жатқызамыз. Мұндай қылмыстар әдетте «тұрмыс-тіршіліктік қатарына жатады, олар көбінде, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі болатын жан-ұядағы, сондай-ақ көршілердің, болмаса туысқандардың тағы басқа да жақын танытын адамдардың бір-бірімен ұрыс-керістері, өзара келісе алмаушылықтарынан туындаған жан-жалдар мен жеке бастық араздар. Бұл қылмыстарды жасау кезінде қылмыскерлер қылмысты жасауға байланысты алдын-ала айла әдістерді таңдап, болмаса оның ізін жасыруға алдын ала дайындалмайды. Керісінше күтпеген жерден туындаған жан-жалдың нәтижесінде қолына түскен тұрмыс-тіршілікте қолданылатын заттарды, атыс қаруын т.б. қылмыс құралы ретінде пайдаланады. Анық емес жағдайларда жасалған адам өлтіру қылмыстарын – күш қолдану белгілері

бар мәйіттің табылуына байланысты немесе хабар-ошарсыз кеткен адамдардың өлгендерін куәландыратын мәліметтер бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеруге байланысты тергеу әрекеттері жүргізілетін қылмыстарды жатқызамыз. Мұндай жағдайларда сотқа дейінгі тергеп тексеруді бастау кезінде тергеушіде адам өлтіру қылмысының жасалу жағдайы (қылмыскердің, көбіне жәбірленушінің жеке басы туралы; қылмысты жасау ниеті мен мақсаты) туралы ешқандай мәліметтер болмайды.

Қылмыскердің адам өлтіру үшін нақты бір тәсілді таңдап алуына мынадай факторлар әсер етеді: жәбірленуші мен күдіктінің жасы, жылы, физикалық дамуы, қылмыстың жасалу уақыты мен жері, оның ниеті мен мақсаты, қылмыскердің қылмыс құрбанымен өзара байланысының болуы мен оның сипаты, сондай-ақ басқа да жағдайлар.

Адам өлтіру қылмыстарын жасауда қолданылатын тәсілдердің кеңінен тараған түрлеріне келесілерді жатқызуға болады:

- әртүрлі құралдарды, заттарды қолдану арқылы жәбірленушіге тікелей дене жарақатын салу;
- жәбірленушіні жылжып келе жатқан транспорт құралдарынан (поезд, автокөлік, теплоход) лақтырып жіберу.
- жәбірленушінің организміне улы заттарды жіберу және т.б.

Қылмыскерлер адам өлтіру қылмыстарын жасау кезінде қылмыс құралы ретінде тұрмыс-тіршілікте пайдаланатын (асханалық және жиналмалы пышақ, балға, балта және т.б.) заттарды, қылмыскердің қылмыс жасау үстінде қолына түскен оқиға болған жердегі кездейсоқ заттарды (тас, құбыр, темір кесінділері, бөтелке т.б.) және басқа да қолдан жасалған әртүрлі суық қаруларды қолданады.

Қылмыскерлер адам өлтіру қылмысын жасыру тәсілдерін таңдап алуына қылмыс жасалатын жер (орын) және қылмыскер мен жәбірленушінің өзара арақатынас сипаты әсер етеді. Жәбірленуші мен қылмыскер өзара таныс болмаған, болмаса олар кездейсоқ танысқан жағдайларда, қылмыс болған жер күдіктіге еш қатысы жоқ болған жағдайларда, адам өлтіру қылмысын жасап болған соң, олар оқиға болған жерден тезірек қашып кетуге тырысады. Егер қылмыскер мен оның құрбанының арасында—туыстық, достық, жыныстық (ашыналық) немесе басқа да тұрақты қатынастар, болмаса адам өлтірген жер күдіктінің жеке басына қатысты (тұрғын-үй, сая-жай, жеке гараж, жұмыс орны т.б. болған жағдайларда жәбірленушінің өлімі туралы факт, яғни нақты бір жерден оның мәйітін табу жағдайлары нақты бір тұлғаға күдік келтіруге әкеп соқтырады.

Адам өлтіру тәсілі мен мәйіттің денесіндегі жарақаттардың сипатына байланысты жәбірленушінің өлу фактісін жасыру мүмкін емес жағдайларда қылмыскерлер адам өлтіру қылмысын жасырудың басқа да әртүрлі тәсілдерін жүзеге асыру әрекеттерін ойластырады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға себеп болатын жағдайларға—күдікті мен оның құрбанының арасындағы жеке бас араздығы, бұзақылық, кек алу, көре алмаушылық, қызғаншақтық, пайдақорлық ниет, сонымен қатар басқа қылмыстың ізін

жасыру немесе оны жасау жолдарын жеңілдету жатады. Нақты қылмысты, адам өлтіру қылмысын жасау ізін жасыру үшін қылмыскер алдын-ала, күні бұрын арнайы дайындалып, өзінің және жәбірленушінің әрекетінің кезектілігін анықтап жоспарлап алады.

Жәбірленуші. Адам өлтіру қылмысын криминалистік сипаттауда жәбірленушінің өзінің жүріс-тұрысын виктимологиялық аспекті тұрғысынан қарастыруға болады. Яғни ол дегеніміз қылмыстың жасалуына, қылмыс құрбанының өзі себеп болады. Олар спирт ішімдіктерін кездейсоқ адамдармен бірге ішіп, мас болып кездейсоқ адамдардың немесе айналасындағы адамдарды балағаттап өздері тиісіп, соның негізінде ұрыс, жанжал, төбелес шығып, қылмыстың жасалуына бірден бір себеп болады. Көбінде мұндай жағдайларда адам өлтіру бойынша жасалған қылмыстың жәбірленушісі ер адамдар болады. Ал әйел адамдары қылмыстың құрбаны болуына—жыныстық қатынас жасау, пайдакүнемдік ниет, сондай-ақ қызғаныштың пайда болуы себеп болады. Қылмыскер мен жәбірленушінің жүріс-тұрысында белгілі бір байланыс болады. Жәбірленушінің жеке басы мен оның өлер алдындағы мінез-құлқын жақсылап тексеру қажет. Кейбір жағдайларда өзге тұлғаларға қарағанда өте қауіпті тұлғалар категориясы да кездесіп жатады, олар айналасындағыларға қауіп төндіре отырып, ақырында қылмыстың құрбаны өздері болулары мүмкін.

Қылмыскер. Адам өлтіруге байланысты қылмыстарды әдетте 18-бен 50 жас аралығындағы алкогольдік ішімдікке немесе нашақорлыққа құмар ер адамдар жасайды. Олар, қоғамдағы басқа тұлғалардан өздерінің: дөрекеліктерімен, қатыгездіктерімен, жыныстық құштарлығы жоғарлығымен, әйелдерді силамайтындығымен, бұрын қылмыстық жазаға тартылғандығымен ерекшеленеді. Тәжірибеде қылмыскерлердің арасынан психикалық аурулармен ауыратын адамдар да жиі кездеседі, олардың маскүнемдіктен немесе нашақорлықтан емделуге мұқтаж екендіктері көбінде тергеу барысында нақтыналады .

Мәселен, мәйітті оңаша жерлерге көміп тастау, оны бүркемелеу (құммен, шөппен, жапырақтармен және т.б.), мәйітті немесе оның бөлшектерін суға ағызып жіберу, жәбірленушінің бетін адам көріксіз етіп бұзу әрекеттері, бұл мәйіт қылмыскердің жақын адамы (әйелі, туысы, досы және т.б.) екендігін жиі куәландырады. 5 және 17-ті жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерді өлтіру қылмыстардың көбінде 10 мен 16-ты жас аралығындағы ер жыныста жасөспірімдер жасайды. Көпшілігінде олар жәбірленушінің досы, танысы болып келеді.

Мәйітке әдеттен тыс айлаларды қолдану белгілері (мәйітті жалаңаштау, киімсіз қалдыру немесе оның киімін тығып тастау, жағуға жарамсыз заттарды қолданбақшы болып әрекет ету, мәйітті ұсақ бөлшектерге бөліп тастау) немесе мәйіттің денесіне сансыз көп жаракаттар салу белгілері қылмыскердің жүйке ауруымен ауыратындығын көрсетеді.

Кәдімгі тергеулік жағдайлары, тергеу болжауы мен жоспарлау.



Кәдімгі жағдайлар – тергеу әдістемесінің ерекшеліктерін (кәдімгі тергеу болжауларының, кәдімгі мәселелерді, сондай-ақ оларды шешу құралы мен тәсілдерін) алдын-ала анықтауға мүмкіндіктер беретін, тәжірибеде барынша жиі кездесетін тергеу жағдайлары.

Нақты жағдайды тексере отырып, тергеуші кәдімгі мәселелерді шешу жөніндегі білімді қолданады, шындықты ескере отырып, оларды модернизациялайды (жаңа жағдайға сәйкес өзгертеді).

1-жағдай – қылмыс анықталған (ашылған), қылмыскер ұсталған және оның жеке басы анықталған. Кейде тергеудің бастапқы кезінде мақсаты мен ниеті анық емес болады, ал кейде оның кінә нысаны да. Қылмысқа қатысушылар да анықталмауы мүмкін. Жәбірленушіні өлтірген кездегі әрекет құқыққа қайшы болып табылатындығы немесе табылмайтындығы алғашқыда айқын болмайды (мысалы, қажетті қорғану кезінде).

2-жағдай – қылмыс анықталмаған (ашылмаған), бірақ мәйіт бар (жасырылмаған), ешқандай көз бояушылық (инсценировка) жасалмаған және ол бірден табылған немесе қылмыс біте салып көпке ұзамай табылған. Қылмыскер белгісіз. Қылмыскердің ізіне түсу мен оны ұстап алу бойынша жедел-іздістіру әрекеттерін ұйымдастыруға мүмкіндіктер бар. Сондықтан да кәдімгі болжаулар да осындай ұқсас жағдайларда болып келеді. Бұл қылмыскердің жеке басы (немесе күдіктінің араласатын ортасы) жөніндегі болжаулар, мүмкін болатын дәлелдемелер туралы болжаулар және қылмыскердің жасырынған жері жөніндегі іздістіру болжаулары.

3-жағдай – қылмыс ашылған, жақын арада жасалған, бірақ оның механизмі белгісіз. Мәйіт табылып, оның жеке басы анықталған. Өзін-өзі өлтіргендігі, немесе бақытсыздық жағдайдан өлгендігін, немесе өзінің табиғи өлігі жөнінде көрсететін мәліметтер бар, бірақ қылмыстың ізін жасыру үшін көз бояушылық (исценировка) жасау мүмкіндігі туралы (күмән бар) күдік келтіріледі. Мұндай жағдайларда болжаулар тергелетін оқиғаның механизмі жөнінде құрылады, содан кейін қылмыстық құқық бұзушылықтың түрткісі (мотив) мен қылмыскердің жеке басы бойынша болжаулар жасалады.

4-жағдай – қылмыс ашылмаған, танылмаған мәйітті тауып алу дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру басталған. Мәйіттегі жарақаттар қылмыстың жасалғандығын көрсетеді, бірақ мәйіт адам танымастай жағдайда болғандықтан, оны сыртқы бейне белгілері бойынша тану соншалықты қиын. Мұндай жағдайларда болжаулар алдымен қылмыс құрбанының жеке басы бойынша құрылады және тексеріледі.

5-жағдай – қылмыс ашылмаған және бұрын жасалған (жасалғанына көп уақыт болған), қылмыс жасалған деп жорамалдауға болады. Себебі адам басының және басқа да мүшелерінің, сүйектері киімдерінің қалдықтарымен табылған, бірақ өлімнің себебі белгісіз (тергеудің бастапқы кезінде), қылмыс жасалған деп болжауға болады, сондай-ақ қылмыс жасалмаған өлімнің себептері басқа да жағдайларға байланысты болған деп те болжауға болады.

6-жағдай – қылмыс ашылмаған, мәйіт бөлшектелген және бұл бөлшектер жасырылған. Қылмыстың барлық элементтерінің ішінен тек қылмыстың ізін жасыру тәсілі мен мәйіттің бөлшегі табылған жер ғана белгілі.

7-жағдай – адам жоғалған. Қылмыс ашылмаған, оның жоғалғанына көп уақыт болған, мәйіттің табылмауына байланысты, ол өлді деп жорамалданады.

8-жағдай – жаңа туған нәрестенің мәйіті табылған. Қылмыс нәрестенің шешесімен немесе оған жақын басқа да адамдармен жасалуы мүмкін. Күш қолдану белгілері бар мәйіт табылған жағдайларда жүргізілетін алғашқы тергеп-тексеру әрекеттері.

Оқиға болған жерді қарап тексеру. Адам өлтіру ісі бойынша оқиға болған жерді қарап тексерудің ерекшеліктері, криминалдық жағдайдың ашылуымен және қылмыс жасалған жердің сипатымен қамтамасыз етіледі. Оқиға болған жердің және нақты бір қылмыс жағдайының ерекшеліктеріне байланысты топ құрамына басқа да мамандар кіргізілуі мүмкін. Мәйіт қарап тексеріледі, қылмыстың ізі табылу мүмкіндігіне байланысты ол табылған жер мен оның аумағы қаралады. Мәйіт табылған жерден едәуір ара қашықтықтан іске қатысты іздер мен басқа да объектілер табылған жағдайларда, оларды қарап тексеру өзінше жекеленген тергеу әрекетін құрайды (әрекеттерінен тұрады). Мәйітті қарап тексеру барысында оның-жынысы, шамамен жасы, дене бітімі, бойы; оқиға болған жердегі жылжымайтын объектіге қарысты мәйіттің орналасу жағдайы анықталады; мәйіттің орналасу жәй-күйі, сондай-ақ басының және аяқ-қолдарының орналасу жағдайлары мен ерекше белгілері бекітіледі. Қарап тексеру кезінде мәйіт танылмаған жағдайларда ауызша суреттеу әдістемесі бойынша хаттамаға толық сипаттамаланып бекітіледі. Содан соң хаттамаға белгілі бір кезектілікпен мәйіттің денесі мен киімдері, олардан табылған заттар және оның жатқан аумағы сипатталып жазылады.

Мәйіттің киімдерін қарап тексеру барысында, оның киімінің жай-күйіне, оның жыл-мезгіліне сәйкестігіне және жәбірленушінің дәл осы кездегі физикалық жағдайына аса назар аудару қажет. Мәйіттің денесін қарап тексеру кезінде одан табылған мәйіттік құбылыстардың көрінісі мен оның дәрежесі, дене жарақаттары - қан болса оның тоқтағандығы, олардың саны, өзара орналасуы, өлшемі, (түр-түсі) денесіндегі бөгде іздер мен басқа да бөлшектер нақты сипатталып көрсетіле отырып хаттамаға бекітіледі. Қылмыстың жасалу тәсілі көрініс табатын дене жарақатының сипатына байланысты мәйітті қарап тексерудің белгілі бір ерекшеліктері бар. Мәселен, мәйіттің денесіндегі шауып-кесуден түскен жарақаттарды, сондай-ақ өтпейтін қатты заттармен келтірілген жарақаттарды қарап тексеру кезінде жарақаттың-санына, жарақаттың өзара орналасуына, өлшеміне, нысанына, киімдерінің жай-күйіне, денесіндегі жарақаттардың киіміндегі зақымдармен сәйкестігіне, жәбірленушінің денесіндегі арпалысу және қорғаныс іздерінің болуына аса назар аудару қажет. Оқиға болған жердегі қан іздерінің сот-медициналық ғана емес, сонымен қатар криминалистік маңызы бар екендігі

міндетті түрде ескерілуі тиіс. Оларды зертеу негізінде тергеу жағдайына маңызды мынандай мән-жайлар: қылмыстың жасалған жері, оның механизмі, жәбірленушіге дене жарақатын салу кезіндегі оның күй-жайы және т.б. анықталады. Оқиға болған жердегі қылмыстық іздерді табу, бекіту алу және зерттеу үшін криминалистік техника құралдарын тергеу әрекетіне пайдалану, жоғары мамандықты талап етеді. Танылмаған мәйіттің жеке басын анықтауға жүргізілетін әрекеттер. Егер, мәйітті қарап тексеру барысында оның құжаты табылмаған және оқиға болған жердегі тұлғалармен танылмаған жағдайларда, тергеуші жәбірленушінің жеке басын анықтауға байланысты шаралар қолданады.

Куәлардан жауап алу. Адам өлтіру қылмыстық ісі бойынша куәлар ретінде–қылмысты көзімен көрушілерден, туысқандарынан, таныстарынан, бірге жұмыс істеген қызметтес тұлғалардан сондай-ақ, күдіктілерден жауап алынады.

Көзімен көрушілерден жауап алудың негізгі мақсаты – олардан қылмыстың жасалу жағдайы мен қылмыскердің белгілері туралы мәліметтер алу. Жәбірленуші мен күдіктінің тізімдегі куә ретіндегі таныстары, көршілері мен қызметтестерінен жауап алу, тәртіп бойынша күдікті мен оның құрбанының жеке басымен, сондай-ақ қылмыстың жекеленген жағдайларын анықтауға байланысты сұрақтар бойынша жауап алынады. Күдіктінің туыстарынан жауап алу кезінде жоғарыда аталған сұрақтардан басқа да, яғни оның қылмыс жасамай тұрып және қылмыс жасағаннан кейінгі жүріс-тұрысы, қылмыстың ізін жасыруға байланысты әрекеттері туралы мән-жайлар анықталады.

Сот-медициналық сараптама. Кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеттерінің ішінде адам өлтіру қылмыстары бойынша өлімнің болу себептері мен дене жарақаттарының сипатын анықтауда сот-медициналық сараптаманың алатын орны ерекше. Сонымен қатар, сот-медициналық сараптаманың шешіміне бұл жалпы сұрақтардан басқа да мән-жайлар жатады, анықтау бағытталған, яғни олар іс бойынша тергеу әрекетіндегі құрылған болжауларға байланысты келесідей сұрақтарды анықтауға бағытталуы мүмкін:

- Жасалған қылмыс жағдайы бойынша: өлімнің себебі мен болу уақыты; мәйітте дене жарақатының болуы немесе болмауы, олардың саны, пайда болу механизмі мен сипаты; қандай жарақат тірі кезінде, ал қайсысы өлгеннен кейін келтірілген; дене жарақатын салудың кезектілігі, жарақат келтіру кезінде жәбірленуші қандай күйде болды; дене жарақатынан кейін оның қозғалып-жылжуға, қарсы әрекет етуге қабілеті болды ма; дене жарақатының қайсысы өміріне қауіпті болды; соққы қандай күшпен берілді; мәйітте қорғану немесе арпалысу белгілері бар ма;

- Оқиғадан бұрын болған жағдайларға байланысты: жәбірленушінің қанында ішімдік құрамы бар ма және жиналған ішімдік құрамына оның мас болу дәрежесі сәйкес келе ме, жәбірленуші өлер алдында тамақ ішкен бе,

тамақтанған уақыты қашан және қандай тамақ түрін ішіп-жеген, жәбірленуші қайтыс болар алдында жыныстық қатынаста болған ба;

- Қылмыс құралы бойынша: жәбірленушіге дене жарақаты бір әлде бірнеше қару құралын қолдану арқылы салынған ба; бұл құралдардың түрі, пішіні, өлшемі қандай; дене жарақаты сараптамаға ұсынылған құралдардан болған ба;

- Жәбірленушінің жеке басын анықтауға байланысты: бөлшектенген мәйіттің бөлшектері аталып отырған нақты бір тұлғаныкі ме, жәбірленушінің жынысы, шамамен жасы қандай; жәбірленуші тірі кезінде қандай аурулармен ауырған; қанша рет операция жасалған; ішкі организміңде қандай да бір патологиялық өзгерістер мен аномалиялық ауытқулықтар бар ма; тіс құрылысының ерекшеліктері; жәбірленушінің қанының түрі мен тобы қандай;

- Күдіктінің жеке басына қатысты: жәбірленушінің жыныстық мүшесінен табылған қан дақтары мен ағза іздері қандай топқа жатады; мәйітті бөлшектенген тұлғаның анатомия саласынан және техника бөлімінен тәжірибесі болған ба; мәйітті бөлшектенген адам солақай емес пе;

- Қылмыстың ниеті мен мақсаты бойынша: мәйіттің денесінде күш қолданып жыныстық қатынасқа түсуді сипаттайтын іздер бар ма; түсік тастау белгілері жоқ па; келтірілген дене жарақаттары қинау арқылы салынғандығын сипаттайтын белгілер бар ма; олар жәбірленушіні ерекше азаптаумен жасалған жоқ па;

- Тергелетін оқиғаны еліктеуге байланысты: мәйіттің қалпы өзгеріске ұшыраған ба; жәбірленушінің денесіндегі жарақаттар оның өзіне-өзі қол жұмсауы арқылы келтірілмеген бе; жәбірленушідегі дене жарақаттары оның киіміндегі зақымдармен сәйкес келе ме; егер сәйкес келсе оны немен түсіндіруге болады; жәбірленушінің мойнына ілмек, жіп байланған ба; мәйіт табылған жер қылмыстың жасалған жері ме, жоқ па және т.б. Мәйітті сот-медициналық зерттеулер барысында сарапшының алдына қосымша сұрақтарды қоюға байланысты деректер анықталуы мүмкін, бұл деректер дереу тексерісті қажет етеді. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп тексеру барысында сот-медициналық сараптамамен қатар, зерттеудің басқа да түрлері жүргізіледі. Шаш, қан іздерін және организмнен бөлініп шығатын басқа да іздерді зерттеу үшін сот-биологиялық сараптама тағайындалады. Мәйіттің тырнағының астынан, болмаса қылмыс құралынан бөлшектері, ішкі орган тіндері табылған кезде, олардың пайда болуы мен тобын анықтау мақсатында цитологиялық зерттеулер жүргізіледі. Мәйіттің және күдіктінің денесі мен киімдерінен талшық іздері табылған жағдайларда заттар мен материалдарды зерттеу сараптамалары тағайындалады. Оқиға болған жерден табылған қол, аяқ, транспорт және бұзу құралдарының іздері бойынша әртүрлі трасологиялық зерттеулер жүргізіледі. Адам өлтіру қылмысының жасалу тәсілдері мен тергеліп отырған істің нақты жағдайына байланысты, балистикалық, пиротехникалық, химиялық, физика-химиялық,

токсикологиялық, гидрологиялық және басқа да сараптамалар тағайындалуы мүмкін.

Күдіктіден жауап алу. Жауап алуды жоспарлау мен оны жүргізудің тактикасы тергелетін қылмыс жағдайына, тұлғаның жеке басы туралы жиналған мәліметтер мен дәлелдемелерге қарамастан құрылады және таңдалып алынады, жауап алудың мақсаты – жауап алу барысында алынған барлық факторлардың нақтылығын және олар жөніндегі мәліметтердің қайнар көздерін анықтау, осыған байланысты берілген жауаптарды нақтылау мен таңдап тексерудің маңыздылық ерекшеліктерін анықтау. Күдіктіден жауап алу кезінде барлық уақыттарда шынайы, нақты жауаптар алына бермейді, көбінде дәлелді жауаптар тергеушінің қолында бар мәліметтерді дәлелдеме ретінде ұтымды пайдалану жолымен алынады. Осыған байланысты жауап алудың мынандай ерекше маңызды тактикалық тәсілдері бар: жауап алынатын тұлғаны логикалық әңгімеге тарту арқылы оның сезімін ояту; оны дәлелдемелерді тексеруге қатыстыру; тергеу арқылы алынған деректердің мағынасын түсіндіру. Жауап алынатын тұлғалардың жеке басы мен тергелетін іс бойынша нақты бір жағдайларға байланысты басқа да тактикалық тәсілдер қолданылады. Тергеу барысында күдікті ретінде қылмыстық іске тартылатын тұлға анықталған жағдайларда тергеудің жаңа кезеңі басталады. Тергеудің бұл кезеңінің міндеті қылмыскерді әшкерлеу және олардың кінәлілігін дәлелдеу.

Күдіктінің жауаптарын (көрсетпелерін) тексеру. Күдіктінің берген жауаптары мен көрсетпелері дәлелдеменің қайнар көзі болып табылады. Жауап алу кезінде дәлелді жауаптар алудың маңызы ерекше. Қылмыстың әрекеті орындаушы тұлғаға ғана мәлім фактілер дәлелдеме болып табылуы мүмкін. Сондықтан да олар мұқият тексерілуі қажет. Тексеру әрекеттері қатарына тергеу эксперименті, көрсетпені оқиға болған жерде тексеру және басқа да әрекеттер жатқызылуы мүмкін. Қылмыскер өзінің кінәлілігін өкінішпен мойындауы, болмаса мойындамауына қарамастан келесі мәселе оны әшкерелеу болып табылады.

Қылмыскерді әшкерелеу оқиғаны көзімен көрген-куәлардың берген жауаптары мен көрсетпелерінің көмегімен оларға қылмыскерді танытуға көрсету және қажет болған жағдайларда беттестіру әрекетін жүргізу арқылы; сондай-ақ қылмыскердің тұрғын-жайларына, жұмыс орындарына және т.б. тінту жүргізу; қылмыскерді куәландыру, олардың киімдеріне және бұл шараларды жүргізу кезінде табылған объектілерге қарап тексеру әрекетін жүргізу; бұл объектілерді танытуға көрсету мен заттай дәлелдемелерді идентификациялық зерттеу нәтижелері көмегімен жүзеге асырылады. Қылмыскердің жеке басын зерттеу – тергеліп отырған бұл кезең тек процессуалдық сипаттағы сұрақтарды шешу, күдіктінің әрекетін қылмыстық-құқықтық саралау және кейінгі соттық жазалауды жекелеумен ғана емес, сонымен қатар, бұл әрекеттер құрылған болжаулардың жылжуына маңызды ықпал етуімен және тергеу әрекеттерінің тактикалық тәсілдерін таңдап алумен де тығыз байланысты. Кінәнің түрі мен түрткісін анықтау – тергеудің

бұл кезеңіндегі маңызды бөлімі. Қылмыс жасауда нақты бір кінә түрі мен белгілі бір ниеттің болуын міндетті түрде дәлелдеу қажет. Келесідей мән-жайлар анықталуы тиіс: Жәбірленушінің өлер алдындағы және қылмыс жасалу кезіндегі жүріс-түрісі мен мінез-құлқы (жәбірленуші жағынан балағаттаудың, бопсалаудың, арандатудың және т.б. болу, болмауы). Тергеушінің қорытынды кезеңіндегі басты мәселе қылмыстық істі кейінгі сот-тергеуіне жіберуге байланысты негізді, әрі дұрыс шешім қабылдау болып табылады. Бұл шешімді қабылдау алдын-ала дайындық жұмыстарын қажет етеді.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1-15, 18,22,28,3,40,44.

**Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі.**

**Семинар - 1 сағат.**

Семинар сұрақтары:

1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудің жалпы сипаттамасы.
2. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында бірінші кезекте және кейін жүргізілетін тергеу әрекеттері.
3. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында тағайындалатын сараптамалардың түрлері.

Өткізу нысаны: ауызша жауап.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

**Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі.**

**КОӨЖ(аудиторн.) – 1сағат**

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Қарап-тексерудің жалпы қағидалары?
2. Қарап-тексерудің мағынасы?
3. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде куәгер ретінде кімді қатыстыруға болады?
4. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде куәгерлер қандай рөлді атқарады ?
5. Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасы қандай кезеңдерден тұрады?
6. Қандай мақсатпен оқиға болған жерді қарап-тексеру жүргізіледі?

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1-15, 18,22,28,3,40,44.

Әдістемелік ұсыным:

Курсанттар тақырып бойынша оқытушының ұсынысымен өзектілігі мен маңыздылығын, даулар мен дау-дамай мәселелерін, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес шешу жолдарын және шешімдерін зерттейді. Оқытушының ұсынысы бойынша курсант мұрағаттағы қылмыстық іс материалдарымен, статистиканы, анықтамаларды, есептерді, мақалаларды және басқа көздерді оқи алады. Осы материалдың үлгісіне негізделі отырып, курсант баяндамаға, реферат, мақалаға және т.б. баяндамалар, рефераттар жасайды.

### **Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі.**

Тәжірибелік -1 сағат.(1)

Жаттығу.

2017жылы 01 қаңтар сағат 16.00 шамасында Энск қ. Магнитогорская 14 үй мекен жайында тұратын К.Н.Антонов өзімен бірге тұратын О.Л.Паршинамен жанжал болад. Жанжал барысында К.Н. Антоновта қасақана дене жарақатын келтіру туралы ойы туды, сол ойын жүзеге асыру мақсатында сапсыз пышақты қолына алып О.Л.Паршинаның мойнына және арқасына кесілген жарақат келтірген, соның салдарынан ол оқиға орнында қайтыс болған. Сот-медициналық сараптама 2016 ж.11.01. № 124 қортындысына байланысты «О.Л.Паршинаның қайтыс болу себебі кеудісінің сол жақ өкпесіне артқы жағынан келтірген жарақат салдарынан ішкі-сыртқа қан кетуіне байланысты »

Тергеуші оқиға орнына шығып Энск қ. Магнитогорская 14 үй мекен жайында орналасқан бір қабатты панелді үйге қарап тексеру жүргізуге кірісті,

#### **Тапсырма:**

- 1.Ұсынылған фабулаға қылмыстық-процестік баға беріндер.
  - 2.Осы жағдайға байланысты қарап-тексеруге міндетті түрде қатысатын қатысушы тұлғалардың шеңберін анықтандар.
  - 3.Тергеуші қарап-тексеру өткізу барысында қандай нормативтік-құқықтық актілермен басшылық ету керек?
  - 4.Тергеуші қарап-тексеру өткізу барысында қайсыған көңіл аудару керек?
  - 5.Алынған ақпаратты есепке ала отырып оқиға орнын қарап-тексерудің процестік тәртібі және жаттаманың құрылымын анықтандар.
  - 6.Қарап-тексеру хаттамасының сипаттама бөлігін құрастырындар.
- Ұсынылған әдебиеттер тізімі:  
1-15, 18,22,28,3,40,44.

### **Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі.**

КӨЖ – 2 сағат.

Тақырып бойынша рефераттарды қорғау.

1. Аса қатыгездікпен жасалынған адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру ерекшеліктері.

2. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі қылмысын тергеп-тексеру ерекшеліктері.

3. Қазақстан Республикасында және шетел мемлекеттерінде адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру айырмашылықтары.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1-15, 18,22,28,3,40,44.

**Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі.**

КОӨЖ( аудиториялық емес.)–1  
сағат.

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Адам өлтіру қылмыстарының түрлері.  
2. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында бірінші кезекте жүргізілетін тергеу әрекеттері.

3. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында күдіктіні анықтап ұстауға бағытталған тергеушінің әрекеттері.

4. Тергеушінің адам өлтіру қылмыстарын ашу мақсатында ПО-ң басқа да бөлімдерімен байланысы.

5. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында тағайындалатын сараптамалардың түрлері.

6. Күдіктіден жауап алу ерекшеліктері.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

Әдістемелік ұсыным:

Курсанттар тақырып бойынша оқытушының ұсынысымен өзектілігі мен маңыздылығын, даулар мен дау-дамай мәселелерін, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес шешу жолдарын және шешімдерін зерттейді. Оқытушының ұсынысы бойынша курсант мұрағаттағы қылмыстық іс материалдарымен, статистиканы, анықтамаларды, есептерді, мақалаларды және басқа көздерді оқи алады. Осы материалдың үлгісіне негізделе отырып, курсант баяндамаға, реферат, мақалаға және т.б. баяндамалар, рефераттар жасайды.

**Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі.**

Тәжірибелік -1 сағат.(2)

Жаттығу.



2017жылы 01 қаңтар сағат 16.00 шамасында Энск қ. Магнитогорская 14 үй мекен жайында тұратын К.Н.Антонов өзімен бірге тұратын О.Л.Паршинамен жанжал болад. Жанжал барысында К.Н. Антоновта қасақана дене жарақатын келтіру туралы ойы туды, сол ойын жүзеге асыру мақсатында сапсыз пышақты қолына алып О.Л.Паршинаның мойнына және арқасына кесілген жарақат келтірген, соның салдарынан ол оқиға орнында қайтыс болған. Сот-медициналық сараптама 2016 ж.11.01. № 124 қортындысына байланысты «О.Л.Паршинаның қайтыс болу себебі кеудісінің сол жақ өкпесіне артқы жағынан келтірген жарақат салдарынан ішкі-сыртқа қан кетуіне байланысты»

Тергеуші оқиға орнына шығып Энск қ. Магнитогорская 14 үй мекен жайында орналасқан бір қабатты панелді үйге қарап тексеру жүргізуге кірісті.

Тапсырма:

1. Күдіктіден жауап алу хаттамасын құрастыру.
2. Күдіктіден жауап алу тергеу әрекетіне еліктеу жүргізу.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:  
1-15, 18,22,28,3,40,44.

**Тақырып № 1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі процестік құжаттардың жалпы мінездемесі.**

КӨЖ–3 сағат

Тапсырма №1:

**РЕФЕРАТТАРДЫ ҚОРҒАУ ТАҚЫРЫБЫ:**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысушылардың құқығы немесе міндеттері өзара әрекеттесу?
2. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстармен күресудегі құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесуі.
3. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды тергеп-тексеру барысында алдын ала тергеу органдарының әртүрлі ведомствалармен тергеу және сот практикасы ұйымдастыру және жүзеге асыру өзара іс-қимылдары

**Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі**

КОӨЖ (аудиториялық емес)– 1 сағат

**Өзіндік бақылау сұрақтары:**

1. Жауап алудың түрлері жалпы тәртібі және түсінігі.
2. Жәбірленушіден және куәлардан . (шиеленісті емес жағдайда жауап алу ).жауап алу тактикасы.
3. Күдіктіден және айыпкерден (шиеленісті жағдайда жауап алу ).жауап алу тактикасы.
4. Жауап алу нәтижелерін бекіту.

Әдістемелік нұсқау:

Негізгі әдебиеттерді оқу.

1. Қосымша әдебиеттермен танысу.

2. Дәріс сұрақтарын, нормативтік актілердің негізгі ережелерін конспектілеу және т.б.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

Әдістемелік ұсыным:

Курсанттар тақырып бойынша оқытушының ұсынысымен өзектілігі мен маңыздылығын, даулар мен дау-дамай мәселелерін, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес шешу жолдарын және шешімдерін зерттейді. Оқытушының ұсынысы бойынша курсант мұрағаттағы қылмыстық іс материалдарымен, статистиканы, анықтамаларды, есептерді, мақалаларды және басқа көздерді оқи алады. Осы материалдың үлгісіне негізделе отырып, курсант баяндамаға, реферат, мақалаға және т.б. баяндамалар, рефераттар жасайды.

### **Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі**

Тәжірибелік - 1 сағат

Жаттығу:

2017жылы 01 қаңтар сағат 16.00 шамасында Энск қ. Магнитогорская 14 үй мекен жайында тұратын К.Н.Антонов өзімен бірге тұратын О.Л.Паршинамен жанжал болад. Жанжал барысында К.Н. Антоновта қасақана дене жарақатын келтіру туралы ойы туды, сол ойын жүзеге асыру мақсатында сапсыз пышақты қолына алып О.Л.Паршинаның мойнына және арқасына кесілген жарақат келтірген, соның салдарынан ол оқиға орнында қайтыс болған. Сот-медициналық сараптама 2016 ж.11.01. № 124 қортындысына байланысты «О.Л.Паршинаның қайтыс болу себебі кеудісінің сол жақ өкпесіне артқы жағынан келтірген жарақат салдарынан ішкі-сыртқа қан кетуіне байланысты»

Тергеуші оқиға орнына шығып Энск қ. Магнитогорская 14 үй мекен жайында орналасқан бір қабатты панелді үйге қарап тексеру жүргізуге кірісті.

Қылмыстық іс барысында Энск қ. Магнитогорская 14 үй мекен жайына қарап-тексеру хатамасында алынған заттар көрсетілген:

-пышақтың жүзі, қызыл-қара тектес дақтармен (Пакет №12)

-екі мақта (туалет қағазының фрагменті) қызыл-қара тектес дақтармен (Пакет № 7);

-кухнядағы полдын үстінен (Пакет №1) және үй пешінен (Пакет №8) қызыл-қара тектес дақтар сұйықтары алынды.

Күдікті К.Н.Антоновтан қан және сілекей үлгілері алынды.

Сонымен қатар К.Н.Антоновтың киімдері алынды. (қара-сұр түсті тоқылған кофта; қара түсті трико, қылыл түсті майка; қара түсті пима).

### **Тапсырма:**

1.Осы ұсынылған фабулаға байланысты қылмыстық-процестік баға беріндер.

2.Тергеушінің тергеп-тексеру алгоритімінің әрекетін көрсетіндер.

3.Тергеуші сот-медициналық сараптама тағайындау кезінде қандай нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады?

4.Бар ақпаратты есепке ала отырып қайтыс болған О.Л.Паршинаға қатысты негізгі сұрақтарды анықтау мақсатында сот-медициналық сараптама тағайындау:

-О.Л.Паршинаның қайтыс болу себебі қандай;

- О.Л.Паршинаның денесінде, қандай да бір дене жарақаттары бар ма;

-болған жағдайда, келтірілген дене жарақатынын ауырлығы қандай, олардын пайда болу уақыты мен механизімі;

4. Сонымен қатар бар ақпаратқа сүйене отырып қайтыс болған О.Л.Паршинадан киіп жүрген алынған киімдеріне (куртка – ветровка, спортивная, қара түсті; носки, қызыл түсті; трико, көк түсті; кофта, с коротким, синего цвета; кофта с длинным рукавом, образец крови, ногтевые срезы с обеих рук в количестве 2 пакетов, образцы волос пяти областей в количестве 5 пакетов.), сот-биологиялық сараптама тағайындау үшін.

### **Тақырып № 1. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексерудегі тергеушінің қызметі**

КӨЖ– 2сағат

Тақырыптар бойынша реферат қорғау:

1. Сараптама қортындысы- жеке маманның немесе ұжымның еңбегі?

2. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде жиналған объектілерді зерттеудің жаңа әдістемесі.

3. Қорғаушы кімнің мүдесін қорғауды: клиенттінің немесе соттық құқық?

### **Тақырып.№ 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

Дәріс - 1 сағат

**Сабақтың мақсаты:** заңдарды қорғауды ұғындыру, дәлелдемелермен жұмыс істеуде басқада нормативтік актілерді және заңдарды қолдануды үйретуге қалыптастыру, білікті және дұрыс бекіту, тиісті процестік құжаттарды құрастыру, тергеулік қарап-тексеру жүргізуге кәсіби қалыптастыру.

### **Сұрақтар:**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы мінездемесі.

2. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерін өткізу ерекшеліктері.

Дәріс тезисі:

Негізгі маңызды элементтері жағдайды болып денсаулығына зиян келтіру болып табылады қылмыс жасау орны мен уақыты. Көп жағдайда қылмыскерлер уақыты мен орнын таңдайды, алдын-ала зерттейді, жәбірленушінің денсаулығына қасақана зиян келтіру қылмыстары әрекет жасауға кенеттен пайда болады. Абайсызда денсаулыққа зиян келтіру жағдайында жасаған кезде дайындық іс-әрекеттер қылмыс белгілері жоқ (мысалы, бір заттың қандай да бар болуы, қылмыс жасау құралы пайдаланылған ретінде болуы, оның бұл жерде болуы тиіс), сондай-ақ іс бойынша қылмысын жасыру. Зерттеу барысында анықталды, денсаулыққа зиян келтіруді жасайтын орындар пәтер болуы мүмкін, онда жәбірленуші мен күдікті бірге тұруы, жәбірленушінің және күдіктінің немесе олардың таныстарының пәтері болуы мүмкін. Басқа жағдайларда қылмыстар қоғамдық орындарда, көшелерде жасалынады. Абайсыздық қылмыс жасауға итермелеген қандайда бір қауіпті факторлардың жасаған жағдайдың абайсызда денсаулыққа зиян келтіру қасақана-айырмашылығы- болуы тән. Дәлелдеу барысында абайсыздан кінә болуы тиіс, сондықтан мән-жайларды анықтауға көңіл бөлу керек, өйткені қате шешім және жағымсыз нәтижесінің басталуына әкелуі мүмкін. Қылмыс жасайтын уақыт сағат 18-ден 24 сағатқа дейін, түнде (сағат 24 сағат 6 –ға дейін).

Қылмыстық оқиғаларға қатысушылардың болуы кінәлі адамның белгілі бір өмір салтын жүргізуі, адамның қоғамға қарсы мінез-құлқы, (ішімдікті шамадан тыс пайдалану, жұмыстың жоқтығы, тұрғын үй болмауы және т. б.) жасалынатын қылмыстар ортағада тікелей байланысы бар. Мас күйінде осындай қылмыстарды жасауға ықпал етеді. Қылмыстық іс материалдарын жинақтауда көрсеткендей, денсаулыққа зиян келтірудің себептері жан-жалдың, араларында келіспеушіліктің, төбелестің болуы немесе аталған қылмыстардың ішінде, қылмыс жасауға басқа да негіздер болуы мүмкін (коммерциялық қызмет жүзеге асыруға байланысты) қылмыскерлердің санына байланысты. Сирек себептер ретінде қызғаныш, кек, нәсілдік, ұлттық немесе діни өшпенділік болуы мүмкін.

Әрбір оныншы жағдайда бұзақылық ниеттің атап өтілді Денсаулыққа зиян келтіру тәсілдері әртүрлігімен ерекшеленбейді.

Бірдей сандық қатынаста қолданылатын зерттелген істер, олар екі үлкен топқа бөлінеді:

1) қандайда бір заттарды және қарауды қолдану арқылы денсаулыққа зиян келтіру, оның ішінде пышақ, шынының сынықтары, әртүрлі керек өткір емес заттар (балға, ломдар, ағаштар, бейсбольные биты, шынжыр, кастеттер, дубинкалар, белбеу және т. б.), балталар және 5,3 % істе атыс қаруы;

2) жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру қаруларды қолданбай ақ келтіруге болад-онда аяқ қолмен ұру, жоғарыдан итеріп жіберу, жүріп келе жатқан көлікке итеріп жіберуде қылмыскердің күші қолданад. Оқиға орнында сонымен қатар жәбірленушінің денесінде және киіміндегі іздер бойынша денсаулығына келтірген зиянды анықтауға мүмкіндік беред. Қарастырылып отырған санаттағы қылмыстық істер бойынша бөлуге болад: қылмыс құралының іздері, (жарақат жасауға қолданылған атыс қаруы, өткір емес заттар, өткір заттар); қылмыс құралының іздері, жәбірленушінің іс әрекетінің іздері, қылмыскердің басқада іс әрекетінің іздері (қол және аяқ киім іздері, қаң іздері). Қылмыскердің аяқ киімінде және жәбірленушінің денесінде және киімдерінде іздердің болуы, жыртылған киімдер, ішкі органдардың шығып кетуі және терілердің жыртылуы, сүйектердің сынуы, жарылған жара, шабылған, кесілген тән болып табылады. Іздері маңызды тобының ісі қаралатын санаты – микроіздері (микробөлшектер, микрообъекты) , өкінішке орай, сирек – барлығы 3,2 %. Денсаулыққа зиян келтіру ниетіне тұжырым жасауға болад, қылмыс қаруын пайдаланылатын орналасу сипатын қарастыруға болад. Санаттағы істерге талдау бойынша қылмыскерлердің және жәбірленушілердің мінез-құлқы, өмір сүру салты, дүниетанымы бір-біріне сәйкес келеді. Олардың көпшілігі жоғары емес орта білім деңгейінде болды. Төмен мәдени дамуымен ерекшеленеді. Жұмыс істеуге мамандықтары болғанымен, көпшілігі жұмыс істемей, ішімдікке салынып кеткен.

Қылмыстық құқық бұзушылық болған жер туралы сұрақ ерекше маңызы болады, себебі бұл арқылы күдікті және жәбірленуші тұлғасын анықтау, қылмыстық құқық бұзушылықтың әдісі мен ізін анықтауға болады. Бұлар, өзара байланысқан элементтер. Қылмыстық құқық бұзушылық болған жері бойынша статистикалық мәліметтер келесідей: адам өлтірудің 64 пайызы үйлерде, пәтерлерде және саты аландарында болады; 18,5 пайызы қала, поселке, ауыл көшелерінде; 7,6 пайызы өндірісте, цехта, зауыт аумуғында; 1,2 пайызы мәдениет үйлерде, интернаттарда; 1,9 пайызы спирттік ішімдерді сату орындарында ( магазин, кафе, сырахана және т.б.); 6,6 пайызы жолдарда, қалалық көліктерде (автобус, траллейбус, трамвай, такси).

Қылмыстық құқық бұзушылық жасау ниеттері келесідей: өш алу; өзіне ұнамайтын адамнан құтылу; құпиясы ашылып қалады деп қорқу; жасалған қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру немесе қылмыс жасауды оңайлату үшін; қызғаныш; мас болып төбелесу және т.б. Зерттеу анықтағандай белгілі бір криминалистикалық маңызы арасындағы байланысты жасына және ерекшеліктеріне тәсіліне денсаулығына зиян келтіру, жыныстық тиістілігіне және қылмыс тәсілі, жасына және қылмыстың себептері. Олардың көпшілігі психикалық ауытқулардың түрлі сипаттағы болуы, жалпы қоғамдық қатынастар және қалыпты отбасылық маңыздылығы, көрсетілген әрекеттер жасайтын қылмыскердің құнсыздануы анықталды. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-

тексеру барысында, сонымен қатар басқада қылмыс түрлерін тескеру барысындада тергеу болжамдарын ұсыну және тексеруде маңызы зор. Іс бойынша шындықты анықтау үшін қандай тергеу әрекеттерін жүргізу қажет екенін, тергеп-тексеру барысындағы ұсынылған тергеу болжамдар көрсетед. Тергеуші білуі тиіс, оның тергеу болжамы, қандай құрайтын оның компоненттері ретінде құрылады және тексеріледі. Заң әдебиеттерінде оның көптеген түсініктері көрсетілген. Осы ғылыми мәселе, негізгі тәсілдерді бірнешеге бөлуге болады, кейде өте елеулі , айырмашылықтарға қарамастан. Оның жекелеген элементтері немесе әлі белгіленге қылмыс оқиғалары тұтастай, тергеушінің негізгі болжамына қатысты, елеулі бөлігін ғалымдар анықтайды.

Мұнда ең тән анықтамаларға осы топ:

" Тергеушінің нысанында болжамдар негізделген нақты деректер оқиға туралы қылмыс және оның жекелеген мән-жайлар тергеу нұсқасы ретінде сипаттауға болады ". Екінші, қылмыс немесе оның жекелеген мән-жайлар, олардың негізінде жатқан ұғым нұсқасының бірі ретінде ықтимал түсініктемелер әлі белгіленбеген оқиғалар, сондай-ақ өте көптеген ғалымдар тобы айқындауды ұсынады.

Ұсынылады, бұл екі топ анықтамалар өзінің мазмұны жекелеген түрлерін дұрыс ережелері, дегенмен, өйткені бір-бірінен екі негізгі функциялары нұсқасы - анықтау және мүмкіндігінше түсініктеме. Іс бойынша анықталған фактілері бойынша, түсініктеме толық емес, дұрыс емес, тергеу және сот тәжірибесі қортынды жасауға, болжам бойынша белгісіз анықтауға мүмкіндік береді. Әрине, бір ғана аталған абсолютизациялық, болжамдардың эвристикалық құралы ретінде.

Түсініктеме арқылы белгілі болжамды және бір мезгілде мүмкіндігінше орнату әлі белгісіз мән-жайлар құрайды, өмір заңдылығы тараптар болжамдық әдісі, оның негізін іздеу және зерттеу, алдын ала айту және тарихшылар мүмкіндіктер.

## **Тақырып.№ 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

Семинар сабағы -1 сағат

Жедел-сұрау сұрақтары

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы мінездемесі.

2. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерін өткізу ерекшеліктері.

3. Осы қылмысқа қатысты тергеп-тексерудің әртүрлі тергеу әрекеттерін жоспарлау.

4. Жекелеген тергеу әрекеттерін өткізу тактикалық ерекшеліктері.

Ұсынылған әдебиеттер

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

**Тақырып.№ 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

КОӨЖ (аудиторн.) – 1сағат

**Өзіндік бақылау сұрақтары:**

1. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарына байланысты қылмыстық істерді тергеп-тексеру кезінде қарап-тексеру түрлері жалпы тәртібі және түсінігі.

2. Денсаулыққа қасақана зиян келтіруге байланысты қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысында (жанжалсыз жағдайда жауап алу), жәбірленушілерден және куәлардан.

3. Денсаулыққа қасақана зиян келтіруге байланысты қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысында (жанжал жағдайда жауап алу) күдіктіден жауап алу тактикасы.

4.Қарап-тексеру барысын және нәтижесін бекіту.

Әдістемелік ұсынымдар:

Негізгі әдебиеттерді оқу.

1. Қосымша әдебиеттермен танысу.

2. Дәріс сұрақтарын, нормативтік актілердің негізгі ережелерін конспектілеу және т.б.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

Әдістемелік ұсыным:

Курсанттар тақырып бойынша оқытушының ұсынысымен өзектілігі мен маңыздылығын, даулар мен дау-дамай мәселелерін, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес шешу жолдарын және шешімдерін зерттейді. Оқытушының ұсынысы бойынша курсант мұрағаттағы қылмыстық іс материалдарымен, статистиканы, анықтамаларды, есептерді, мақалаларды және басқа көздерді оқи алады. Осы материалдың үлгісіне негізделе отырып, курсант баяндамаға, реферат, мақалаға және т.б. баяндамалар, рефераттар жасайды.

**Тақырып.№ 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

Тәжірибелік - 1 сағат

Жаттығу:

*Кіріспе:* 09.05.2017 жылы Қарағанды қ. ІІБ кезекші бөліміне азамат М.А.Құсайыновтан телефондық хабарлама түскен, онда ол Қарағанды қаласының Ермекова көшесіндегі №40 үйде орналасқан № 45 пәтерде танысы Н.Н.Мұсақұловпен жеңіс күнін тойлап спирттік ішімдік ішу барысында

сөзбен келіспей қалған. Соның салдарынан Н.Н.Мұсақұлов М.А.Құсайыновты соққыға салып, ұрып-соғып дене жарақатын келтірген.

**Тапсырма:**

1. Ұсынылған фабулаға қылмыстық-процестік баға беріндер.
2. Жедел-тергеу тобының құрамын анықтандар.
3. Алынған ақпаратты есепке ала отырып, қарап-тексеру жүргізуді өткізудің процестік тәртібі және хаттаманың құрылымын анықтау қажет.
4. Оқиға орнын қарап-тексеру хатамасының сипаттау бөлімін құрастырындар. Алынған ақпарат бойынша қарап-тексеру өткізуге електеу өткізіндер.

**Тақырып № 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

КӨЖ–2 сағат

Тақырып бойынша рефераттарды қорғау.

1. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеру ерекшеліктері.
2. Денсаулыққа қасақана зиян келтірілген қылмыстарды тергеп-тексеру барысында жүргізілетін тергеу әрекеттері.
3. Денсаулыққа қасақана зиян келтірілген қылмыстарды тергеп-тексеруде ауырлығын анықтау.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1-15, 18, 22, 28, 3, 40, 44.

**Тақырып № 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

КОӨЖ (аудиторн. емес)– 1сағат

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарының түрлері.
2. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында бірінші кезекте жүргізілетін тергеу әрекеттері.
3. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында күдіктіні анықтап ұстауға бағытталған тергеушінің әрекеттері.
4. Тергеушінің ПО-ң басқа да бөлімдерімен байланысы.
5. Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында тағайындалатын сараптамалардың түрлері.
6. Жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері.
7. Күдіктіден жауап алу ерекшеліктері.
8. Күдікті мен жәбірленушінің арасында беттестіру тергеу әрекетін жүргізу тәртібі.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

Әдістемелік ұсыным:



Курсанттар тақырып бойынша оқытушының ұсынысымен өзектілігі мен маңыздылығын, даулар мен дау-дамай мәселелерін, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес шешу жолдарын және шешімдерін зерттейді. Оқытушының ұсынысы бойынша курсант мұрағаттағы қылмыстық іс материалдарымен, статистиканы, анықтамаларды, есептерді, мақалаларды және басқа көздерді оқи алады. Осы материалдың үлгісіне негізделе отырып, курсант баяндамаға, реферат, мақалаға және т.б. баяндамалар, рефераттар жасайды.

**Тақырып № 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

Тәжірибелік - 1 сағат

Жаттығу:

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында кафе «Измаилдегі» бұзақылық бойынша қылмыс орнында Е.Н.Махрапов және Е.Н.Енуков ұсталынды, олардан жауап алу барысында, төбелес болғандығы туралы мойындады, бірақ төбелесті бастаушы болып қорғануға құқығы бар куә ретінде жауап берген П.Р.Смирнов анықталды. Ол төбелексе қатыстығы жоқ екенін мойындамай, өйткені ол кафеде болған кезде төбелестін болмағаны, ол өзінің әйелімен үйіне қайтып кеткен.

Тапсырма:

1. Болған жағдайға құқықтық баға беріндер.
2. Тергеуші осы жағдайда не істеу керек.
3. Тергеушінің іс әрекетінің алгоритімі қандай.
4. Беттестіру өткізу тергеу електеуін өткізіндер және тиісті процестік құжат толтырындар.

**Тақырып № 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

КӨЖ – 3 сағат

Тақырып бойынша рефераттар қорғау

1. Сот шешемі бойынша тергеу әрекеттерінің сот практикасы және тергеу.
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қылмыстық іске қатысушылар шағымдар мен арыздарды қарастыру.

**Тақырып № 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

Тәжірибелік - 1 сағат

Жаттығу:

Бұзақылық қылмыстық іс бойынша «Измаил» кафесіндегі бастапқы тергеу әрекеттерінде анықталған, төбелесм барысында ұсталынған Махрапов Е.Н. және Енуков С.М. ауыр дене жарақатын келтіру мақсатында бас жағы сынған бөтелкені пайдалған.

Қарап-тексеру өткізу барысында оқиға орнына «розочка» арағының үш бөтелкесі алынған; қара-қызыл тексес дақтармен және үш пышақ қара-қызыл тексес дақтармен

Бұзақылық қылмысқа қатыстылығын анықтау мақсатында Махарапова Е.Н., Енукова С.М. және Смирнова П.Р. саусақ іздері, иіс, қан үлгілері алынды.

Тапсырма:

1. Ұсынылған фабулаға байланысты қылмыстық-құқықтық баға беріндер.
2. Тергеуші объектіден иіс іздерін алу қандай түрде өткізіледі; қылмыстық-процестік; тергеу әрекетіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, іздерді алу барысында қандай нормативтік құжатпен реттелінеді.
3. Иіс іздерін алу және салыстыруға ұсыну тәртібі қандай.
4. Объектілердің ұқсастығын және ерекшеліктерін анықтау қандай мақсатында сот сараптамалық өткізіледі:
  - одорологиялық зерттеу қаулысын құрастырындар.
  - дактилоскопиялық зертеу қаулысын құрастырындар.
  - сот-биологиялық сараптаманың қаулысын құрастырындар.

**Тақырып № 2 Денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің ұйымдастырушылық қызметі.**

КӨЖ – 2сағат

Тақырып бойынша реферат қорғау:

1. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды жасауға әсер ететін мән-жайлар.
2. Денсаулыққа ауыр дәрежедегі зиян келтіру қылмыстық істер бойынша сот-тергеу өндірісінде сот сараптамасын тағайындау.

**Тақырып 3. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің процессуалдық қызметі.**

Дәріс – 1сағат

**Сабактың мақсаты:** заңдарды қорғауды ұғындыру, дәлелдемелермен жұмыс істеуде басқада нормативтік актілерді және заңдарды қолдануды үйретуге қалыптастыру, білікті және дұрыс бекіту, тиісті процестік құжаттарды құрастыру, тергеулік қарап-тексеру жүргізуге кәсіби қалыптастыру.

**Сұрақтар**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде зорлаудың жалпы мінездемесі.
2. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеру кезінде тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері.

Дәріс тезісі:

Зорлау-қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстардың ішінді ауыр қылмыстардың бірі болып саналады. ҚР ҚК 10 бабында көрсетілгендей бұл қылмыс орташа ауырлықтағы қылмыс болып саналады, ал зорлауда ҚК 2-тармағында көрсетілгендей-ауыр қылмыс, ҚР ҚК 3-тармағында көрсетілгендей- аса ауыр қылмыс ретінде жаза тағайындалған. Қылмыс объектісі болып әйел адамның жыныстық бостандығы, ал кәмелетке толмағандарды зорлау кезінде кішкентай қыздың жыныстық қол сұғылмаушылығы болып саналады. Бұл жерде жәбірленушінің дене мүшелеріне, ар-ожданына, сондай-ақ кейде материалдық, яғни мүлкіне зиян келтіріледі. Аталмыш қылмысты іске асыру кезінде жәбірленуші болып тек қана әйел табылады. Зорлау кезінде денсаулығына қарсы күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқытудың өзі ерекше орын алады. Заң зорлауды жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып, не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасауы деп анықтама береді. Қылмыстың объективті жағы заңмен көрсетілгендей жәбірленушіге және де басқа да адамдарға жыныстық қатынасқа зорлық көрсету немесе дәрменсіз күйін пайдалану болып табылады. Осыдан аңғаратынымыз, зорлаудың міндетті белгісі болып жыныстық қатынас табылады, яғни әйел мен еркектің шын мәніндегі жыныстық қатынасы. Кінәлі әйелдің еркіне қарсы жыныстық қатынас жасағанда ғана, мұндай әрекет зорлау болып саналады. Зорлау аяқталған қылмыс болып жыныстық қатынасқа түсу мезетінен бастап саналады. Осындай санаттағы қылмыс бойынша дұрыс саралау үшін аяқталған қылмыс және оған оқталуды ажырата білген жөн. Мұндайда, кінәлі жыныстық қатынасқа түсу мақсатында әрекет жасады ма және қолданылған күш осы мақсатқа жету құралы болды ма, тергеуші және сот міне осыларды анықтау керек. Жоғарыдағыдай жағдайлардағы кінәлінің еркіне байланыссыз себептерге сәйкес, аяқталмаған іс-әрекеттері зорлауға оқталу ретінде қарастырылады. Зорлау кезінде әйел мен ер адамның арасындағы жыныстық қатынастың зорлық нәтежиесінде болған болмағаны үлкен рөл атқарылады

ҚК 120 бабының 2-тармағында зорлау біліктілігі деп мыналар саналады:

- Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен жасаса;
- Өлтіремін деп қорқытумен ұштасып, сондай-ақ жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты аса қатігездікпен жасалса;
- Жәбірленушіге сөз ауруын жұқтырып алуына әкеп соқса;

Бірнеше рет немесе бұрын нәпсіқұмарлық сипатындағы зорлау әрекеттерін жасаған адам жасаса. Жәбірленушіге күш көрсету ұрып-соғу, тұншықтыру, байлап тастау нысанында келтіріледі; кейде қылмыскер өзінің

арам ойын құрбан ұзақ арпалыстан кейін шаршап, қарсылық көрсете алмаған кезде іске асырылады. Жәбірленушінің қарсылық көрсетпейтін жағдайлары да болады (мысалы, қылмыскер өлтіремін немесе күш жұмсаймын деп қорқыту арқылы жәбірленушінің зәресін кетіреді, сондай-ақ спирт ішімдіктері және есірткі заттарымен мас қылу арқылы дәрменсіздендіреді).

Зорлау көбіне пәтелерде жасалады; зорлау орындары ретінде сонымен қатар шатыр, подвал, ал ауылдық жерлерде - қора, шаруашылық қосымша құрылыстар, орман іштері жүреді. Аталмыш қылмыстық әрекет көбінесе кешқұрым және мейрам күндерінде іске асырылады.

Зорлау кезінде материалдық іздер көп мөлшерде қалады-жәбірленушінің денесінде, киімінде, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде, сонымен қатар зорлаушының денесі мен киімінде. Жоғарда аталғандармен бірге, әдетте, жәбірленушілер қылмыскер сырт келбетін және оның киімін жеткілікті түрде суреттей алатындай идеалдық іздер де орын алады. Егер зорлау адам жоқ жерде, қараңғы түскенде және күдікті күтпеген жерден шабуыл жасап жансыздандырған жағдайлар осы қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруде ашу кезіндегі бірқатар қиындықтарға әкеп соқтырады.

Күдіктілердің бұрын құрбанымен аз да болса таныс болғандығы тәжірибеде жиі кездеседі, бөтен адамдар тарапынан зорлау мақсатында әйелдерге шабуылдауы сирек көзге түседі. Әдетте, зорлаушылар бұзақылыққа бейім, мінез-құлықтарында арсыздық, ішімірікпеушілік байқалатын және қоғамды сыйламайтын тұлғалар ретінде көрінеді. Жәбірленуші ретінде көбіне мінез-құлықтарындағы ұшқалақтық, жыныстық қатынасқа бірден түседі деген ой туғызатын бейбастақтық элементтері (мысалы, кездейсоқ танысатын, танымайтындардың пәтерлеріне баратын, арақ ішетін және т.б.) бар қыздар немесе әйелдер танылады. Өздерінің аңқаулығымен зорлау құрбаны бола алатын тәжірибесіз жас қыздар - жәбірленушілердің басқа санатына жатады. Топтық деп-жәбірленушіге байланысты адамдардың сөз байланысып жасаған зорлау әрекеттерін айтамыз. Осы жағдайда зорлау жыныстық қатынастарға қатыспаған, бірақ жәбірленушіге қарсы зорлық жасау әрекеттерінде қатысқан адамдар, топтық зорлаудың атқарушылары ретінде біліктеленуі тиіс. Осындай топта атқарушылар қатарында әйелдерде болуы мүмкін.

Зорлау оқиғасы бойынша қылмыстық іс жүргізген кезінде төмендегідей бірқатар мәселелерге назар аударған жөн. Біріншіден, жәбірленуші өзіне қатысты зорлау әрекеті орын алды деп қандай да бір тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту жайлы арыз беріп, кейіннен қандайда бір себептермен өз ниеттерін өзгертуі мүмкін; мұндай жәбірленушілер алдында берген көрсетулерінен бас тартып, ал кейде тергеуге де қарсылық көрсетіп жатады. Сондықтан зорлау туралы арыз алу барысында сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде жәбірленушінің ықыласына қарамастан кейіннен қысқартылмайтындығы жайлы шағым берушілер ескерілуі тиіс. Екіншіден, жәбірленушілер кейде қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы жоқ

әрекеттерді зорлау деп санап, қателеседі (мысалы, зорлау емес азғыру іс-қимылдары орын алғанда). Мұндай жағдайларда қателік жібермеу үшін арыз алар алдында жәбірленушіден тыңғылықты түрде жауап алынып, көрсетулер талдаудан өткізіліп, ал қажет болған кезде тергеуге дейінгі тексерулер жүргізілген жөн. Аталмыш тексеріс мақсаты-жәбірленуші берген арыздағы зорлау оқиғасын дәлелдейтін деректерді жинау. Оларға: арызданушы және күдікті денесіндегі жарақаттар, киімдегі зақымдар мен әртүрлі іздер, жәбірленуші дәрменсіз жағдайға қасақана келтірілгендігін көрсететін дәлелдер және т.б. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін негіздерді анықтаудың тағы бір қажеттілігі зорлау туралы істер бойынша тәжірибеде біреуге жала жабу оқиғалары аз емес (мысалы, үйленуге мәжбүр ету, өз мінез-құлқын туысқандар алдында ақтау, ашыналық байланысты жалғастыруды бас тартқаны үшін кек алу және т.б.).

### **Тақырып 3. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің процессуалдық қызметі.**

семинар -1 сағат

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде зорлаудың жалпы мінездемесі.
2. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеру кезінде тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері.
3. Зорлау қылмысы бойынша оқиға орнын қарап-тексеру ерекшеліктері.
4. Зорлау бойынша қылмыстық істі тергеп-тексеру кезінде қатысушылардан жауап алу ерекшеліктері.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

### **Тақырып 3. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің процессуалдық қызметі.**

КОӨЖ (аудитор емес.) – 1 сағат

Өзіндік бақылау сұрақтары:

1. Жыныстық тиіспеушілігіне қатысты қылмыстардың жалпы мінездемесі.
2. Зорлаудың қылмыстық-құқықтық мінездемесі.

Әдістемелік ұсыным:

Курсанттар тақырып бойынша оқытушының ұсынысымен өзектілігі мен маңыздылығын, даулар мен дау-дамай мәселелерін, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес шешу жолдарын және шешімдерін зерттейді. Оқытушының ұсынысы бойынша курсант мұрағаттағы қылмыстық іс материалдарымен, статистиканы, анықтамаларды, есептерді, мақалаларды және басқа көздерді оқи алады. Осы материалдың үлгісіне негізделе отырып, курсант баяндамаға, реферат, мақалаға және т.б. баяндамалар, рефераттар жасайды.

### Әдістемелік ұсынымдар:

Негізгі әдебиеттерді оқу.

3. Қосымша әдебиеттермен танысу.

4. Дәріс сұрақтарын, нормативтік актілердің негізгі ережелерін конспектілеу және т.б.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

### **Тақырып 3. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің процессуалдық қызметі.**

Тәжірибелік - 1 сағат

Жаттығу:

27.06.2016 жылы 12 сағат 00 минутта Қарағанды қ. ІІБ кезекші бөліміне азамат А.А.Козлова келіп арызданды. А.А.Козлова арызында 26.06.2016 жылы 22 сағат 00 минутта өзінің танысы Ж.К.Сергеевпен Бұхар жырау көшесінде орналасқан «Абзал» сауда үйінің алдында кездескен, жастар күнін тойлау үшін. Кейін екеуі орталық саябаққа барып жазғы «Ефес» кафесінде сыра ішкен. Сыра ішу барысында Ж.К.Сергеев А.А.Козлованы үйіне қонаққа шақырған. Бірақ А.А.Козлова кешікпей үйіне бару керек екенін айтып, шығарып салуын өтінген. Сосын Ж.К.Сергеев А.А.Козлованы шығарып салуға бағыт алып, саябақтың шыға берісінде «Манеж» спорт кешенінің маңындағы ағашта А.А.Козлованы зорлап, күш қолданып жыныстық қатынасқа түскен.

**Тапсырма:**

1. Ұсынылған фабулаға қылмыстық-процестік баға беріндер.

2. Жедел-тергеу тобының құрамын анықтандар.

3. Алынған ақпаратты есепке ала отырып, қарап-тексеру жүргізуді өткізудің процестік тәртібі және хаттаманың құрылымын анықтау қажет.

4. Оқиға орнын қарап-тексеру хатамасының сипаттау бөлімін құрастырындар. Алынған ақпарат бойынша қарап-тексеру өткізуге електеу өткізіндер.

### **Тақырып 3. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің процессуалдық қызметі.**

КӨЖ – 3 сағат

Тақырып бойынша рефератты қорғау:

1. Зорлауды сотқа дейінгі тергеп-тексеру ерекшеліктері.

2. ҚР ҚК 120 бабы бойынша саралаудың даулы сұрақтары.

3. Қорғаушы кімнің мүдесін қорғауды: клиентін немесе әділдікті

### **Тақырып 3. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің процессуалдық қызметі.**

**Өзіндік бақылау сұрақтары:**

Тапсырма №1

Зорлау қылмыстары бойынша қылмыстық іске қатысушылардан жауап алу ерекшеліктері көрсетілген нормативтік әдебиеттерді оқу.

Тапсырма №2

Зорлау ісі бойынша кәмелет жақса толмаған жәбірленушіден жауап алу електеуін өткізіндер.

Қатысушылардың шенберін анықтандар және олардың құқықтық жағдайын.

Әдістемелік ұсыным:

Курсанттар тақырып бойынша оқытушының ұсынысымен өзектілігі мен маңыздылығын, даулар мен дау-дамай мәселелерін, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес шешу жолдарын және шешімдерін зерттейді. Оқытушының ұсынысы бойынша курсант мұрағаттағы қылмыстық іс материалдарымен, статистиканы, анықтамаларды, есептерді, мақалаларды және басқа көздерді оқи алады. Осы материалдың үлгісіне негізделе отырып, курсант баяндамаға, реферат, мақалаға және т.б. баяндамалар, рефераттар жасайды.

Әдістемелік ұсынымдар:

Негізгі әдебиеттерді оқу.

5. Қосымша әдебиеттермен танысу.

6. Дәріс сұрақтарын, нормативтік актілердің негізгі ережелерін конспектілеу және т.б.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

**Тақырып 3. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің процессуалдық қызметі.**

Тәжірибелік - 1 сағат

Жаттығу:

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Ж.К.Сергеев жеткізілді, полиция қызметкерлері онымен ауызша әңгімелесу барысында күш қолдану арқылы жыныстық қатынасқа түспегені мойындамай, ешқандай қысымсыз, ерікті түрде болғанын айтты.

Бірақ, сот-медициналық сараптама қортындысына сәйкес А.О.Серовода өткір емес затпен келтірілген дене жарақаттары табылған, соған байланысты қысқа мерзімді 3-жұмалық ЖЕҢІЛ дәрежеде дене жарақатын келтірген.

Оқиға орнын қарап-тексеру барысында 2 мүше қап табылды, ішінде кара-қоныр ақтүсті дақтармен бірге.

### **Тапсырма:**

1. Ұсынылған фабулаға байланысты қылмыстық-процестік баға беріндер  
2. Болған жағдайға байланысты тергеушінің іс-әрекет алгоритімін көрсетіндер.

3. Күдікті Ж.К.Сергеевтен фабулаға байланысты және сот-медициналық сараптама қортындысын есепке алып жауап алу електеуін өткізіндер.

4. Ж.К.Сергеевтің қатыстылығын немесе қатысты емесін анықтау мақсатында қандай сараптамалар тағайындау қажет.

5. Сот-медициналық сараптама тағайындау үшін тиісті қаулыны шығарындар.

### **Тақырып 3. Зорлау қылмыстарын тергеп-тексеруде тергеушінің процессуалдық қызметі.**

КӨЖ – 4 сағат

Тақырып бойынша реферат қорғау:

1. Қылмыс жасаған күдіктілерді ұстап алу, олардың заңды мүделерін және құқықтарын қамтамасыз ету.

2. Қылмыс куәсі болған мылқаулар-дәлелдемелік заттар.

3. Жыныстық тиіспеушілігіне қатысты тергеп-тексеру барысында жиналған, объектілерді зерттеудің жаңа әдісі.

4. Қорғану жағынан куәгерлер және айыптау жағынан куәгерлердің бәсекелесу мүдделері.

### **Тақырып 4. Бұзақылықты тергеп-тексеру ерекшеліктері**

Дәріс - 1 сағат

**Сабақтың мақсаты:** заңдарды қорғауды ұғындыру, дәлелдемелермен жұмыс істеуде басқада нормативтік актілерді және заңдарды қолдануды үйретуге қалыптастыру, білікті және дұрыс бекіту, тиісті процестік құжаттарды құрастыру, тергеулік қарап-тексеру жүргізуге кәсіби қалыптастыру.

Сұрақтар:

1. Бұзақылықты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы мінездемесі.

2. Бұзақылықты тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерінің өндірісі.

Дәріс тезисі:

Қазақстанды демократиялық құқықтық мемлекет ретінде жариялаумен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және қорғау мәселесі ерекше маңызға ие болды. Қоғамдық бейбітшілікті, әсіресе қоғамдық тәртіпті өрескел бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің мазмұнын анықтайтын қылмыстық-құқықтық қорғауға бағытталған шаралар арасында ерекше орын алады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабында көрсетілген қылмыс құрамы соңғы жылдары бірқатар елеулі өзгерістер орын алды. Осы



қылмыстың объективті жағынан міндетті компоненттері танылды: зорлық-зомбылықты немесе оны жүзеге асыру қаупін; бұзу немесе бұзу үдерісінде басқа біреудің мүлкіне зақым келтіру. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабында көрсетілген қылмыс құрамының Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумының қаулысында көрсетілмеген бірқатар бағалау белгілері бар.

Белгілі болғандай, бұзақылықтың саралау түрлері өзгерді. Оның ішінде ҚР 293 бабы 2 бөліміде, бұзақылықты топпен жасаған құрамы. Бұған қоса, бұзақылықтың саралау арасында қоғамды өрескел бұзу сияқты жағдай арсыздықпен ерекшелінетін әдепсіз әрекеттер жасаумен. Қазақстан Республикасы 293 бабы 3 бөлімінде көрсетілген бұзақылық ерешке сараланған, онда суық қаруды не денсаулыққа зиян келтіру өзге де үшін арнайы лайықталған басқа да заттарды қолдану.

Жоғарыда аталған жағдайлармен қатар жақында қоғамдық тәртіпті бұзу әрекеттерінің айтарлықтай ұлғаюы болды. Бұзақылық динамикасының мұндай өзгеруі, бірінші кезекте, қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайдағы теріс өзгерістердің нәтижесі болып табылады, бұл қоғамдық тәртіпті өрескел бұзу фактілерінің өсуіне әкеліп соқтырды.

Осы факторларға қарамастан, соңғы жылдары заңды әдебиеттерінде бұзақылыққа қарсы күрес мәселесі жеткілікті түрде көрсетілмеген.

Осы проблемаға арналған еңбектердің көпшілігі осы ғасырдың 70-жылдарының басында ортасы - 60-шы жылдарға жатады. Бұл тандалған тақырып өте маңызды дегенді білдіреді. Бұл тандалған тақырып өте маңызды дегенді білдіреді.

Көрсетілген мән-жайларға байланысты қылмыстың барлық заңдылық белгілерін егжей-тегжейлі талдау қажеттілігін көздейді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабына сәйкес, оны заңнамалық түрде айқындауға өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, бұзақылыққа жол бермейтін себептер мен жағдайларды зерделеу, осы негізде бүгінгі күннің жағдайында қоғамдық тәртіпті өрескел бұзуға қарсы күрестің бірқатар шараларын әзірлеу маңызды.

Әр жылдарда бұзақылық бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту сұрақтары туралы арнайы жұмыстар атқарды Е.А Андрусенко, С.В. Векленко, А.В. Вдовин, В.П. Власов, Ф.Я. Гальченко, П.И. Гришаев, М.Д. Давитадзе, И.Н. Даньшин, Н.Г. Иванов, В.Ф. Кириченко, И.Я. Козаченко, Е.К. Коржуев, Ю.А. Красиков, В.А. Кузнецов, Н.Т. Куц, А.Ф. Лубшев, П.С. Матышевский, А.М. Нигай, Е.А. Фролов, О.Ф. Шишов, С.С. Яценко и другие авторы.

Өздерінің еңбектерінде олар осы қылмыстың көптеген аспектілерін түрлі көзқарастардан зерттеп, бұзақылық қылмыстық әрекеттерін толық және жан-жақты зерттеуге негіз қалады. Сонымен бірге, бұзақылық пен оның білікті түрлерінің негізгі құрамын анықтаудағы заңнамалық өзгерістерді ескере отырып, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген қылмыстың бірқатар саралауды түсінуге жаңа тәсілдердің пайда болуымен психологиялық сипаттағы және бұзақылықтың әлеуметтік негіздерін түсінуге байланысты көптеген мәселелер

шешілмей қалды. Осы уақытқа дейін диссертациялық деңгейде ҚР ҚК 293 бабында көрсетілген қылмыс құрамының жаңа новеллаға терең талдауға арналған зерттеулер жоқ

Бүгінгі таңда, ҚР ҚК 293 бабында бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу деп көрсетілген.

Заңда бұзақылықты айқындаудың негізі - қол сұғушылық объектісін және іс-әрекет бағытын сипаттайтын белгілер. Солар бұзақылықтың қоғамдық қауіптілігі мен ерекшелігін көрсетеді

Сонымен бірге, бұзақылықтың заңнамалық анықтамасы осы қылмыстың барлық қажетті элементтерін толығымен анықтайды.

Бұл қылмыстың қоғам алдындағы қаупі, бірінші кезекте, қоғамдық тәртіпті бұзуға, азаматтардың бейбітшілік пен тыныштыққа, жалпы қабылданған мінез-құлық ережесіне, адамгершілік пен моральға.

Оның мазмұнында бұзақылық екі белгілердің болуымен сипатталады: қоғамдық тәртіпті құрметтемеу және қоғамды айқын сыйламау.

Көрсетілген белгілердің біреуі ҚР ҚК 293 бабы бойынша саралауға мүмкіндік беред.

#### **Тақырып 4. Бұзақылықты тергеп-тексеру ерекшеліктері**

Семинар-1 сағат

Жедел-сұрау:

1. Бұзақылықты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы мінездемесі.
2. Бұзақылықты тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерінің өндірісі
3. Бұзақылық қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру кезінде дәлелдеуге жататын мән-жайлар.
4. Бұзақылық істер бойынша оқиға орнын қарап-тексеру ерекшеліктері.
5. Бұзақылық іске қатысушылардан жауап өндірісінің ерекшеліктері.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

#### **Тақырып 4. Бұзақылықты тергеп-тексеру ерекшеліктері**

КОӨЖ (аудиторн.) – 1 сағат

Тапсырма:

2018 жылы 01 қыркүйекте сағат 08.30 шамасында Қарағанды қ. ІІБ кезекші бөліміне С.К.Макишевтан телефон қонырауы түсті, онда 01.09.2018 жылы сағат 03.03. шамасында Қарағанды қ. Аманжолов көшесінде орналасқан «Арзу» мейрамханасында белгісіз тұлғалар қоғамдық тәртіпті бұзып, аз.С.К.Макишевқа дене жарақатын келтірген, соның салдарына оған денсаулығына маңызды зиян келтірген. Сонымен қатар С.К.Макишев оқиға орнына қылмыскерлер қашыпкеткенен кейін, қылмыскерлердің іздерін

сақтау мақсатында, мейрамхана ішіне өзіде және басқаларды кіргізбеген. Қарағанды қ. ПБ кезекшісі жедел-тергеу тобын жоғарыда көрсетілген мекен жайға жіберді.

1. С.К.Макишевтің іс әрекеті заң табалына сай ма?

2. Оқиға орнын қарап-тексерудің, айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың айырмашылығы неде?

3. Оқиға орнын қарап-тексеруге қатысушылардың көлемі қандай.

Әдістемелік ұсыным:

Курсанттар тақырып бойынша оқытушының ұсынысымен өзектілігі мен маңыздылығын, даулар мен дау-дамай мәселелерін, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес шешу жолдарын және шешімдерін зерттейді. Оқытушының ұсынысы бойынша курсант мұрағаттағы қылмыстық іс материалдарымен, статистиканы, анықтамаларды, есептерді, мақалаларды және басқа көздерді оқи алады. Осы материалдың үлгісіне негізделе отырып, курсант баяндамаға, реферат, мақалаға және т.б. баяндамалар, рефераттар жасайды.

Әдістемелік ұсынымдар:

Негізгі әдебиеттерді оқу.

7. Қосымша әдебиеттермен танысу.

8. Дәріс сұрақтарын, нормативтік актілердің негізгі ережелерін конспектілеу және т.б.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1, 3, 6, 13, 17, 19, 20, 21, 22, 26, 31, 32.

#### **Тақырып 4. Бұзақылықты тергеп-тексеру ерекшеліктері**

Тәжірибелік - 1 сағат

21 қаңтар 2017 ж., сағат 09.00 шамасында Қарағанды қ. Михайлов ПБ кезекші бөліміне аз.С.В.Яшин арызданды, 21.01.2017ж сағат 07.30 шамасында Қарағанды қ. Н.Абдиров даңғылы №35 үй ауласында қоғамдық тәртіпті бұзып, ағаш тәріздес таяқты қолдану арқылы аз.К.А.Сергеевқа дене жарақатын келтірген. Кезекші арызданушыға тергеушіні жолдады.

Тергеуші оқиға орнына келіп Қарағанды қ. Н.Абдиров 35 үй ауласына қарап-тексеру жүргізуге кірісті.

Тапсырма:

1. Ұсынылған фабулаға қылмыстық-процестік баға беріндер.

2. Алынған ақпаратты есепке ала отырып, тексеру шараларын жоспарын құру мақсатында кестені толтырындар:

Анықталған мән-жайлар	Нақтылауға жататын мән-жайлар	Қажетті әрекеттер
-----------------------	-------------------------------	-------------------

3. Алынған ақпаратқа сүйене отырып оқиға орнына қарап-тексеру өткізудің процестік тәртібі және қарап-тексеру хаттаманың құрылымын анықтандар,

4. Қарағанды қ. Н.Абдиров 35 үй ауласына қарап-тексеру хатамасының сипаттау бөлімін құрастырындар

5. Қарап-тексеру електеуін жасандар.

Падаланылған әдебиеттер тізімі:

1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 15, 17, 20, 21, 22, 23, 24, 33, 37, 38, 39

#### **Тақырып 4. Бұзақылықты тергеп-тексеру ерекшеліктері**

КӨЖ–3сағат

Тақырып бойынша реферат қорғау:

1. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстар туралы хабарламаларды тіркеу, қабылдауды өткізудегі құқық қорғау органдарының қызметі.

2. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстармен күресудегі құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесуі.

3. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстармен келтірген шығынды өтеу.

4. Жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде жиналған объектілерді зерттеудің жаңа әдістемесі.

#### **Тақырып 4. Бұзақылықты тергеп-тексеру ерекшеліктері**

КОӨЖ (аудиторн. емес) – 1 сағат

1. Тергеушінің қатысушылардан жауап алуды ұйымдастыру қызметі.

2. Қатысушылардан жауап алудың нәтижесін процестік бекіту.

3. Жауап алу тәртібі, маңыздылығы, түсінігі

4. Жауап алудың процестік тәртібі қандай?

5. Жауап алуға дайындық барысында қандай сұрақтарға рұқсат беріледі?

6. Анықтаушы жауап алу барысында қандай факторларды есепке алу керек (процестік, криминалистикалық, психологиялық)?

*Ұсынылған әдебиеттер тізімі:*

1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 16, 18, 20, 21, 22, 23, 27, 28, 29, 32, 33.

#### **Тақырып 4. Бұзақылықты тергеп-тексеру ерекшеліктері**

Тәжірибелік - 1 сағат

21 қаңтар 2017 ж., сағат 09.00 шамасында Қарағанды қ. Михайлов ПБ кезекші бөліміне аз.С.В.Яшин арызданды, 21.01.2017ж сағат 07.30 шамасында Қарағанды қ. Гоголя көшесі №23 үй ауласында қоғамдық тәртіпті бұзып, аз.А.Т.Асановқа дене жарақатын келтірген. Кезекші арызданушыға тергеушіні жолдады.

КПБ жеде уәкілі пәтерлерге обход жүргізу нәтижесінде үй ауласында болған мән жайды көрген көршісі А.Н.Пак анықталды. Тергеуші іс бойынша болжамдарды есепке алып тергеп-тексеру жоспарын анықтауға кірісті.

**Тапсырма:**

- 1.Ұсынылған фабулаға қылмыстық-процестік баға беріндер.
- 2.Куәдан жауап алудың процесік тәртібі және хаттаманың құрылымын анықтандар.
- 3.куә А.Н.Пак жауап алу хаттамасының сипаттау бөлімін құрастырындар.

**Тақырып 4. Бұзақылықты тергеп-тексеру ерекшеліктері**

КӨЖ–3 сағат

Тақырып бойынша реферат қорғау:

- 1.Куәлардың жауап алу нәтижелерін дәлелдеме базасы ретінде пайдалануды қалыптастыру.
- 2.Шет ел азаматы куә ретінде –қылмыстарды тергеп-тексеру көмекшісі немесе жүктеме?
- 3.Қылмыстарды тергеп-тексеруде шет ел мемлекетінен құқықтық көмек ретінде тәжірибесін пайдалану.
- 4.Алу мен тінтудің айырмашылығы неде?

**Тақырып № 5 Тергеушінің тонау және қарақшылық қылмыстарын тергеп-тексерудегі ұйымдастырушылық қызметі.**

Дәріс - 1 сағат

**Сабақтың мақсаты:** заңдарды қорғауды ұғындыру, дәлелдемелермен жұмыс істеуде басқада нормативтік актілерді және заңдарды қолдануды үйретуге қалыптастыру, білікті және дұрыс бекіту, тиісті процесік құжаттарды құрастыру, тергеулік қарап-тексеру жүргізуге кәсіби қалыптастыру.

Сұрақтар:

- 1.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде тонау мен қарақшылықтың жалпы мінездемесі.
2. Тонау мен қарақшылықты тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерінің тәртібі.

Дәріс тезисі:

Күш қолдана отырып меншікке қарсы қылмыстардың ішінде тонау мен қарақшылық қылмыстардың тегі бір болып келеді, яғни екі қылмыстың да негізгі мақсаты пайдакүнемдік болып табылады. Қылмыстық заң бойынша аталмыш екі қылмыстың ауырлық дәрежесі әр түрлі болғанмен, іс бойынша тергеу ерекшеліктері ұқсас.

Тонау – бөтеннің мүлкін ашық ұрлау (Қазақстан Республикасының ҚК 190-бап) және қарақшылық – талан-таражға салудың ең қауіпті түрі болып табылады. Қылмыстық заңда «қарақшылық, яғни бөтен мүлікті талан-таражға салу мақсатына шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау» деп (Қазақстан Республикасының ҚК 191-бап) анықталған. Қарақшылықты қауіптілігі бөтеннің меншігіне қол сұғумен бірге, осы қол сұғудың өте қауіпті тәсілі – шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқанда болып табылады. Қылмыстың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің көтеріңкі жағдайы оның екі бірдей объектісі – меншікке және адамның өмірі мен денсаулығына бір мезетте қылмысты қол сұғуы арқылы сипатталады. Қарақшылықтың объективтік жағы адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсетумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау арқылы белгіленеді. Осыған орай қарақшылықтың объективтік жағы негізінен екі әрекет арқылы: шабуыл жасау және күш көрсету арқылы жүзеге асырылады. Шабуыл жасау деп кінәлі адамның жәбірленушіге кенеттен, оның қарсылығын тойтару мақсатында өте үрдіс түрде күш қолдану болып табылады. Шабуылға ашық түрде жасалған зорлық әрекеттерінен бөтен жәбірленушіні ту сыртынан ұру, тасада тұрып оған оқ ату, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына қауіп келтіретін жағдайда оған қатты әсер ететін, уландыратын немесе жындандыратын нәрселер беру арқылы оны есеңгірететін жағдайға келтіру сияқты әрекеттер жатады.

Өмірге, денсаулыққа қауіпті күш қолдануға адамның тыныс жолдарын бекіту, биіктен жерге тастау, жүріп бара жатқан немесе жәбірленушіні уландыратын немесе оның жүйке жүйесіне қатты әсер ететін нәрселер қолдану жатады. Күш қолданудың осы түрлерін қолданудың өзі жәбірленушінің денсаулығына ешқандай зиян келтірілмегендігіне қарамастан қарақшылық әрекеті ретінде сараланады. Қарақшылықтың құрамын күш қолданумен бірге адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан әрекеттер құрайды. Мұндай ретте қорқыту шын мәнінде адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті болуы және қарсыласқан жағдайда ол қорқытудың нақты іс жүзіне асатынына жәбірленушінің ешбір күмәні болмауы керек. Қарақшылықтағы күш қолдану бөтеннің мүлкіне иелік етудің құралы болып табылады. Сондықтан күш қолдану иелік етуден бұрын жүзеге асырылады. Егер кінәлі адам бөтеннің мүлкін жасырын түрде жүзеге асыру барысында меншік иесінің немесе өзге де адамдардың қарсылығына тап болып күш қолданылса, онда оның әрекеті қарақшылық ретінде сараланады. Егер кінәлі адам бөтеннің мүлкін жасырын ұрлап, бірақ қылмыс істеген жерде көзге түсіп қалып, қашып құтылу мақсатымен жәбірленушіге күш қолданса, онда оның әрекеті қарақшылық емес ұрлық және жеке адамға қарсы қылмыс ретінде сараланады. Қарақшылық шабуыл жасаған уақыттан бастап, оның бөтеннің мүлкіне иелік жасағанына

немесе жасамағанына қарамастан аяқталды деп саналады. Сондықтан да қарақшылық құрамы заңда формальдық құрам ретінде қарастырылған.

Қарақшылық субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік мақсатпен сипатталады.

Қарақшылық құрамының ауырлататын түрлері болып:

1. адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;
2. бірнеше рет;
3. тұрған, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірумен жасалған;
4. қару немесе қару ретінде пайдаланатын заттар қолданумен жасалған қарақшылық танылады (191-баптың 2-тармағы).

Осы 191-баптың 2-тармағында көрсетілген алдыңғы үш ауырлататын белгілер ұрлықта немесе тонауда айтылған ауырлататын белгілермен мәні бірдей. Бұл жерде қарап-тексеру немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған қарақшылыққа ғана тән әрекеттердің мәнін ашу қажет болып саналады.

Бұл жерде қылмыстың құралы:

- қару
- қару емес, бірақ қару ретінде пайдаланылатын заттар болып табылады.

Қаруға атылатын және суық қарулар жатады. Атылатын қаруға тапанша, автомат, пулемет, гранатомет, мылтық, гранат, мина және басқа жарылатын заттар жатады. Аңшылық мылтығы, газ пистолеті және баллондары қаруға жатпайды, бірақ қарақшылық істеуде қару ретінде пайдаланғанда осы құрамның ауырлататын түрін құрайды. Қару ретінде пайдаланатын заттарға жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын, соның көмегімен олардың өмірін жоятын, оларға дене жарақатын келтіретін кез келген заттар жатады. Мысалы, балта, та, балға, отвертка, лом темір, шоқпар, пышақтар, сақал, мұрт алғыш және т.б. Осы заттардың алдын ала қарақшылық қылмысын істеуге бейімделуі немесе қылмыс болған жерден кездейсоқ табылып, кінәлінің пайдалануы қылмысты саралауға ешбір әсер етпейді. Ең басты осы көрсетілген заттар қарақшылықта жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіп келтіретін қару ретінде қолданылуы қажет. Қаруды немесе басқа заттарды қолдану деп кінәлінің оны адамның денсаулығына зиян келтіру үшін шын мәнінде пайдалану немесе шабуыл барысында оны дереу қолданбақшы болып қорқытатын әрекеттерді істеуі болып табылады. Іске жарамсыз қарумен немесе қарудың макеті арқылы жәбірленушіге оның өмірі мен денсаулығына қауіпті дене жарақатын салу ниетсіз қорқыту қару қолданған қарақшылық деп саналмайды. Бірақ та, жәбірленуші мұндай әрекетті өз өмірі мен денсаулығына нақты қауіп тудырды деп санағандықтан, мұндай шабуыл Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің 191-бабының 1-тармағы бойынша сараланады.

Қарақшылық қару қолданып шабуыл жасаған адам заң бойынша белгіленген тәртіппен қаруды алып жүруге тиісті рұқсаты жоқ болса, онда

оның әрекеті қылмыстардың жиынтығы бойынша Қазақстан Республикасының ҚК-тің 191 және 251-баптарымен саралануға жатады.

Қарақшылық құрамының аса ауыр түріне:

1. ұйымдасқан топ;
2. денсаулыққа ауыр зиян келтірумен;
3. мүлікті ірі мөлшерде ұрлау мақсатында;
4. ұрлық немесе қорқытып алушылығы үшін бұрын екі немесе одан да көп рет сотталған адам жасаған қарақшылық жатады (191-баптың 3-тармағы).

Осы белгілердің біріншісінің және соңғысының мазмұны талан-тараждың басқа нысандарындағы осындай белгілермен бірдей.

Осы белгілердің ішіндегі денсаулыққа ауыр зиян келтіру мен мүлікті ірі мөлшерде талан-таражға салу мақсатындағы қарақшылық құрамдарының өзіндік ерекшеліктері бар. Мүлікті ірі мөлшердегі талан-таражға салу мақсатындағы қарақшылық құрамдарының өзіндік ерекшеліктері бар. Мүлікті ірі мөлшерде талан-таражға салу мақсатында жасалған қарақшылықта кінәлі адамның құны алық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асып түсетін мүлкін нақты иелену шарт емес. Өйткені қарақшылықтың ауырлататын немесе аса ауырлататын түрлері де оның негізгі құрамы сияқты формальдық құрамға жатады, осыған орай бұл жерде кінәлі адамның ниетінің ірі мөлшердегі мүлікті иемдену мақсатында шабуыл жасауын анықтау ғана жеткілікті.

Денсаулыққа ауыр әсер келтірумен ұштасқан қарақшылық деп, меншік иесіне меншіктің өзге де иеленушісіне немесе басқа адамдарға мүлікке байланысты олардың қарсылығын жою мақсатымен Қылмыстық кодекстің 106-бабында тізбектелген жарақаттардың бірін келтіруді айтамыз. Мұндай ретте кінәлінің әрекеті Қылмыстық кодекстің 191-бабымен тікелей сараланады. 106-баппен қосымша саралануға жатпайды. Егер қарақшылықпен шабуыл жасау нәтижесінде адамның өміріне қол сұғылатын болса, онда кінәлінің әрекеті қарақшылық құрамының шегінен шығып кетеді. Мұндай ретте жәбірленушіге қаза келтіру қосымша саралауды қажет етеді. Қарақшылықпен шабуыл жасау кезінде адам өлтіру орын алса, онда кінәлінің әрекеті қарақшылық құрамымен қоса пайдакүнемдікпен адам өлтіру (96-баптың 2-тармағының «а» тармақшасы) құрамымен қосымша сараланады. Егер кінәлінің ниеті жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірумен ғана шектеліп, оның адам өлтіруге деген ниеті анықталмаса, онда оның әрекеті Қылмыстық кодекстің 191-бабының 3-тармағының «б» тармақшасымен және 106-баптың 3-тармағы бойынша сараланады.

Қарақшылық қорқытып алушылық құрамынан (194-бап) ажырата білу керек. Қарақшылық жасағанда қылмыстың заты болып тек мүлік, ал қорқытып алушылықта – мүлік, мүлікке құқық, мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттер жатады. Қарақшылықта күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқыту орын алады, ал қорқытып алушылықтың негізгі құралы қорқыту арқылы ғана жүзеге асырылады, күш қолдану қорқытып алушылықтың



2.Куәдан жауап алудың процесік тәртібі және хаттаманың құрылымын анықтандар.

3.куә А.Н.Пак жауап алу хаттамасының сипаттау бөлімін құрастырындар.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

### № 10 Билет

Сұрақтар:

1.Жауап алу орны, қатысушылардың құрамын және бекітетін қосымша құралдарды анықтаңыздар(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2.Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғанда тергеуші іс материалдармен кімдерді таныстырады(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**

23.01.2017 жылы тергеуші Қарағанды облысы Балқаш қаласының 25 шақырымда «Алматы-Екатеринбург», тас жолында орналасқан «Юна» ЖМС станциясына қарашылық жасаған дерек бойынша қарап-тексеру барысында Макаров тапаншасын тауып алынды.. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген тапаншамен атуға айқындалған, гильзасы және патроны алынды.

**Тапсырма:**

1.Ұсынылған дерекке қылмыстық-процесті баға беріндер.

2.Тергеу әрекетінің алгоритімі қандай.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

### № 11 Билет

Сұрақтар:

1.Тану үшін көрсетудің түрлері, мазмұны және көрсету тәртібі (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2.Қылмыстық-процестік кодекісте жауап алуды жүргізудің неше қағидасы көрсетілген(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**



20 ақпан 2016 жылы Орталық ПБ-не қарақшылық жасалғандығы туралы аз.А.П.Архипова келген. Жәбірленушіден сұрау барысында шабуыл жасағандарды таниалмайтындығын айтты, өйткені ол шоковый жағдайында болған, сонымен қатар есте сақтауы онша емес екендігін айтқан. Аз.А.П.Архипова қарақшылық шабуыл жасағандығы туралы күдікті ретінде И.Х.Васильев жеткізілді.

Ол жасаған кінәсін мойндаған жоқ, сонымен қатар қылмыс жасаған күні ол өзі қылмыс орнында болмағанын көрсете алмады. Тергеуші ҚР ҚПК 128 бабы бойынша ұстап алуға шешім қабылдады. Әрі қарай жәбірленуші Архипованы берген жауабына қарамастан И.Х.Васильевті тануға ұсынды. Тану барысында жәбірленуші И.Х.Васильевті таний алмады.

9. Болған жағдайды бағаландар.
10. Осындай жағдайда Сіз не істер едіңіз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

№ 12 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі тергеу әрекеттерінің түрлерін атаныз?
2. Заттай дәлелдемелер дегеніміз не (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенін атаныз)?

**Тапсырма:**

Тергеушінің жазбаша нұсқауына сәйкес полиция қызметкерлері 10 ақпан 2016 жылы сағат 12.00 шамасында қылмыс жасаған күдікті ретінде аз.С.К.Тюринді ұсталынды. Сағат 13.00 шамасында тергеуші кабинетіне әкелінді, сол күні сағат 18.00 дейін жауап алынды, одан кейін ҚР ҚПК 128 бабы бойынша ұсталынып УҰИ қамалды.

1. С.К.Тюркинін процестік жағдайын анықтандар.
2. Қай уақыттан бастап күдікті ретінде танылады және ұстап алу мерзімі басталады?

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

№ 13 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тергеу неше тәулік ішінде аяқталуға тиіс?
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде күштеп әкелу қандай уақытта жүзеге асырылады?

**Тапсырма:**

28 ақпан 2016 жылы сағат 20.30 шамасында аз.Е.Н.Иванов бөтеннің мүлкін тонау мақсатында Эңск қ., Бейбітшілік көшесінде орналасқан «Самат» дүкен жанында болып, аз.П.О.Лидің денсаулығына қауіпті, қолдан жасанды шоқпарды қолдану арқылы дене жарақатын келтірген және ашық түрде құны 18200 тенге тұратын товар материалдары болған сумкасын алып, қылмыс орынан қашып кеткен. Сонын салдарынан П.О.лиге жоғарыда көрсетілген материалдық шығын келтірген.

1. Ұсынылған дерекке қылмыстық-процестік баға беріндер.
2. Тергеушінің алгоритім әрекеті қандай.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

№ 14 Билет

Сұрақтар:

1. Жауап алу қағидаларын атаныз(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы куәландыру дегеніміз не(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**

28 ақпан 2016 жылы сағат 20.30 шамасында аз.Е.Н.Иванов бөтеннің мүлкін тонау мақсатында Эңск қ., Бейбітшілік көшесінде орналасқан «Самат» дүкен жанында болып, аз.П.О.Лидің денсаулығына қауіпті, қолдан жасанды шоқпарды қолдану арқылы дене жарақатын келтірген және ашық түрде құны 18200 тенге тұратын товар материалдары болған сумкасын алып, қылмыс орынан қашып кеткен. Сонын салдарынан П.О.лиге жоғарыда көрсетілген материалдық шығын келтірген.

**Тапсырма:**

1. Ұсынылған дерекке қылмыстық-процестік баға беріндер.
2. Тергеушінің алгоритім әрекеті қандай.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

№ 15 Билет

Сұрақтар:

1.Қарап-тексеру қағидаларын атаңыз(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2.Беттестіруге кімдер қатысы алады(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**

2018 жылдың 04 қаңтар күні Белинская көшесінде орналасқан «Маяк» дүкенінің қоймасына шатыр арқылы заңсыз кіріп, 50 кг-дық 5 қап ұнды ұрлау фактісі бойынша В.Гасанов ұсталды. Ол өз кінәсін толық мойындап қылмысты өзі жалғыз жасағандығы туралы айтты.

1. Ахуалды бағалаңыз.

2. Күдікті В.Гасановтан жауап алу хаттамасын құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

№ 16 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысындарың атаныз(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында іс үшін маңызы бар белгілі бір заттар мен құжаттардың қайда және кімде екені анық болғанда оларды алу үшін қадай терге әрекетімен жүзеге асырылады?

**Тапсырма:**

14 наурыз 2017 жылдың түн уақытында Энсқ қ. универсал дүкенінің орталығына орналасқан тастанды құрылыста белгісіз тұлға аз. Е.Н.Вашинаға күш қолданамын деп қорқыту арқылы, құны 60.150 теңге тұратын «Нокиа Люмия 620», маркалы ұялы телефоның алып қойған. Соның салдарынан жоғарыда көрсетілген шығын келтірген.

Тергеуші оқиға орнына шығып Энсқ қ. К.Маркс көшесінде орналасқан тастанды төрт қабатты құрылысқа қарап-тексеру жүргізуге кірісті.

1. Ұсынылған дерекке қылмыстық-процестік баға беріндер.

## 2.Тергеуші оқиға орнына қарап-тексеру хаттамасын құрастырындар

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

### № 17 Билет

Сұрақтар:

1.Сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша жеткізу дегеніміз не(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2.Ұстап алу негіздері қандай(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**

17.02.2018 жылы сағат 09.00 шамасында Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ІІБ кезекші бөліміне, Қарағанды қаласының Б.Жырау данғылы 15 үй, 10 пәтер тұрғыны, 1974 жылы туған аз.Ж.Н.Сардаров арызданды. Ол өз арызында, сол күні 07.30-да үйіні келген уақытта пәтерінің есігінің құлпы бұзылғандығын және үйініен құны 100000 теңге тұратын «Самсунг» маркалы теледидары ұрлағандығын көрсетті. ЖІШ нәтижесі бойынша күдікті ретінде Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 65 үй 24 пәтер тұрғыны, 1988 жылы туған, бұрын сотталған С.П.Николев ұсталынып, одан «Самсунг» маркалы теледидар алынды. Ал алынған «Самсунг» маркалы теледидарын айғақты зат ретінде танып оны қылмыстық іске тіркеді.

1.Ахуалды бағалаңыз.

2.Айғақты зат ретінде тану оны қылмыстық іске тіркеу туралы қаулы құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

### № 18 Билет

Сұрақтар:

1.Бұлтартпау шарасы дегеніміз не(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2.Қандай жағдайда қосымша жауап алу жүргізіледі (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

### **Тапсырма:**

14 наурыз 2017 жылдын түн уақытында Эңск қ. универсал дүкенінің орталығына орналасқан тастанды құрылыста белгісіз тұлға аз. Е.Н.Вашинаға күш қолданамын деп қорқыту арқылы, құны 60.150 теңге тұратын «Нокиа Люмия 620», маркалы ұялы телефоның алып қойған. Соның салдарынан жоғарыда көрсетілген шығын келтірген. Оқиға орнынан қарап-тексеру барысында ішімдік бөтелкесінен, «Парламент» марка шылым қорабынан қара-күрен түсті дақтар алынды.

Тергеуші оқиға орнын қарап-тексеру нәтижесінен кейін және жәбірленушімен еркін сөйлескенен кейін Е.Н.Вашинадан жәбірленуші ретінде жауап алуға шешім қабылдады.

1. Ұсынылған дерек бойынша қылмыстық-процестік баға беріндер.
2. Жәбірленуші Е.Н.Вашинадан жауап алу хаттама құрастырындар.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

№ 19 Билет

Сұрақтар:

1. Қандай жағдайда қайталап жауап алу жүргізіледі (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Қарап-тексеру дегеніміз не (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

### **Тапсырма:**

17.02.2018 жылы сағат 09.00 шамасында Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ІІБ кезекші бөліміне, Қарағанды қаласының Б.Жырау даңғылы 22 үй, 12 пәтер тұрғыны, 1982 жылы туған аз.Ж.Н.Сардаров арызданды. Ол өз арызында, сол күні 07.30-да үйіні келген уақытта пәтерінің есігінің құлпы бұзылғандығын және үйініен құны 100000 теңге тұратын «Самсунг» маркалы теледидары ұрлағандығын көрсетті. Осы қылмыс бойынша М.М.Асаров жеткізілді.

Қажетті тергеу әрекеттерін өткізгеннен кейін тергеуші М.М.Асаровты Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 131 бабы бойынша жеке тінту жүргізу туралы шешім қабылдады.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Жеке тінту хаттамасын толтырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Билет № 20

Сұрақтар:

1. Тергеушінің күдіктіні ұстап алудың мақсаты неде?
2. Айыптау актісінің құрылымы неше бөліктен тұрад (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)??

**Тапсырма:**

17.02.2018 жылы сағат 15.00 шамасында Қарағанды қаласы ПБ Орталық ПБ кезекші бөліміне, Қарағанды қаласының Б.Жырау даңғылы 22 үй, 12 пәтер тұрғыны, 1982 жылы туған аз.Ж.Н.Сардарова арызданды. Ол өз арызында, сол күні 10.30-да «Турист» қонақ үйінің 222 бөлмесінде танысы Ж.С.Сакенов күш қолданып жыныстық қатынасқа түскен. Жедел іздестіру шаралары барысында Ж.С.Сәкенов ПБ жеткізілді.

1. Ахуалды бағалаңыз.
- 2.Күдіктіден жауап алу хаттамасын толтырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_  
Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу

Билет № 21

Сұрақтар:

1. Бұлтартпау шарасын таңдау кезінде қандай мән-жайлар ескерілед(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?
- 2.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қашықтықтан жауап алу қалай жүргізілед (ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**

2018 жылдың 18 наурыз күні сағат 23.00 шамасында 1993 жылы туған Р.А.Манасовтан Қарағанды қ.Сәкен көшесінде орналасқан «Маяк» дүкенінің жанында 1989 жылы туған Мельник Игорь Васильев «Самсунг» маркалы ұялы телефонын күш қолдану арқылы ашық түрде ұрлап кетіп, соның нәтижесінде 50 000 тенге көлемінде шығын келтірген.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Жәбірленушіден жауап алу хаттамасын толтырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

№ 22 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі тергеуде күдіктіден түнгі уақытта жауап алуға бола ма(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қандай жағдайда куәгерлер қатысуға міндетті(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)??

**Тапсырма:**

Тергеуші тінту барысында алынған бейнемагнитофонды жәбірленушіге тануға ұсыну туралы шешім қабылдады. Алайда тануға ұсыну үшін ұқсас екі бейнемагнитофон табылмаған соң, тергеуші тану жүргізу барысында бір бейнемагнитофонның өзін жәбірленушіге тануға ұсынды.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Тануға жүргізу тәртібін және електеу жүргізіңіз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

№ 23 Билет

Сұрақтар:

1. Жауап алуға шақыру тәртібі, орны уақыты мен ұзақтығы(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?
2. Қандай жағдайда сараптама тағайындалады(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**

2018 жылдың 03 наурыз күні сағат 15-00 шамасында Қарағанды қаласы Қ.Сәтбаев көшесі 12 үйдің қасында бейтаныс адамның мәйіті анықталды.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Іс бойынша дактилоскопиялық сараптама тағайындау туралы қаулыны құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Билет № 24

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде айғақрады сол жерде тексеру және нақтылау тергеу әрекеті не үшін жүргізіледі(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелерін пайдалануға бола ма?

**Тапсырма:**

17.02.2018 жылы сағат 19.00 шамасында Қарағанды қаласы ІБ Орталық ІБ кезекші бөліміне, Қарағанды қаласының Қазыбек би көшесі 22 үйдің қасында А.С.Банкин тоқтатылды, оған жеке-тінту жүргізу барысында одан кнопка арқылы ашылатын пышақ алынды. Тергеуші тиісті сараптама тағайындап пышақтың суық қаруға жататындығын анықтанды.

1. Ахуалды бағалаңыз.

2. Суық қаруды анықтау үшін сараптама тағайындау қаулысын құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

№ 25 Билет

Сұрақтар:

1.Күдіктінің өз кінәсін мойындауының дәлелдемелік маңызы қандай(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Қайтадан қарап-тексеру дегеніміз не(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**

Қарағанды қаласы ІБ Орталық ІБ тергеушісі Ниязов өз өндірісіндегі ұрлық фактісімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдікті Мироновтан жауап алды. Жауап алу барысында күдіктінің физиологиялық жағдайды тергеушіге күмән туғызды. Содан, күдіктіге қатысты психоневрологиялық салған сұрауда Миронов тіркеуде



тұрмайтындығы анықталды, алайда психитриялық сараптаманың нәтижесіне сәйкес Миронов емделуді қажет етеді.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Күдіктіге қатысты мәжбiрлеу шарасын қолдану туралы қаулыны құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейiнгi тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

#### № 26 Билет

Сұрақтар:

1.Күдіктінің іс әрекетін саралау туралы қаулысында не көрсетілед(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)??

2.Сотқа дейiнгi тергеп-тексеруде күдікті жауап беруден бас тартқан жағдайда тергеушінің әрекетін атаныз?

#### Тапсырма:

2018 жылдың 10 наурыз күні сағат 23.00 шамасында 1993 жылы туған Р.А.Манасов Қарағанды қ.Сәкен көшесінде орналасқан «Маяк» дүкенінің жанында 1989 жылы туған Мельник Игорь Васильев «Самсунг» маркалы ұялы телефонын күш қолдану арқылы ашық түрде ұрлап кетіп, соның нәтижесінде 50 000 тенге көлемінде шығын келтірген. ЖШС барысында 1993 жылы туған Р.А.Манасов ұсталынды.

Тергеуші анықтау жұмыстарын жүргізгеннен кейін Р.А.Манасовтың қылмыс жасағандығы туралы дәлелдемелер жеткілікті екендігін ескеріп, күдікті ретінде жауап алу туралы шешім қабылдады.

1. Ахуалды бағалаңыз.
2. Күдікті ретінде тану туралы қаулы құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейiнгi тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

#### Билет № 27

Сұрақтар:

1. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар атаныз(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)??

2.Сотқа дейiнгi тергеп-тексеруде кәмелетке толмаған куәдан жауап алу барысында кімдер қатыса алад(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

#### Тапсырма:

17.02.2018 жылы Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ІІБ-нің қызметкерлері ЖШС нәтижесі бойынша күдікті ретінде Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 65 үй 24 пәтер тұрғыны, 1988 жылы туған бұрын сотталған С.П.Николаев ұсталынып, одан «Самсунг» маркалы теледидар алынды. Ал алынған «Самсунг» маркалы теледидарын айғақты зат ретінде

танып оны қылмыстық іске тіркеді. Тергеуші қажетті анықтау жұмыстарын жүргізгеннен кейін С.П.Николаевке қатысты бұлтартпау шарасын ретінде ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат алу туралы шешім қабылдады.

1. Ахуалды бағалаңыз.

2. Бұлтартпау шарасы ретінде ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат алу туралы қаулыны құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Билет № 28

Сұрақтар:

1.Тергеуші дегеніміз кім(ҚР ҚПК-нің 60 бабында көрсетілгенің атаныз)??

2.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде жәбірленуші дегеніміз кім(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)??

**Тапсырма:**

17.02.2018 жылы Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ІІБ-нің қызметкерлері ЖІШ нәтижесі бойынша күдікті ретінде Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі 65 үй 24 пәтер тұрғыны, 1988 жылы туған бұрын сотталған С.П.Николаев ұсталынып, одан «Самсунг» маркалы теледидар алынды. Ал алынған «Самсунг» маркалы теледидарын айғақты зат ретінде танып оны қылмыстық іске тіркеді. Тергеуші қажетті анықтау жұмыстарын жүргізгеннен кейін С.П.Николаевқа қатысты бұлтартпау шарасын ретінде ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхат алу туралы шешім қабылдады.

1. Ахуалды бағалаңыз.

2. Ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қолхаттың үлгісін толтырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Билет № 29

Сұрақтар:

1.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде алу жүргізудің тәртібі қандай(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Оқиға орнын қарап-тексерудің неше қағидасы бар(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**

2018 жылдың 22 наурыз күні сағат 15-00 шамасында Зелинская көшесінде орналасқан «Маяк» дүкенінің жанында Қарағанды қаласы Қ.Сәтбаев көшесі 12 үй, 30 пәтер тұрғыны 26.03.1976 жылы туған азамат Асаров Марат Мұратовичтің жеке басын тексеру барысында үстіне киген кара күртешесінің оқ жақ қалтасынан жылтыр қағазға оралған, сұр түсті, ұнтақ тәріздес зат табылып айғақтардың қатысуымен алынған. Тергеуші қажетті анықтау

жұмыстарын жүргізгеннен кейін М.А.Мұратовқа қатысты қылмыстық іс бойынша айыптау хаттамасын құрастыру туралы шешім қабылдады.

1. Ахуалды бағалаңыз.

2. М.А.Мұратовқа қатысты қылмыстық іс бойынша айыптау актісіннің кіріспесін құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

### № 30 Билет

Сұрақтар:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде күдіктінің іс әрекетін саралау қаулысы дегеніміз не(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

2. Кінәсін мойындап келу дегеніміз не(ҚР ҚПК-нің қай бабында көрсетілгенің атаныз)?

**Тапсырма:**

17.02.2018 жылы сағат 09.00 шамасында Қарағанды қаласы ІІБ Орталық ІІБ кезекші бөліміне, Қарағанды қаласының Б.Жырау даңғылы 22 үй, 12 пәтер тұрғыны, 1982 жылы туған аз.Ж.Н.Сардаров арызданды. Ол өз арызында, сол күні 07.30-да үйінің жанына келгенде жұдырықпен ұрып құны 10000 теңге тұратын «Самсунг» маркалы ұялы телефонын алып қойған. Осы қылмыс бойынша М.М.Асаров жеткізілді.

1. Ахуалды бағалаңыз.

2. М.М.Асаровқа қатысты жеткізу туралы хаттамасын құрастырыңыз.

Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу  
кафедра бастығы

А.К.Қалиев

Кафедра отырысында қарастырылып бекітілді.

Хаттама № \_\_\_\_\_, 2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

## Бақылау үшін тест тапсырмалары

1. Қылмыстық процесті қай уақытта жәбірленуші деп танылад:

1. тиісті қаулы шыққан сәттен бастап
2. құқыққа қарама қайшы, қоғамға-қауыпті жасалған
3. күш қолданып, меншіктік немесе морарлдық зиян келтіру
4. қылмыстық іс қозғау
5. келтірген зиянын басталуы

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысындарың атаныз:

1. жеңілдетілген;
2. анықтау, алдын ала тергеу нысаны;
3. хаттамалық, анықтау, алдын ала тергеу нысаны;
4. қаулы, сұрау;

3. Күдіктіні ұстап алудың неше негізі бар?

1. Бір;
2. Бес;
3. төрт;
4. Жеті;
5. Он;

4. Бұлтартпау шаралары атаныз?

1. ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлқы туралы қолхат; жеке кепілгерлік; әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының байқауда ұстауына беру; кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру; кепіл; ұйқамақ; күзетпен ұстау бұлтартпау шаралары болып табылады;

2. қылмыс туралы ақпарат; дәлелдеме көзі;
3. сараптама тағайындау, азаматтың міндеті;
4. қолхат, қаулы;
5. кепіл; ұйқамақ; мүлікке тыйым салу;

5. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуың атаныз?

1. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады;

2. Қаулы шығарылғанан кейін;
3. Сотпен немесе прокурормен қарастырылған мерзім;
4. Сот немесе прокурордың нұсқауын орындауына байланысты;
5. Сотқа дейінгі тергеу.

6. Жауап алу үзіліссіз неше сағаттан артық жүргізілмеуге тиіс?

1. төрт сағат;
2. екі сағат;
3. алты сағат;
4. бес сағат;
5. жеті сағат;

7. Қазақстан Республикасының ҚПК сәйкес айыптау актісінің мазмұның атаныз?

1. Кіріспе, сипаттама, қарар, қорытынды;
2. Кіріспе, сипаттау-уәждеу, қарар;

3.Кіріспе, сипаттама –қарар,қорытынды,толықтыру;

4.Бастапқы,аралық, нәтижелік, қорытынды;

5.Кіріспе, жұмыс сатысы, қорытынды, анықтамалық.

8.Айыптау актісінің сипаттама–уәждеу бөлігінде қандай мәселе көрсетіледі?

1.Оқиғасы, жасалған уақыты, орыны, оның тәсілі, себебі, салдары, саралануы;

2.Беттестіру жүргізі туралы мәлімет;

3.Куә туралы ақпарат;

4.Жәбірленуші оған келтірген зиянның сипаты мен мөлшері туралы мәліметтер, күдіктінің жауаптылығын ауырлататын және жеңілдететін мән жайлар, күдікті туралы мәлімет, дәлелдемелердің тізбесі;

5.Істің томына, не бетіне сілтеме жасау.

9.Айыптау актісінің кіріспе бөлігінде қандай мәліметтер көрсетіледі?

1.айыптау актісі жасалған уақыт және орын, айыптау актісін жасаған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні, күдіктінің тегі, аты жөні, туған күні, айы жылы және туған жері көрсетіледі;

2.Жәбірленуші туралы мәліметтер;

3.Айыпталушының кінәсін растайтын дәлелдер;

4.Айыпталушының жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар;

5. күдіктінің тегі, аты жөні, туған күні, айы жылы және туған жері көрсетіледі айыптау актісі жасалған уақыт және орын, айыптау актісін жасаған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні.

10.Сотқа дейінгі тергеп тексеру бойынша жеке тапсырма беруге кім құқылы?

1.Анықтаушы;

2.Тергеуші;

3.Учаскелік инспектор;

4.қорғаушы;

5.қәмелетке толмағандардың ісі бойынша учаскелік инспектор.

11.Бір объектіні қайталап тексеру келесі жағдайда мүмкін:

1.Қылмыстық іс тергеу ретімен келіп түскен жағдайда;

2.Қылмыстық іс басқа тергеушіге берілген жағдайда;

3.бастапқы тексеру криминалистің қатысуынсыз жүргізілген жағдайда;

4.Бастапқы тексеруден кейін жаңа мәліметтер алынуы мүмкін болған жағдайда;

5.Дұрыс жауап жоқ..

12.Қандай жағдайда сараптама тағайындалады?

1.Іс үшін маңызы бар мән-жайлар сарапшының материалдарды арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізілетін нәтижесінде алынуы жағдайларда ;

2.кез келген жағдайда;

3.ғылыми техникалық құралдар қолдану керек;

4.әр бір сотқа дейінгі тергеп тексеру істері бойынша;

5.дұрыс жауабы жоқ.

13.Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде айғақрады сол жерде тексеру және нақтылау тергеу әрекеті не үшін жүргізіледі?

1.айғақтардың анықтығын, оқиғаның жағдаймен салыстыру арқылы анықтау, тексерілетін әрекеттер жасалған маршрутты орынды нақтылау, жаңа деректерді анықтау мақсатында;

2.прокурордың нұсқауы анықтау органының бастығына шағым жасалуы кезінде;

3.прокурордың нұсқауы тергеу бөлімінің бастығына шағым жасалуы мүмкін

4.прокурордың нұсқауы жоғары тұрған прокурорға шағым жасалуы мүмкін ;

5.Бәрі жауаптары дұрыс.

14.Күдіктіні ұстап алу келесідей қылмыстық процестік мерзімде жүзеге асырылады:

1.24 сағат;

2.48 сағат;

3.72 сағат;

4.3 тәулік;

5.15 тәулік.

15.Сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде жедел-іздістіру қызметінің нәтижелерін пайдалануға бола ма?

1.жоқ;

2.ия, егерде оларды алу кезінде заң талаптары сақталса;

3.Қазақстан Республикасының ҚПК ережелеріне сәйкес қолданылса;

4.оларды алудың кез келген жағдайында дәлелдеме түрінде пайдалануға

болады;

4.пайдаланылмайды.

16.Тергеуші, анықтаушы өзі куә болған қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру жүргізе алады ма?

1.жоқ;

2.ия;

3.ия, бірақ объективті тергеу жағдайында;

4.ия, бірақ тек қана ол қылмыс жасаған тұлғамен таныс емес жағдайда;

5.ия, егер қылмыс жасаған адаммен оның арасында жек көру қарым қатнасы

тумағанда..

17.Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар атаныз?

1.қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауынан;

2.іс-әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауынан;

3.Кепіл беруші;

4.бұлтартпау шарасын қолданған тұлға;

5.дұрыс жауап жоқ.

18.Іс материалдарымен кімдерді таныстырамыз?

1.Жоқ;

2.Жәбірленушіні;

3.Күдіктіні;

4.Куә;

5.Куәгер.

19.Шақыру бойынша келу туралы міндеттеме кімнен алынуы мүмкін:

1. бұлтартпау шарасын қолдануға негіздер болмаған кезде айыпталушы немесе күдіктіден;
2. заңдық негіздер болған кезде кез келген іске қатысушы тұлғадан;
3. заңмен көрсетілген негіздер болған кезде күдікті, куә, жәбірленушіден.
4. тек айыпталушыдан;
5. Тек күдіктіден.

20. ұстап алу мерзімі есептеледі:

1. секундта;
2. минутта;
3. сағатта;
4. тәулікте;
5. күнде.

21. Бұлтартпау шарасында қандай процестік құжат толтырылады?

1. ұсыным
2. нұсқау
3. Шешім
4. қолхат
5. қаулы

22. Мүлікті тәркілеу кезінде қандай процессуалдық құжаттар толтырылады

1. хаттама
2. қаулы
3. тек қана хаттама
4. хаттама, мүлікті тәркілеу туралы анықтама
5. тәркілеу мен квитанция қол хат;

23. Азаматтардың қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздары мынандай болад:

1. жеке және жеке жариялы;
2. жазбаша;
3. ауызша;
4. іс жүргізулік;
5. жалпы және жеке;

24. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабарлама қандай есепке алу құжатына тіркеледі?

1. сотқа дейінгі тергеп тексеруді бірыңғай тіркеу кітабына;
2. ПБ-не жеткізілген тұлғаларды есепке алу журналына;
3. қылмыстық істерді есепке алу кітабына;
4. УПИ әкімшілік аймақтық паспортына;
5. азаматтарды қабылдау журналына;

25. Арыз берушіге көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің қандайда бір бабы бойынша қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі ме?

1. Иә, ҚР ҚК 419 бабының 1 бөлігі бойынша;
2. Иә, ҚР ҚК 175 бабы бойынша;
3. Иә, ҚР ҚК 355 бабы бойынша;;
4. Иә, ҚР ҚК 310 бабы бойынша;;

5. Жоқ, ескертілмейді;

26.Кінәсін мойындап келу дегеніміз не?

1.қылмыс орнында ұсталған тұлғаның түсініктеме беруі;

2.іздеуде жүрген тұлғаның өз еркімен ішкі істер органына келуі;

3.адам әлі күдікті деп танылмаған не ол осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген күдікпен ұстап алынбаған кезде, адамның қылмыстық қудалау органына өзі жасаған немесе дайындап жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы жеке өзі, ерікті түрде, жазбаша немесе ауызша хабарлауы;

4.қылмыс жасағаны үшін айыпталушы ретінде жауапқа тартылған тұлғаның ішкі істер органына өз еркімен келуі;

5.қамауға алынға тұлғаның қылмыс туралы толықтай мәлімет беруі;

27.ОБЖ қарап-тексеру жүргізу хаттамасына келесі материалдар қоса тігіледі;

1.схемалар;

2.сұрау хаттар;

3. мінездемелер;

4.форосуреттер;

5. ешқандай материалдарды ОБЖ қарап-тексеру жүргізу хаттамасына қосуға болмайды;

28.Сараптама тағайындау барысында тергеуші келесі іс жүргізу құжатын толтырады;

1. Сараптама тағайындау туралы акт;

2.сараптама тағайындау туралы хаттама;

3. жәбірленушіні немесе күдіктіні сараптама тағайындау туралы қаулымен таныстыру хаттамасын;

4. сараптама тағайындау туралы қаулы;

5.тергеушінің сараптама тағайындауға құқығы жоқ;

29.Сотқа дейінгі тергеп тексеру басталған кезде тергеуші қандай процестік құжат толтырады;

1.қылмыстық іс қозғау туралы акт;

2. қылмыстық істі өз өндірісіне алу туралы қаулы;

3.қылмыстық іс қозғау хаттамасы;

4.қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы;

5. қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы;

30.Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қылмыстық іс бойынша арызданушы қай кезден бастап жәбірленуші мәртебесіне ие болады?

1.қылмыс орын алған сәттен бастап;

2. қылмыс ашылған сәттер бастап;

3.арызы бойынша қозғалған іс сотқа жолданғаннан бастап;

4.жәбірленуші ретінде тану туралы қаулы шыққаннан бастап;

5.айыптау қортындысын алған сәттен бастап;

31.Жәбірленушінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру қалай рәсімделеді?

1.ол туралы қолхат алынады;

2. құқықтарын түсіндіру туралы қаулы шығарылады ;



3. жәбірленушінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру туралы хаттама толтырылады;

4. құқықтары мен міндеттерін жариялау туралы акт толтырылады;

- ешқандай құжат толтырылмайды;

32. Жәбірленушіден жауап алу хаттамасында келесі мәліметтер көрсетіледі;

1. жәбірленушінің аты жөні тегі;

2. жәбірленушінің туған жылы, айы, күні;

3. жәбірленушінің туған жері, мекен жайы;

4. жұмыс орыны;

5. жәбірленушінің діни сенімі;

33. Кәмелетке толмаған куәдан жауап алу барысында кім қатыса алады;

1. заңды өкілі;

2. жасы кәмелетке толмаған тұлға куә болған қылмысқа сезікті адам;

3. қорғаушысы;

4. ПБ бастығы;

5. тергеу изоляторының бастығы;

34. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жәбірленушіні немесе күдіктіні сараптама қортындысымен таныстыруға міндетті ма?

1. міндетті емес;

2. күдіктіні немесе жәбірленушіні міндетті түрде таныстыруы қажет ;

3. тек қана қорғаушыны таныстыруы қажет;

4. тергеушінің көзқарасы бойынша таныстырады;

5. тек қана жәбірленушіні таныстыруы қажет;

35. Дәлелдеме ретінде алынған нәрселер қалай рәсімделінеді?

1. заттай дәлелдеме ретінде тану және оны іске тіркеу туралы қаулы арқылы;

2. дәлелдеме ретінде тану туралы жолдау хат арқылы;

3. дәлелдеме ретінде алынған зат іске тіркелінбейді;

4. дәлелдеме ретінде тану хаттамасы арқылы;

5. заттай дәлелдеме ретінде тану актісі арқылы;

36. Процестік ұстап алу туралы хаттамада келесі мәліметтер көрсетіледі?

1. ұстап алу туралы хаттаманы толтырылған күні;

2. ұсталынған уақыты;

3. ұстап алудың себептері;

4. ұсталынған тұлғаның аты, жөні, тегі;

5. ұстап алу туралы бұйрық берген тұлға туралы деректер;

37. адвокат қорғауды жүзеге асыру үшін тергеушіге қандай құжат ұсынады?

1. ордер;

2. қорғаушы тағайындау туралы қаулы;

3. қорғауды жүзеге асыру кесте;

4. қорғаушының жеке куәлігін;

5. заңгерлік білімі бар туралы диплом

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**«Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу» кафедрасы**

**ДӘРІС КЕШЕНІ**

**ҚАРАҒАНДЫ–2018**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ Б.БЕЙСЕНОВ  
АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Заң институты**

**Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы**

**ҚОР ДӘРІСІ**

**Тақырып:**

**«Адам өлтіру қылмыстарын тергеп тексерудегі тергеушінің қызметі»**

**(1 сағат)**

**ҚСДТ кафедрасы бастығының  
орынбасары полиция подполковнигі  
Т.Н. Сүлейменов**

**ҚАРАҒАНДЫ 2018 ж.**

## Мазмұны

Кіріспе

1. Адам өлтіру қылмыстарының жалпы сипаттамасы.

2. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп тексеру барысында жүргізетін тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері.

**Қорытынды**

## Кіріспе

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНДА БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖОҒАРЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ АДАМ МЕН АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН ЖЕКЕ МҮДДЕЛЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ОСЫҒАН ОРАЙ, ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН, БОСТАНДЫҚТАРЫН, ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӨМІРІН ҚАНДАЙ ДА БІР ҚОЛ СҰҒУШЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУ ҚАБЛЕТІ БАР ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ҚҰРУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың тұжырымдамасы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процестің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді. Қоғамда болып жатқан процестер экономикаға да, саясатқа да өзінің кері әсерін тигізіп, оның өмірде белең алуы жиі кездесіп жатады. Нарықтық қатынасқа көшу, шаруашылықтың жаңа нысандарын пайдалану, қоғамдық сананың бірден өзгеруі – қазіргі идеологияның, құқық жүйесі, моральдық нормалардың тоқырауға ұшырауына әсер етіп, қылмыстың белсенді бағыт алуына алып келді.

«Нұрлы Жол - Болашаққа бастар жол» Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс. Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Қылмыспен күресуде және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету - әрбір құқықтық мемлекеттің міндеті болып табылады ...» - деп атап кеткен.

Кісі өлтіру – бұл басқа адамға құқыққа қарсы қасақана қаза келтіру. Яғни қасақана кісі өлтіру адам өміріне қарсы қауіпті қылмыс. Конституцияның 18 - бабында былай делінген «азаматтардың жеке өмірі заңмен қорғалады» деп.

Тұлғаға қарсы қылмысының бүгінгі жағдайын қарастыруға, осы қылмысқа қарсы әрекеттердің нысанын қалыптастыру мен жүзеге асыруға әсер ететін басты факторларды ескере отырып, анықтау органының нақты әрекеттерін талдау мақсаты алға қойылған. Қылмысты саралаудың қылмыстық заңнаманы жүзеге асырудағы маңызын ашып жан-жақты зерттеу; Қылмысты саралаудағы кейбір теоретикалық мәселелерге терең талдау жасай отырып олардың тәжірибелік қолданысына баға беру болып табылады.

Адам өлтіру қазіргі заманның қатігез шындығы, өзекті мәселе. Демографтардың айтуы бойынша жер бетіндегі халықтың жартысы өздерінің уақытынан бұрын қайтыс болады, олардың көбісі зорлықпен қаза табады.

XX ғасырдың 90 жылдары бүкіл әлемде зорлықпен қайтыс болған адамдар саны 750 мың. Адам өлтіру қылмыстарынан ажырата білу өте қиынға соғады, тіпті

осы салада көп жылдар тәжірбиесі бар қызметкер немесе заңгер кінәлінің әрекетін саралауда жиі қателеседі.

Өткен жылдан бастап елімізде қылмыс саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 12 % азайды. Кісі тонау 15,2 %, зарлық-зомбылық 14,4%, ұрлық 12,2%, бұзақылық 19,6-ға төмендеген. Қоғамдық орындар мен көшелердегі қылмыстар да 12% азайған.

Адам өлтіру – жеке тұлғаға қарсы бағытталған зиянның ең ауыр түрі. Себебі, мұның нәтижесінде өмір сүріп жатқан организм өз тіршілігін жояды және оны қалпына келтіру мүмкін емес. Біреудің қолынан аяқ асты мерт болған адамның отбасы мүшелері, туысқандары, достары, жақын араласатын жолдастары оның өлімін естігенде қатты қайғырады. Яғни оларға да орны толмас ауыр моральдық зиян келтіріледі. Күдікті қылмыс істегенде қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан жалтару үшін қоғамға қауіпті іс - әрекеттің белгілерін толықтай немесе жартылай жасыру мақсатын көздейді. Бұл қылмыстық әрекеттерді виктимдік әрекеттер деп те атауға болады.

Құқық бұзушылық қатынастарында заңның күшін дұрыс қолдану мен мазмұнын дұрыс бекіту қылмыспен күресудің басты құралы. Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар мемлекетіміздегі заңдардың орындалуын қатаң қадағалаулары керек. Мемлекетімізде азаматтардың жеке құқықтарын қорғау басты мәселе болып табылады. Конституциясында былай делінген: «Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі, өзінің құқықтары мен бостандықтарын қажетті қорғау кезінде заңға қайшы келмейтіндей қорғауға құқылы, заң мен сот алдында бәрі де тең, әркімнің жеке өміріне қол сұғылмайтыны туралы» көрсетілген. Соттың шешімімен және прокурордың санкциясынсыз ешкімді қамауға алмайды. Қылмыстық заң азаматтардың жеке құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Соның ішінде адамның өміріне және денсаулығына көп көңіл аударған.

## **1. Адам өлтіру қылмыстарының жалпы сипаттамасы.**

Тұлғаға қарсы қылмыстардың ішіндегі кісі өлтіру өте қауіпті қылмыс түрі болып табылады. Негізінен ол адамдарға орны толмас, қайта қалпына келмес үлкен

қайғы келтіреді және қоғамға кері әсерін тигізеді. Кісі өлтіру қылмысы айтарлықтай қиындықтармен, аса үлкен жұмыстың нәтижесінде ғана ашылатындығы белгілі.

Кісі өлтіру қылмысын ашу үшін, әсіресе куәгерлер болмаса, осындай қылмыстардың бұрынғы субъектілерінің типологиялық мәліметтер негізінде қылмыскерді стерио типін анықтап, қылмыскердің тұлғасын анықтау процесін жылдамдатуға болады.

Қылмысты жасау тәсілі – бұл өзара байланысқан жүйе бойынша іс-қимылдарды дайындау, жасау және жасыру, қоғамға қауіпті іс-әрекет. Ол детерминирленген шарттарға және сыртқы ортаның қасиеттері бар тұлғаға байланысты болуы мүмкін, тиісті саймандар, құралдарының шарттарын, орны мен уақытын көрсетеді.

Қымыс жасау тәсілмен жасалған адам өлтіру жиынтығына әдістер мен тәсілдерді, құралдарды, сондай-ақ оларды қолдана отырып жасалған іс-әрекеттер бойынша қылмысты дайындау, жасау және жасыру жатады.

Сөйтіп, қылмысты туындайтын жағдайлар туралы мәліметтердің қайнар көздері болып табылады: қылмысты жасау және жасыру әдісін зерттеу; қылмыскердің тұлғасын зерттеу, бұл бойынша қылмысты ашуға уақыт алған тиімді әдістер анықталады.

«Өмірінен айыру» ұғымын түсіну үшін, алдымен, өмірдің басталуы мен аяқталу сәттерін, «өмір» және «өлім» ұғымдарының мәнін білуге тиіспіз.

Адамның өмірі табиғат берген маңызды әлеуметтік құндылық, ал оны туғаннан иемденеді. Қылмыстарды саралау және тиісінше, оларды жасаған адамдарға әділ жаза тағайындау кезінде қылмыстық заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз ету үшін кінә нысанын, ниетінің түрін, қылмыс жасаудың мәні мен мақсатын, тәсілін, жағдайы мен сатысын, келтірілген зардаптардың ауырлығын анықтау қажет.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар іс жүргізу құжаттарында (айыптау актісінде, үкімде) өз тұжырымдарын жол берілетін анық дәлелдемелерді келтіре отырып негіздеулері тиіс.

Қылмысты бірнеше адам жасаған кезде олардың арасында қылмыс жасауға алдын ала сөз байласу болған – болмағанын, рөлдері бөлінген – бөлінгенбегенін, қылмыс жасалған кезде олардың әрқайсысының қандай әрекеттер жасағанын, сондай-ақ барлық өзге де мән-жайларды анықтап, солардың негізінде адамдардың топ болып әрекеттер жасағандары туралы қорытынды жасау және жауаптылыққа тартылған адамдардың әрқайсысының қатысу нысанын айқындау, олардың әрекеттерін жеке-жеке саралап әділ жаза тағайындау қажет.

Алдын – ала тергеу органдарының тергеу тәжірбиесінде өзін - өзі өлтіру инсценировкасын жасау көп кездеседі. Бұл мынамен түсіндіріледі: өзін - өзі өлтіру куәларсыз жасалады, сондықтан қылмыскер оқиға болған кезде жәбірленушінің жанында болмағанын айтады, өз-өзіне қиянат жасау инсценировкасында өлікті оқиға болған жерден тасымалдаудың қажеті жоқ, қылмыскер оқиға болған жердің қоршаған ортасын өзгерте алады. Қылмыскер әртүрлі себептермен өзін-өзі өлтіру инсценировкасына жүгіне алмаса, инсценировкаларда басқа түрлерін былай келтіреді: тұрмыстағы, құрылыстағы немесе көліктегі жазатайым оқиғалар.



Кісі өлтіру ауыр қылмысқа жатады және қоғамға үлкен қауіп төндіреді. Оның ішіне кәсіпшіл қылмыскерлермен жасалынатын тапсырыс бойынша кісі өлтіруді ерекше атап өтуге болады.

Кісі өлтірудің криминалистикалық сипаттамасының негізгі элементтері ретінде қылмысты жасау және жасыру тәсілдері туралы мәліметтер жүреді.

Кісі өлтірудің тәсілдері әр түрлі жағыдайлыры

- атыс және суық қару;
- жарылғыш заттарды пайдалану;
- улау;
- тұншықтыру;
- суға батыру арқылы және т.б.

**Қылмыс іздерін жою** мәйітті немесе оның бөлшектерін жасыру, өлтірген жерден мәйітті басқа жерге апару, мәйітті бөлшектеу немесе қауіпсіздендіру, кісі өлтіру құралын, қылмыс жасаған адамның киімдерін, сондай – ақ жәбірленуші заттарын тығу арқылы іске асырылады.

Адам өлтіру қылмысын жасыру үшін түрлі қойылымдар жасайды. Мысалы:

1. Суық қарудан өзін-өзі ату, асылып қалу.
2. Байқаусызда мылтық атып алу, суға құлап кету, уланып қалу, бақытсыз жағдайға ұшырау т.б.
3. Кездейсоқ биіктіктен құлау, жүріп келе жатқан көліктің астына түсу.
4. Өзін қорғау мақсатында кісі өлтіру.
5. Белгісіз үшінші бір адамның қолынан өлу.
6. Хабарсыз жоғалып кету.

Кісі өлтірудің қандай болсын тәсілін қолдану қылмыстың типтік іздер жиынтығының пайда болуына әкеп соқтырады.

**Қылмыс жасау орны, уақыты сияқты** кісі өлтіру жағдайларын білу арқылы жалпы оқиғаның механизмі және кінәлі туралы, қатысушылар жайлы болжамдар құрастырылады.

Кісі өлтіруді тергеу барысында мынандай жағдайларды анықтау қажет:

- 1) кісі өлтіру болды ма; зорлықпен өлу себебі неде;
- 2) кісі өлтіру қашан; қай жерде, қандай тәсілмен, қандай жағдайда;
- 3) кісі өлтіруді кім жасады, қылмыскер қалай сипатталады;
- 4) егер қылмыс топпен жасалса, әрбір қатысушының рөлі;
- 5) қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайлар бар ма;
- 6) жәбірленуші кім және қалай сипатталады;
- 7) қылмыспен келген зиянның мөлшері мен сипаты;
- 8) кісі өлтірудің мақсаты мен ниеті;
- 9) кісі өлтіруге итермелеген жағдайлар қандай.

Адам өлтіру себептері: бұзақылық, қызғанушылық, пайдақорлық, басқа қылмысты жасыруға тырысуы және т.б.

Кісі өлтіру қылмысын жасау инсценировкасы. Адамға қарсы қылмыстар – бұл азаматтардың жеке құқықтарына қарсы бағытталған, қылмыстық кодексте көрсетілген қоғамға қауіпті іс - әрекеттер жиынтығы.

Объектіге байланысты тұлғаға қарсы қылмыстар 6 түрге бөлінеді:

1. Өмірі мен денсаулығына қарсы;
2. Бостандыққа қарсы;
3. Тұлғаның ар-намысына қарсы;
4. Жыныстық бостандығына қарсы;
5. Адам және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы;
6. Отбасы және кәмлетке толмағандарға қарсы қылмыстар.

Қылмысты жасалу тәсіліне қарай кісі өлтіруді екі негізгі түрге бөліп қарауға болады:

1. Ашық түрде кісі өлтіру, яғни кісі өлтірушінің жанында оны білетін адамдардың болуы. Егер көрген адам болмаған жағдайдың өзінде де, кісі өлтіруші өзінің істеген ісін және кінәсін жасырмаған жағдайда;

2. Жасырын түрде кісі өлтіру, яғни қылмыстың ешкім көрмеген жағдайда жасалуы, қылмыскердің өз кінәсін белсенді түрде жасыруға тырысуы, куәгерлер қатынасқан жағдайдың өзінде бейтаныс адамның қылмыс жасап, жауапкершіліктен құтылып мақсатын іске асыруы.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің ерекше бөлікте 1-тарауында жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қарастырылған. Оның ішінде 99-б. Адам өлтіру; 100-б. Жаңа туған баланы анасының өлтіруі; 101-б. Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру; 102-б. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру; 103-б. Қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру; 104-б. Абайсызда қазаға ұшырату; 105-б. Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу; 106-б. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру; 107-б. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру; 108-б. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру; 109-б. Ұрып-соғу; 110-б. Қинау; 111-б. Аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру; 112-б. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру; 113-б. Қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру; 114-б. Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру; 115-б. Қорқыту; 116-б. Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою; 117-б. Соз ауруын жұқтыру; 118-б. Адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыру; 119-бап. Қауіпті жағдайда қалдыру; 120-б. Зорлау; 121-б. Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері; 122-б. Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау; 123-б. Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету; 124-б. Жас балаларды азғындық жолға түсіру; 125-б. Адам ұрлау; 126-б. Бас бостандығынан заңсыз айыру; 127-б. Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру; 128-б. Адам саудасы; 129-б. Адамды клондау; 130-б. Жала жабу; 131-б. Қорлау.

Қазақстан Республикасының ҚК 99-б. Адам өлтіру туралы айтылған, яғни, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату – сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Адам өлтіру: екі немесе одан көп адамды; адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына не кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамды немесе оның

жақындарын; кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұштасқан; кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелді; аса қатыгездікпен жасалған; басқа адамдардың өміріне қауіпті тәсілмен жасалған; адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, қылмыстық топ жасаған; пайдакүнемдік ниетпен, сол сияқты жалдау бойынша не қарақшылықпен немесе қорқытып алумен ұштасқан; бұзақылық ниетпен; басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлаумен немесе сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерімен ұштасқан; әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық не қанды кек уәжі бойынша; жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін пайдалану мақсатымен жасалған; бірнеше рет жасалған; көрінеу кәмелетке толмаған адамды; төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалған адам өлтіру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланатындығы аталып кеткен.

Қылмыскерлер жүйелі түрде спирт ішімдіктерін шамадан тыс ішіп, құқық бұзу әрекеттерін мас күйлерінде жасайды. Өлтіру алдында жағдайлар болады, болашақ жәбірленушілер кей жағдайларда өздерін дұрыс ұстамайды.

Кісі өлтірушілік қылмыстық-құқық классификациясы нормалар негізінің әр түрлі классификациясына жатады, олардың негізі болып субъективтік тараптың (кінә түрі, ниет пен мақсаттары) моменттері болып табылады, өлтіру алдындағы жағдай, жәбірленушінің тәртібі (жан күйзелісі жағдайында, қажетті қорғаныстан асқан жағдайда өлтіру), мұнда криминалистік классификация тәсілдері кең қолданылады. Кісі өлтірушілік жасалу тәсілі бойынша олар дайындалып жасалған ба, әлде жок па, дифференциялануы мүмкін. Статистикалық мәліметтердің куәландыруы бойынша көптеген қылмыскерлер кісі өлтірушілікті дайындалмай жасайды, жәбірленуші өміріне қасақаналық кенеттен пайда болып, сол арада жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта адам өмірінің аяқталуы ретінде биологиялық өлім танылады оның барысында орталық нерв жүйесінің қызметі тоқтап, ми қабығында белоктық заттардың қалпына келмейтін ыдырауы орын алады соған байланысты организмнің өмір қабілетін қалпына келтіру мүмкін болмайды.

Дегенмен, «аталған жағдайдың өмірдегі кейбір оқиғалардың барысында құқықтық айқындықсыздықты туындататындығы белгілі егер миға механикалық түрде әсер ету арқылы онда қалпына келмейтін ыдырау процесі орын алғанымен медициналық шаралар арқылы жасанды жолмен ол адамның жүрегінің жұмыс істеп тұруы мүмкін ондай ес-түссіз жағдай бірталай уақытқа созылуы да мүмкін және ондай адамды биологиялық тұрғыдан өлген адам ретінде санауға болады, алайда қазіргі уақыттағы жалпы қабыл алынған концепция бойынша ондай адам тірі адам болып есептелінеді және оның өмірін тоқтатуға бағытталған кейбір әрекеттер мысалы, медицина қызмекерлерінің тарапынан жасалған оларға қатысты құқықтық салдарды туындатуы мүмкін». Соңғы уақыттарда біздің елімізде де, шетелдерде де жазылмайтын дертке шалдығып қасірет шегуші адамдарды өздерінің өтініші бойынша өлтіруге байланысты (эвтаназия) жауаптылық төңірегіндегі пікірталас өршіп келеді. Кейбір мемлекеттерде аталған жағдай заңмен рұқсат етілгенін де атап

өткен орынды болар, дегенмен бұл мәселені жан-жақты талдау біздің жұмысымыздың жоспарына кірмейді.

Қазақстан Республикасының әрекет етуші қылмыстық заңнамасы бойынша ару адамды саналы түрде эвтаназияға азғырып көндіруші және оның жүзеге асырушы тұлғаларға қатысты қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

Осылайша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қасақаналықпен адам өлтіру деген жалпы ұғыммен біріктірілген қылмыстардағы қылмыстық қол сұғушылықтың тікелей объектісі болып нақты адамның өмірінің өзі табылады. Адамның өмірінен айырудың басқа адамның тарапынан болған құқыққа қарсы күш қолдану әрекеті арқылы немесе өзін-өзі өлтіру жолымен, сонымен бірге қажетті қорғаныс жағдайында (өз кезегінде әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жай болып табылады) да жүзеге асырылуы мүмкін екендігін ескерер болсақ, істі тергеу үшін тергелетін қылмыстың объективтік жағын сипаттайтын барлық элементтерді анықтаудың қандай зор маңызға ие болатындығы айтпасада түсінікті.

Қасақаналықпен адам өлтірудің объективтік жағы басқа адамға құқыққа қарсы қаза келтіруден көрініс табады ол өз кезегінде белсенді әрекет арқылы жүзеге асырылуы мүмкін (пышақпен ұру, тұншықтыру, мылтықпен атып өлтіру және т.б.) әдетте қасақаналықпен адам өлтірудің басым көпшілігі солай орындалады, алайда кей жағдайларда қасақаналықпен адам өлтіру әрекетсіздікпен де жүзеге асырылуы мүмкін оның барысында жәбірленушіге қамқор болуы тиіс тұлға өзінің әрекетсіздігімен жәбірленушінің қаза табуына себеп болған мән-жайлардың алдын алуға, оларды болдырмауға ешқандай әрекет жасамайды және ол ондай әрекеттерді жасауға міндетті және жасай алатын жағдайда орын алады. Қасақаналықпен адам өлтіру Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9-бабында бекітілген қылмыс ұғымымен қамтылады және материалдық құрамға жататын қылмыс болып табылады себебі, бұл қылмыстың объективтік жағына қылмыстық нәтиже де кірістіріледі. Сондықтан да адам өлтіру жәбірленушінің қаза тапқан сәтінен аяқталған қылмыс ретінде бағаланады. Кінәлі адамның іс-әрекеті мен пайда болған қылмыстық нәтиже – жәбірленушінің қаза табуының арасындағы себепті байланыстың болуы қасақаналықпен адам өлтірудің объективтік жағының міндетті белгісі болып табылады.

Адам өміріне қылмыстық қол сұғушылықпен күрес жүргізудің маңызы, қылмысты дер уақытында ашу мен оны жан-жақты тергеуде ерекше орын алады.

Адам өлтіру бойынша істің ашылмай қалуы, көбінде қылмыскерлердің қылмыстық әрекет жасау немесе оның ізін жасыру кезінде өте айлалы әдіс-тәсілдер қолдануларына байланысты, әсіресе тергеу барысында тергеушінің жіберген кемшіліктерінің, нақты айтқанда:

- оқиға болған жерге дер уақытында шықпауының немесе сол жерді қарау жұмыстарын толық немесе мұқият жүргізбеуінің,

- ғылыми-техникалық құралдар мен тактикалық тәсілдерді дұрыс қолданбауының салдарынан.

Осындай қылмысын нәтижелі тергеудің міндетті шарттарына:

- жедел-тергеу жұмыстарын тез, әрі дер уақытында жүргізу;

- заттай дәлелдемелерді, сондай-ақ қылмыскерлердің оқиға болған жерлерде қалдырған іздерін - іздеп табу, бекіту, алу және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану;

- іс бойынша құрылған болжауларды толық әрі жан-жақты тексеру;

- жұмыс жасау кезектілігін сақтай отырып, колданылатын тәсілдерді дұрыс тандап алу;

- оларды тергеу әрекеті барысында пайдалану шеберлігі жатады.

**Кісі өлімі болған кезде анықтауға жататын мән жайлар:**

- кісі өлімі болды ма;

- оны біреу өлтірді ме, өзі өлді ме, аяқ астынан болған әлде өзін-өзі өлтірді ме;

- кім өлген (жәбірленушінің жеке басы), қандай мәліметтер мен сипатталынады, оның өлтірген адамнан қарым қатынасы;

- кінәсін жеңілдететін немесе ауырлататын жақтармен кісі өлтіру болды ма; кісі өлтіру қашан жасалынған.

Осындай жағдайды толығымен анықталуы нақты уақыты және минутықа дейін анықталады, егер ондай мүмкіндік болмаған жағдайда сот медициналық зерттеулер жүргізіледі;

**кісі өлтіру қай жерде жасалынған:**

- мәйіт табылған жер сол қылмыс оқиғасы болған жер деп айтуға болады ма;

- мәйіт басқа жерде өлтіріліп осы жерге тастап кетті деп айтуға айғақтар бар ма;

-өлтірген әдісі қандай: белгілі бір құрал мен заттарды пайдалана отырып, қылмыстың ізін жасыру мақсатында алдын ала дайындалу арқылы;

-кісіні кім өлтірді;

- егер кісіні өлтіруге бірнеше адам қатысса оған қанша адам қатысты, әрқайсысының атқарған рөлі, кім жәбірленушіге ауыр жарақат келтірді;

Кісі өлтіру себептермен мақсаттары қандай: кек алу, қызғаныш, бұзақылық жағдайлармен және т.б., абайсыздықта немесе әдейі өлтірген азамат кінәлі ме, оның кінәсін жеңілдететін және ауырлататын қандай жағдайлар бар, қорғану шегінен асып кетіп немесе бірден пайда болған қатты күйзеліспен жасалған қылмыс емес пе; кісі өлтіру барысындағы зиянның көлемі қандай (егер жәбірленуші семьядағы жалғыз асыраушы болса, тонау жасау арқылы кісі өлтірсе және т.б.).

Қорыта келе біз осы сұрақта біз адам өлтіру қылмыстарының жалпы сипаттамасын қарастырдық.

## **2. Адам өлтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында жүргізетін тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері**

Кісі өлтіру қылмысының ашылу негізі болып:

Оқиға болған жерді қарап-тексеру; сот-медициналық сараптама тағайындау; куәгерлердің және өлген адамның туыстарынан, көршілерінен жауап алу; мәйітті тануға ұсынуды дайындау; күдіктінің ізіне түсу және оны іздеу; күдіктіні ұстау, жеке тінту, куәландыру және одан жауап алу; күдіктіні тануға ұсынуға дайындау; кідіктінің тұрған жерін және жұмыс орын тінту тергеу әрекетін жүргізу; тінту кезінде табылған заттай дәлелдемелеріне алу жүргізу және т.б.

Оқиға болған жерді қарау — бұл тергеуші немесе сол орында анықтама ізін жүргізуші қылмыстық іс жүргізуші заң тәртібімен тағайындалған рет бойынша жағдайды және басқа да болған оқиға жайларын анықтау мақсатымен атқарылатын іс-әрекет, іс үшін маңызы бар қылмыс іздерін анықтау, оларды алу мен басқа да заттық айғақтарды анықтау мен табу үшін жүргізіледі.

Оқиға болған жерді қараудың негізгі міндеттері:

- а) қылмыс іздерін табу;
- ә) басқа да заттай дәлелдерін табу;
- б) болған оқиға жағдайын анықтау;
- в) іс үшін маңызы бар басқа да жағдайларды анықтау;
- г) тергеушінің барлық іс-әрекетін және барлық табылғандарды сол күйінде, сол қалпында, сол ретпен қарау мезгілінде қалай болғанын қағазға түсіру;
- д) қарау кезіндегі барлық алынған заттарды тізімдеу;

е) қарау процесіндегі алынған заттар мен құжаттарды сақтауға шаралар қабылдау.

Кісі өлтіруде кейінге қалдырмайтын тергеу әрекеті ретінде сот – медициналық сараптамасы жүреді. Оның шешетін мәселелері:

- өлім себебі туралы;
- мәйіт денесіндегі жарақаттар тірі кезінде немесе өлгеннен кейін жасалды ма;
- жарақаттарды келтіру реті туралы;
- қылмыс құралдары жөнінде;
- жарақат жасау кезіндегі жәбірленушінің тұрған жағдайы туралы және т.б.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде мәйіттің жеке басы белгілі болған жағдайда: кісі өлтірген жерді анықтау; оқиға болған жерде қарап тексеруде қандай сол болған жерде қандай өзгерістер болды; қылмыстың құрбанын анықтау; неліктен өлтіргендігін анықтау; қай уақытта өлгенін анықтау (келген жарақаттар өлген уақытына сәйкес келеме); қылмыстың жасалу әдісін анықтау немесе қылмыстың қалай болғандығы, қылмыскердің дайындалғандығы және жасаған қылмысты жасыру әрекетін анықтау; сол қылмыс болған жерде немесе соған жақын жерде басқа біреу болуы мүмкін бе, кім болды; қылмыскердің субъективтік жағын анықтау; кім өлтіргендігін анықтау;

**Куәлардан жауап алу барысында анықтауға қажетті мәселелер:**

- кісі өлтіруді кім жасады, ол тұлға куәға белгілі ме;
- қандай жағдайда кісі өлтіру жасалынды, қандай тәсілмен қылмыскер қай жаққа бой тасалап кетті.
- Кісі өлтіру кезінде куә қай жерде тұрды және не істеді, оны қылмыскер байқап қалды ма;
- Куә жәбірленушімен таныс па және қандай қарым – қатынаста болған;
- Жәбірленушінің киген киімі, онда қандай заттар боды және қылмыскер олардың арасынан бір нәрсе алды ма;
- Қылмыскер кісі өлтірген жерде не тастап кетті, іздер қай жерде қалуы мүмкін.

Келесі тергеу әрекеттері:

- куәлардан жауап алу;
- күдіктіні ұстау және одан жауап алу.
- күдіктінің тұрған жері мен үй – жайына тінту жүргізу.

Күдіктіден жауап алу – тергеу әрекеттерінің маңыздысы. Оған тиянақты түрде дайындалған жөн, жазбаша жоспар құрастырып, жауап алуға қатысы бар іс материалдарын бір жүйеге келтірген дұрыс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодекстің 113-б. сәйкес қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар: Қылмыстық іс бойынша:

1) оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары);

2) қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны;

3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері;

4) күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар;

5) күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар;

6) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары;

7) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері;

8) әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар;

9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде кісі өлімі болған кезде анықтауға жататын мән жайлар:

- кісі өлтіру қай жерде жасалынған;

- мәйіт табылған жер сол қылмыс оқиғасы болған жер деп айтуға болады ма;

- мәйіт басқа жерде өлтіріліп осы жерге тастап кетті деп айтуға айғақтар бар ма;

- өлтірген әдісі қандай;

- белгілі бір құрал мен заттарды пайдалана отырып, қылмыстың ізін жасыру мақсатында алдын ала дайындалу арқылы;

- кісіні кім өлтірді; егер кісіні өлтіруге бірнеше адам қатысса, оған қанша адам қатысты, әрқайсысының атқарған рөлі, кім жәбірленушіге ауыр жарақат келтірді;

- кісі өлтіру себептермен мақсаттары қандай: (кек алу, қызғаныш, бұзақылық жағдайлармен және т.б.), абайсыздықта немесе әдейі өлтірген азамат кінәлі ме, оның кінәсін жеңілдететін және ауырлататын қандай жағдайлар бар, қорғану шегінен асып кетіп немесе бірден пайда болған қатты күйзеліспен жасалған қылмыс емес пе;

- кісі өлтіру барысындағы зиянның көлемі қандай (егер жәбірленуші семьядағы жалғыз асыраушы болса, тонау жасау арқылы кісі өлтірсе және т.б.);

- кісі өлімі болды ма; оны біреу өлтірді ме, өзі өлді ме, аяқ астынан болған әлде өзін-өзі өлтірді ме;

- кім өлген (жәбірленушінің жеке басы), қандай мәліметтер мен сипатталынады, оның өлтірген адамнан қарым қатынасы; кінәсін жеңілдететін немесе ауырлататын жақтармен кісі өлтіру болды ма; кісі өлтіру қашан жасалынған.

Бұл жағдай толығымен анықталуы нақты уақыты және минутықа дейін анықталады, егер ондай мүмкіндік болмаған жағдайда сот медициналық зерттеулер жүргізіледі;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің 180-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері қарастырылған. Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда:

1) қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның хабары;

2) кінәсін мойындап келу;

3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар;



4) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бастапқы сатысында жоспар тек қана тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру шараларынан тұрады. Олардың арасынан тек қана қажетті жалпы шаралар алынады. Бастапқы тергеу сатысының басты міндеті болып – ол қылмыстың толық элементтері туралы мәлімет алу: қылмыскердің жеке тұлғасын, жәбірленушінің жеке тұлғасын, қылмыскердің ниеті мен мақсаты, қоса орындаушылар болды ма, және т.б. қылмыскерді іздеу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде мынадай жедел іздестіру шаралары қолданылуы мүмкін, пәтерлік немесе үйлерді тексеру жүргізу, яғни жедел іздестіру қызметкерлері - бұл кезде жаңа күдіктінің жолына түсу, аумақты тексеріс кезінде қажетті объектілерді табуда, жедел мәлімет қайнар көзі ретінде қолданылады. Сотқа дейінгі тергеп тексеруде оқиға болған жерді қарап-тексерумен және адамның мәйітін қарап-тексерумен басталады.

**Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің 222-б. адамның мәйітін қарап-тексеру көрсетілген.** Осыған сәйкес оқиға болған жерде мәйіт табылған кезде тергеуші куәгердің және сот медицина саласында маман-дәрігердің міндетті қатысуымен сырттай қарау жүргізеді. Кей жағдайда, яғни маманның қатысуы мүмкін еместігі және қарауды қалдыруға болмайтындығын ескере отырып, қарауға басқа маман, яғни хирург, терапевт, патологоанатом қатыстырылады. мәйітті қарауға сонымен басқа да мамандар, яғни, мысалы, криминалистер, биологтар, антрополог және т.б. қатыстырылады.

**Мәйітті қосымша немесе қайта қарауда**, ол оқиға болған жерінде, сонымен бірге мәйіт оқиға жерінен алынып апарылған жерінде, сот-медицина саласында маман-дәрігер қатысуы міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі.

Адамның мәйітін ол табылған жерде сыртынан қарап-тексеру оның жалпы қағидалары сақтала отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Адамның мәйітін қарап-тексеру үшін басқа мамандар да тартылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде адамның мәйітін қосымша немесе қайталап қарап тексерген жағдайда, сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің қатысуы міндетті. Танылмаған адамның мәйітін фотосуретке түсіру, оған дактилоскопия жасау, сондай-ақ сараптамалық зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу міндетті болып табылады.

Мәйітті қарап-тексеру процесінде азаматтардың қайтыс болған адамды тану туралы мәлімдемелері кейіннен мәлімдеушіден куә ретінде жауап алынып, сол тергеу әрекетінің хаттамасына енгізіледі, бұл адам мәйітін бұдан әрі басқа адамдарға тану үшін көрсетуді жоққа шығармайды .

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде мәйітті қарау кезінде келесілер зерттеледі: оқиға жерінде мәйіттің жатысы жалпы қарауда мәйітті бекітуден тұрады, оқиға жерінде қоршаған заттарға қатысты жалпы орналасуы, мәйіттің бөліктерінің жатысы.

Мәйітті қарау кезінде оның жатыс жерінен объектіге-шығыс, терезе, жар, темір жолына, ағашқа және т.б. Жақын орналасқанына бекітіледі.

Мәйіттің оқиға жерінде алдыңғы жатыс жері өзгеруі мәйіттің іздерінен ауысқандығын білуге болады. Қарау мен белгілі болғандай, мәйіт іздері мәйіттің жақын жерінен өзгерген кезінде өлім келгеннен кейін алғашқы 6-8 сағат өзгеріске ұшырайды. 10-12 сағат өткеннен кейін мәйіт іздері өзгеріске ұшырамайды. Мәйіт жатқан затта мәйіттің үстінде ашық іздер туады, яғни жатқан уақытта қан тамырларының қысылуы қан жүруіне кедергі келтіріп қан ұйылуы пайда болады. Осындай мәйіт іздері болмайды. Мәйітті қарауда, мәйіт жатысын зерттеуге қажет, яғни еден, тас басқа да заттарда жатқанын қарап осы заттармен салыстыру қажет. Егер де мәйіттен табылған жатыс іздері тері іздері арасында сәйкестік болмаған кезде, мәйіттің орнын ауыстырғаның екенін анық көреміз.

**Сараптама арқылы** өлім келу уақыты, мәйітке қатысты ішкі және сыртқы зақымдар мен олардың механизмі мен олардың пайда болуы, зақым келген құралдың кейінгісі мен оларды келтіру уақыты, мәйітте күрес немесе өзін-өзі қорғау белгілері бар ма, өлгеннің қан тобы мен белгісін білуге, жәбірленуші өлгенге дейін алкоголь ішімдіктерін ішті ме және басқа да мәліметтерді анықтауға көмек көрсетеді.

Осында оқиға бойынша қылмыстық құқық бұзушылығын тергеп тексеруде, келесі сараптама түрлері тағайындалады:

- сот-медициналық сараптама; заттық дәлелдемелерді сот-медициналық сараптама; сот-химиялық, биологиялық сараптама; сот-психологиялық сараптама; сот-психотраиялық сараптама; криминалистикалық сараптама (тросслогиялық, баллистикалық, жазутанымдық және т.б.); микрообъектілерді зертеу сараптамасы.

#### **Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы күдіктіні ұстап алу –**

қылмыстық қудалау органы қылмыстың жолын кесу және оған күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу мақсатында немесе адамның жасырынуы не неғұрлым ауыр қылмыс жасауы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса, қылмыстық теріс қылық бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолданатын процестік мәжбүрлеу шарасы. Ұстаудың негіздерді:

1) осы адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталған;

2) көзімен көргендер (куәлар), оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаған адам ретінде осы адамды тікелей көрсетсе не ол адамды Қазақстан Республикасыныңосы Қылмыстық процестік кодекстің 130-бабында көзделген тәртіппен ұстап алған кезде;

3) осы адамда немесе оның киімінде, өзінің бойында немесе тұрғынжайында қылмыстың анық іздері табылған кезде;

4) жедел-іздістіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында адамға қатысты ол жасаған немесе жасауға дайындап жатқан қылмыс туралы анық деректер болғанда, бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалуы мүмкін қылмыс жасады деп күдік келтірілетін адамды ұстап алуға құқылы.

Адамға қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтіруге негіз беретін өзге де деректер болған кезде, егер ол адам жасырынуға әрекет жасаса не

оның тұрақты тұрғылықты жері болмаса немесе күдіктінің жеке басы анықталмаса не сотқа күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат жіберілсе ғана ұстап алынуы мүмкін.

**Жәбірленушіден жауап алу.** Жәбірленушіден өз уақытында жауап алу, істің жағдайлары туралы толық та шын көрсетпелер алуға, кінә мен олардың жақындарына жәбірленушіге әсер етпеуге жағдай жасайды.

Уақыт өте оның көрсетпелері өзгеріске түсуі мүмкін, ол бір нәрселерді ұмытады, басқа біреудің ырқына көнуі де мүмкін болатын жағдайда, т.б.

Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қастандық жасау нәтижесінде ол қатты қозу үстінде болса, одан жауап алуға болмайды.

Аса ауыр жүйке-психикалық жағдайды түсіру үшін тергеуші тыныштық, сенімділік жағдайын, қылмысты тез ашу мен кінәліні жазалаудың тез болатындығына сендіру керек.

Жәбірленушіден қылмыс жасау оқиғасын катынасты жағдайлар туралы жауап алу қажет (уақыт, орын, тәсіл, жағдай қылмысқа дейін, қылмыс уақытында және онан кейін): қылмыскердің осы кезеңдегі ара қатынасы, дене жаракаттары және құралдар, жәбірленушінің тәртібі мен жағдайы, мүлікті зиян мөлшері жауапкершілікті жұмсартатын немесе қатайтатын жағдайлар, қылмыс болу оқиғасын куәландыратын дәлелдемелер және оның нақты бір адаммен жасалғандығы.

Егер жәбірленуші оқиға болған жерде толық және дәл көрсетпелер бере алатын мүмкіндігі болса, онда жауап алуды сол арада өткізген жөн.

**Куәдан жауап алу.** Оқиға болған жерді қараумен бір мезгілде тергеуші немесе оның тапсырмасы бойынша қылмысты іздеу қызметкері куәларды анықтап, олардан жауап алады. Қылмысты көзімен көргендер, мәйітті тапқан адамдар, қылмыс жасалып жатқанда онымен болғандар, туысқандары, таныстары, жәбірленушінің өмірін жақсы білетіндер.

Куәларды анықтау мақсатында оқиға болған жерде сұрау жүргізіледі, жақын маңайдағы үйлердің тұрғындарымен, ұйымдар мен кәсіпорын қызметкерлерімен әңгіме жүргізіледі, басқа ішкі істер органдарына сұрау салынады, автобус, трамвай, троллейбус, электропоезд, автовокзал жүргіншілеріне хабарланады, жергілікті баспасөз, радио, теледидарға хабарлама беріледі, егер қылмыс көлікпен жасалса, онда автошаруашылық, техстанция, жөндеу орындарына, жедел-іздігіру шаралары қабылданады.

Куәгерден жауап алу барысында мыналар анықталады:

Қылмыс қайда? Қашан жасалды? Бастаушы кім? Қандай құралмен денеге жаракат салынды немесе өлтірілді? Қылмыс құралы қайда болуы мүмкін? Мәйітті кім, қашан және қандай жағдайда тауып алды? Мәйіт жанындағы нәрселер не? Қаза тапқан кім?

Қашан, оны кіммен бірге соңғы рет көрді? Ол не істегісі келген еді? Қай жаққа бара жатты? Өзін қалай ұстады? Не айтып еді? Жәбірленушіні үйінен кім шақырды? Қайда? Неге кетті? Өзімен бірге нәрсе, ақша алды ма?

**Қылмысты көзімен көрген адамнан жауап алғанда, мыналар анықталуға тиіс:**

— қашан және қандай жағдайда куәгер оқиға болған жерге тап болды;

— болып жатқан оқиғаны қандай қашықтықтан көрді (қашықтық, ол жерге жарық түсуі);

— өлтірілген кім? Куәгер ол кісімен қарым-қатынаста?

— өлтірілген кім?

— өлтірушілер нешеу болды?

— бұл адамдар куәгерге таныс па? Олармен қарым-қатынас қандай?

— олардың әрқайсысының белгісі, киімі, аяқкиімі қандай?

— олар қашан қай жақтан қандай көлікпен келді?

— бір мезгілде ме, әлде әр кезде ме? олардың келу реті қалай еді?

— олар өзара не туралы сөйлесті? Жәбірленушімен ше? Бірін-бірі өзара қалай атады?

— өлтіру алдында не болды?

— өлтірілушілердің әрқайсысында қандай құралдар, қару бар?

— олардың әрқайсысының іс-қимылы қалай, дененің қай жеріне қайсысы немен тұрды?

— өлтірілер алдында жәбірленуші өзін қалай ұстады оның тәртібі жанжал тудыруға сылтау болған жоқ па?

— жәбірленуші қарсылық жасады ма? Жасаса қандай?

— жәбірленуші өлер алдында өтініш айтты ма? Өсиет ше?

— Өлтірушілер жәбірленушіден не алды?

— Қылмыс жасалған жерде кісі өлтірушілер пайдаланған немесе түсіріп, жоғалтқан нәрселер қалды ма?

— қай жаққа, қандай көлікпен кетті?

— қылмыс жасалған жерде өлтірілер алдында кімдер тікелей болды, бұл адамдар не айта алар еді?

— өлтірілгеннен кейін оқиға болған жерде не болды жағдайға қандай өзгерістер енгізілді?

Өлейін деп жатқан жәбірленушіні немесе мәйітті ең алғаш анықтаған куәгерлерге мынадай сұрақтар қою жөн:

Қашан? Қандай жағдайлар күшімен куәгер оқиға болған жерге тап болды?

Онымен бірге тағы кім болды?

Куәгерге жәбірленуші белгілі ме?

Ол келгенде жәбірленуші тірі ме еді? Не айтты?

Жәбірленушінің өмірін құтқаруға кім, не жасады?

Егер куәгер жәбірленушіні тірі күйінде көрмесе, мәйіттің қалпы, үстіндегі киім жайы қандай еді?

Тергеуші келгенге дейін оқиға болған жерде қандай өзгерістер енгізілген? Мәйіттің қалпы мен жатқан орны өзгерді ме? Қанды біреу сүртті ме?

### **Күдіктіден жауап алу:**

Тергеушінің кісі өлтіру істері байынша жауап алудың табыстылығы күдіктінің жеке басын толық зерттегеніне байланысты. Оның жеке басы туралы мәліметтерді тергеуші жауап алу хаттамасынан, соттылығы туралы арнайы анықтамалардан, сот үкімінің көшірмелерінен, мінездемелерден, ішкі істер органдарының анықтамаларынан, сот шешімі, әкімшілік жаза қолданылғаны туралы сот шешімі, нарколог-психиатрдың анықтамасы және т.б. ақпараттардан тұрады.

Жауап алу кезінде күдіктіден келесіні анықтау керек:

- а) жәбірленушіні қай уақыттан бастап таниды;
- б) олардың арасында қандай қарым-қатынас;
- в) өлтірген күні қандай жағдайда, қандай уақытта және қандай жерде кездескен;
- г) қалай уақыт өткізген, араларында ұрыс керіс болды ма, оның себептері қандай;
- д) жәбірленушіде қандай дене жарақаттары бар, жәбірленушіні өлімге әкелетін жарақат тудырған кезде қалай жатқанын.
- е) жәбірленушіні өлтірген соң күдікті қай бағытпен оқиға орынан көз жұмған;
- ж) кімбен кездескен;
- и) күдікті киімін тазалады ма, қазіргі уақытта аяқ киімі, киімі, және қылмыс құралдары қай жерде орналасқан.
- к) күдікті адам өлтіруді жасыру үшін қандай шаралар қолданды;
- л) күдікті қылмыс жасағаны туралы кімге айтты.

Қылмыстың мән-жайлары туралы барлық мәліметтерді білу қажет, бұл қылмысты жасаған адамға ғана белгілі.

**Сот медициналық сараптамасын тағайындау.** Кісі өлтіру туралы істер бойынша жүргізілетін тергеу істерінің ішінде ең маңызды орынды сот-медицина сараптамасы алады, оны тағайындау дене жарақаттары сипаты мен өлімнің болу себептерін анықтау үшін міндетті болып табылады.

**Сот-медициналық сараптама мынадай мәселелерді шешу үшін тағайындалады:**

а) Жасалынған қылмыстың жағдайлары: өлімнің себебі мен уақыты. Мәйітте дене жарақаттары бар ма? Олардың саны, локализациясы, сипаты және пайда болу тетігі? Зақымдардың қайсысы тірісінде, қайсысы өлгенінде жасалған? Дене жарақаттарының табылу реті? Жарақат жасаған кездегі жәбірленуші қандай күйде болған?

ә) Өлтіру алдындағы жағдайлар: жәбірленуші қанынын құрамында алкоголь бар ма? Оның концентрациясы мастықтың қандай дәрежесіне сәйкес? Жәбірленуші өлтірілгенге дейін тамақ ішті ме? Өлім алдында жыныс қатынасы болған ба?

б) Өлтірудің құралдары: жәбірленушіге салынған дене жарақаттары бір немесе бірнеше құралмен жасалған ба? Құралдың түрі, нысаны, мөлшері, жарақат сараптамаға ұсынылған құралмен жасалмады ма екен?

в) Жәбірленуші тұлғасы: бөлшектенген мәйіт денесінің бөліктері бір адамға жата ма? Жынысы, жәбірленушінің бойы қандай? Жәбірленуші тірі кезінде қандай аурулармен ауырған? Қандай операциялар болған? Оның ағзасында патологиялық өзгерістер бар ма? Ішкі органдарынын. Ауытқуы (аномалиясы) ше? Тіс аппараты құрылысының ерекшеліктері? Жәбірленуші қанының тобы қандай?

г) Күдікті: қаны қандай топқа жатады? Мәйітті бөлшектеген адам анатомия саласынан білімі және секционды техникадан практикалық дағдылары бар ма? Бөлшектеуді жасаған тұлға солақай емес пе?

д) Қылмыстың сылтауы мен мақсаты: мәйіт денесінде зорлықпен жасалған жыныс қатынасына жататын іздер және екі қабаттылықтың белгілері бар ма?

Жәбірленушілерге қорлық керсету сипаты, олар құрбандылықтың ерекше азап шегуіне соққан жоқ па?

е) Мүмкін қылмыс болмай, инценировка жасалған шығар? Мәйіттің денесіндегі жарақаттар жәбірленушінің өз қолымен жасалынған емес пе? Мәйіттің дене жарақаты оның киімінің бүлінуіне сәйкес келе ме? Егер олай болған жағдайда, оны қалай түсіндіруге болады? Жәбірленушінің мойныдағы ілмек-тұзақ елгеннен кейін салынған емес пе? Мәйіттің табылған жері өлтірілген жермен сәйкес келе ме?

**Сот-медициналық зерттеу үстінде (мәйітті) сарапшы алдында кейбір күмәнді мәселелерді шешетін фактілер де анықталуы мүмкін. Сонымен қатар шұғыл түрде тексеруді қажет ететін жағдайлар да анықталуы мүмкін, мұндайда сот-медициналық сараптамасы жүргізілсе, оған тергеушінің қатынасуы аса қажет.**

Сараптамаға материалдарды дайындауда, тергеуші ең алдымен, ауру тарихын (амбулаториялық карта) алады. Егер онда қажетті мәліметтер жоқ болса, онда дәрігерден, хирургтен, емдеуші дәрігерден жауап алынады. Сарапшыға ауруды қарау мүмкіншілігін берген дұрыс, дәрігерлерді, басқа да куәлер мен айыптаушылардың хаттамаларымен танысу өте маңызды болып саналады.

Қазақстан Республикасының ҚПК 202-бабына сәйкес адамды күдікті деп тану туралы жариялау қарастырылған. Адамның қылмыс жасағанын көрсететін, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік 128-б. екінші бөлігінің 1 – 4 тармақтарында көзделген деректер болған кезде, егер бұл ретте оған процестік ұстап алуды қолданудың қажеттігі болмаса, сондай-ақ ұстап алынған адамға Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодекстің 139-б. қолданған кезде оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарады.

Сотқа дейінгі тергеп тексеруде міндетті түрде дәлелденуі тиіс: кісі өлтіру барысындағы кісі өлтірген жерде сол күдікті болды; қылмыскердің осы кісіні өлтіруге қандай жағдайлары болған; қандай әрекеттер қылмыс барысында жасады; қылмыскердің жеке басын анықтау; өлтіру себеп салдарын анықтау барысында келесі мән- жайларды анықтау: ол кісі өлтірілетінін алдын-ала білдіме, қандай мақсатпен ол осы әрекетті жасауға ұмтылды; күдіктімен жәбірленушінің арасында бұрыннан қалыптасқан қарым-қатынастары қандай болды; жәбірленушінің өлгенге дейінгі және өлтіру барысындағы мінез құлқы қандай болды; көрсетпені немесе берген жауабын анықтау мақсатында оқиға болған жерде тексеруде; кісі өлтірген жерді нақтылау; қылмыс болған жерді және қылмысты жасыру жолдарын анықтау; қылмыстың ізі мен қылмыстың құралын табу мақсатында; кісі өлтіру әдісін нақтылау мақсатында және т.б.

Қылмыстық іс материалдарымен күдікті мен қорғаушы танысып болғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруде тергеуші нақты не туралы өтінішхат мәлімдегісі келетінін және қандай мәлімдеме жасағысы келетінін анықтауға міндетті. Бұл ретте күдікті мен оның қорғаушысынан жауап алынған куәлардың, сондай-ақ іске қатысатын сарапшылардың, мамандардың және куәгерлердің нақты қайсысын сот отырысында жауап алу және қорғану ұстанымын растау үшін шақыртқысы келетінін анықтау қажет. Қылмыстық іс материалдарымен танысуы аяқталғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қандай да

бір өтінішхаттардың немесе өзге де мәлімдемелердің бар-жоғын анықтайды. Күдіктінің, оның қорғаушысының, заңды өкілінің, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің іс материалдармен танысқаннан кейін ауызша мәлімдеген өтінішхаттары танысу туралы хаттамаға енгізіледі. Процеске қатысушы өтінішхатты жазбаша түрде баяндау ниеті туралы мәлімдеген жағдайларда, оны дайындауға қажетті, үш тәуліктен аспайтын уақыт ұсынылады, таныстыру туралы хаттамада бұл туралы белгі жасалады. Жазбаша өтінішхат іске қоса беріледі.

Қорыта келе, осы бөлімде адам өлтіру қылмыстарын тергеп тексеру барысында жүргізетін тергеу әрекеттерінің ерекшеліктерін қарастырдық.

## Қорытынды

Тұлға қарсы жасалған қылмыстар мен күрестің құқықтық механизмдер тиімділігін арттыру мәселесі үнемі назар аударуды талап етеді. Жеке басты, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісіндегі мәнділік жеке басқа мейлінше

қауіпті, қол сұғушылықтың жолын кесумен жазалауға арналған қылмыстық заңнаманы иеленеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы жеке басқа қол сұққаны үшін жауапкершілік мәселелерін жаңаша шешеді. Алайда жеке басқа қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік туралы сот тергеу тәжірибесімен қазіргі заңнаманы талдау жекелеген теориялық және тәжірибелік мәселені көрсетеді. Осы әрекеттерді саралау мәселелерін қарастыру қажеттілігі құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметінде меншікке қол сұғу қылмыстарын қате қылмыстық құқықтық бағалау оқиғалары жиі кездесетіндігімен түсіндіреді.

Кісі өлтіру қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде ең бірінші жүргізетін тергеу әрекеттің бірі ол оқиға болған жерді қарау болып табылады. Кез келген қылмыс қаншалықты жоспарланып, ойластырылып жасалғанымен қылмысты жасау сәтіндегі жағдайлар, яғни қысқа, әрі шектелген уақыт, түрлі нашар көріністер, қараңғылық, сондай-ақ қылмыскерлердің іштей толқуы секілді, т.б. ойда жоқ жағдайлар мен өзге себептер қылмыс орнында әркез іздер мен заттай дәлелдердің қалып отыруына мүмкіндік тудырады. Кісі өлігі табылған жерді тергеп тексеру қылмыстың тез анықтап ашылуына көп себебін тигізеді. Өлтіру әдісі өзіне оның әдістерін, қандай қарумен атылғандығын, қанша рет атылған, абайсыздықта немесе арнайы тапсырмамен, қаруларының жиынтығын құрайды. Сондықтан жәбірленушінің жеке басын анықтау қылмыстың себебін білуге көп себебін тигізеді.

Адам өміріне қылмыстық қол сұғушылықпен күрес жүргізудің маңызы, қылмысты дер уақытында ашу мен оны жан-жақты тергеуде ерекше орын алады. Адам өлтіру бойынша істің ашылмай қалуы, көбінде қылмыскерлердің қылмыстық әрекет жасау немесе оның ізін жасыру кезінде өте айлалы әдіс-тәсілдер қолдануларына байланысты, әсіресе тергеу барысында тергеушінің жіберген кемшіліктерінің, нақты айтқанда: оқиға болған жерге дер уақытында шықпауының немесе сол жерді қарау жұмыстарын толық немесе мұқият жүргізбеуінің, ғылыми-техникалық құралдар мен тактикалық тәсілдерді дұрыс қолданбауының салдарынан. Осындай қылмысын нәтижелі тергеудің міндетті шарттарына: жедел-тергеу жұмыстарын тез, әрі дер уақытында жүргізу; заттай дәлелдемелерді, сондай-ақ қылмыскерлердің оқиға болған жерлерде қалдырған іздерін - іздеп табу, бекіту, алу және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану; іс бойынша құрылған болжауларды толық әрі жан-жақты тексеру; жұмыс жасау кезектілігін сақтай отырып, қолданылатын тәсілдерді дұрыс тандап алу; оларды тергеу әрекеті барысында пайдалану шеберлігі жатады.

Кісі өлімі болған кезде анықтауға жататын мән жайлар: кісі өлімі болды ма; оны біреу өлтірді ме, өзі өлді ме, аяқ астынан болған әлде өзін-өзі өлтірді ме; кім өлген (жәбірленушінің жеке басы), қандай мәліметтер мен сипатталынады, оның өлтірген адамнан қарым қатынасы; кінәсін жеңілдететін немесе ауырлататын жақтармен кісі өлтіру болды ма; кісі өлтіру қашан жасалынған.

Жеке адамға қарсы қылмыстар мен күрестің құқықтық механизмдер тиімділігін арттыру мәселесі үнемі назар аударуды талап етеді. Жеке басты, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісіндегі мәнділік жеке басқа мейлінше



қауіпті, қол сұғушылықтың жолын кесумен жазалауға арналған қылмыстық заңнаманы иеленеді.

#### Пайдаланылған әдебиетте тізімі

1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» № 858 Жарлығы.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы 13.11.2014 ж. Орталық Қазақстан газеті 2014.

3 Лаврин А. Хроники Харона. Энциклопедия смерти. М., 1993., С. 11

4 Арыстанбеков М.А., Шакенов А.О. Криминалистика: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды 2003.

5 Зуйкос Г. Понятие и сущность криминалистической тактики. Криминалистика. – М., 1970.

6 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілде №226 – V.

7 Бородин С.В. Преступление против жизни. - М. 1999.

8 Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 Нормативтік қаулысы (2011.21.04. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#)).

9 Наумов А.В. « Мотив убийства» , Волгоград 1989 год, В.В. Орехов « Борьба с преступлениями против жизни и здоровья человека» Москва 1980.

10 Қалаев С. Кісі өлтіру қылмысы бойынша оқиға болған жерді қарау ерекшеліктері.-Республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журналы. Заң 9-10/2010.

11 Исаев А.А. Криминалистика және сот экспертологиясы сұлба нысанында: Оқу құралы. –Алматы, 2005.

12 Арыстанбеков М.А., Шакенов А.О. Криминалистика: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды. 2003.

13 Гинзбург А.Я., Поврезнюк Г.И., Салаев Б.А. Криминалистические методы и средства отождествления личности. Алматы. 1998.

14 Еркенов С.Е., Сұлтанов С.И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы / Професс. Е.І. Қайыржановтың редакциясында - Алматы, 2002.

15 Нұрғалиев Б.М., Арстанбеков М.А., Шакенов А.О. Криминалистика: Оқу құралы. – Қарағанды, 2006.

16 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

17 Исаев А.А. Криминалистика және сот экспертологиясы сұлба нысанында: Оқу құралы. –Алматы, 2005.

18 Фадеев В.И. Расследование криминалистических инсценировок. М. 2015.

19 Тәшібаев Қ.Ө. Қазақстан республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (лекциялар жинағы) // Қарағанды. 2009..

20 Фадеев В.И. Расследование криминалистических инсценировок. М. 2015.

21 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

22 Жедел-іздігіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңы (2014.07.11. берілген [өзгерістер мен толықтыруларымен](#)).

23 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

24 Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа дейінгі тергеудің бірінші тізілімін жүргізу Қағидасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744.

25 Әпенәв С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері. Алматы, 2006.

26 Сидоров В.Е. Начальный этап расследования: организация, взаимодействие, тактика. –М.: «Российское право», 1992.

27 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі (24.11.2015 ж. №422-V заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар өзгертілген).

28 Шакенов А.О., Есболаев Ғ.М., Аубакиров Б.А Криминалистика. Оқу құралы. – Қарағанды, 2012.

29 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілде №226 – V.

30 Хомитов В. Насилие, как признак, квалифицирующий склонение к потреблению наркотиков //Правовая реформа. № 8. 2008.

31 Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тергеу, анықтау бөліністерінің және әскери-тергеу бөліністерінің қызметін жетілдіру бойынша шаралар туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 220 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 сәуірде № 10761 тіркелді

32 Оразалиев М., Еркінов С., Есболаев Ғ. Тергеушіге арналған анықтамалық кітап: Оқу тәжірибелік құрал. – Алматы, 2009.

*Дәріс қоры ПӘС мәжлісінде талқыланып мақұлданды  
2018ж. « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_ хаттама*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТІРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

*Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы*

**Дәріс тақырыбы:**

**«Жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-  
тексеру ерекшеліктері»  
(ҚР ҚК 106 бабы )»**

**Дәрісті дайындаған:**

**ҚСДТ кафедрасының доценті  
полиция подполковнигі**

**А.Т.Шакжанов.**

**Дәріс қылмыстарды сотқа дейінгі  
тергеу кафедрасының отырысында  
талқыланып бекітілді 2018 ж«\_\_»**

\_\_\_\_\_.

**№\_\_ хаттама**

**ҚАРАҒАНДЫ 2018**

**Дәріс: «Жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру ерекшеліктері» (ҚР ҚК 106 бабы )»**

**Дәріс сұрақтары:**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде денсаулыққа қасақана құқық бұзушылықтың жалпы мінездемесі.
2. Денсаулыққа қасақана құқық бұзушылық бойынша тергеп-тексеру барысында тергеу әрекеттерін жүргізудің ерекшеліктері.
3. Қортынды

**Сабақтың мақсаты:**

Әдістемелік - дайындау және оқу құралдарын таңдауды қамтамасыз ететін көрнекі және толық меңгеру дидактикалық мазмұндағы дәрістер.

Дидактикалық - жеткізу курсанттар белгілі бір кешенді оқу ақпарат, белгілі бір білімінің блогының деңгейінде және көзделген көлемде бағдарлама мен тақырыптық жоспарға сәйкес терлеулік қарап-тексеруді ұйымдастыру және өткізу мәселелері. Жеткізу материалын пайдалана отырып, оны түсіну әдістемелік және техникалық оқыту құралдарын қамтамасыз етеді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде болашақ қызметін тиісті практикалық іскерліктер арқылы, оларды жүзеге асыруын түсіну және ғылыми білімін меңгеру, психологиялық орнату мүмкіндігін түсіну тәрбие әзірлеу.

## Кіріспе

Егеменді Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған сот-құқықтық реформа айтарлықтай шамада жатады және сотқа дейінгі қылмыстық-процестік қызметті жетілдіру көп жағдайда оның міндеттерін шешу сот ісін кейінгі сатыларында. Қылмыстарды дер кезінде жан-жақты ашу және толық тергеп-тексеру, ол қылмыстық қудалау органдары тікелей міндеті болып табылады, өйткені заңды дұрыс қолдану және әділ сот төрелігін айтарлықтай қиындық туғызады.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» «Мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналады. Атап айтқанда, азаматтар өз өтініштерінің қалай қарастырылып жатқанын көріп, дер кезінде сапалы жауап алуға тиіс. Сот және құқық қорғау жүйелерін институционалды тұрғыдан өзгерту жүзеге асырылуда. Заңнамаға қылмыстық процестегі азаматтардың құқықтарын қорғау ісін күшейтуді, оның әсіре қатандығын бәсеңдетуді көздейтін нормалар енгізілді. Адвокаттардың құқықтары мен сотқа дейінгі сатыдағы сот бақылауының аясы кеңейді. Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды.

Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көшелерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керек..» - деп атап кеткен.

Осыған орай, жеке адамға қатысты зорлық қылмыстарымен күресу құқық қорғау органдарының алдында тұрған ең маңызды және күрделі міндеттерді. Өйткені, соңғы жылдары анайы және астам өткір барлық қылмыстар түрлері орын алған.

Практикада ғылымның жаңа жетістіктерін, ғылыми–техникалық құралдардың пайдалану арқылы, тергеуші өзінің жоғары кәсібилік білімдерін және білікті қолдану, қылмыстарды жасаған тәсілін анықтау, ашу және тергеу болад. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру және кісі өлтіру, зорлық-зомбылық қылмыс түріне жатад. Егер бұрын басым осындай қылмыстар саны тұрмыстық жағдайда жасалынатын, онда соңғы жылдары алдыңғы қатарға қойған адам өлтіру және денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру жасаған бірі қасақана ниетпен жасалған тапсырыс бойынша, топырақтағы қаржылық, коммерциялық, саяси қарым-қатынастар, адам өлтіру және денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, байланысты адамдарды ұрлауға, адамдарды, қару-жарақты, автомашиналар, кепілге адам алуға, есірткі бизнесімен және басқа қылмыстық қызметпен.

Қылмыстық істерді оқып зерттеу көрсетілді, қасақана адам өлтіру және денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысында тергеу қателіктері анықталды, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруде бір жақты толық емес көлемде (60%пайызы), сонымен қатар қылмыстық-процестік заңыны бұзылғандығы анықталды( 25% пайызы).

Тергеушінің танымдық қателіктері алғашқы білдіріледі, екіншісі оның басқару қызметінің дәрежесіне байланысты.

Бұл ретте, тергеушінің өз іс әрекеттерінің дұрыстығына қатысты немқұрайлықпен қасақана ретінде нәтижесі болуы мүмкін, бірақ адал нәтижесін шатасу арқылы мүмкін, бірақ қылмыстық-процестік заңын және әдістемелік ұсынымдардың талаптарына сәйкес.

Сондықтан, осы дәрісте тақырыптың өзектілігі түсіндіріледі және қарастырылып санаттағы қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізгенде, қателіктерін жою және анықтау, алдын алу тәсілдерінің заңда көзделген бүкіл кешенің қолдану тәжірибесін қолдану зерттеу қажеттіліктері бар.

## **1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында денсаулығына қасақана зиян келтірудегі қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы сипаттамасы.**

Негізгі маңызды элементтері жағдайды болып денсаулығына зиян келтіру болып табылады қылмыс жасау орны мен уақыты. Көп жағдайда қылмыскерлер уақыты мен орнын таңдайды, алдын-ала зерттейді, жәбірленушінің денсаулығына қасақана зиян келтіру қылмыстары әрекет жасауға кенеттен пайда болады.

Абайсызда денсаулыққа зиян келтіру жағдайында жасаған кезде дайындық іс-әрекеттер қылмыс белгілері жоқ (мысалы, бір заттың қандай да бар болуы, қылмыс жасау құралы пайдаланылған ретінде болуы, оның бұл жерде болуы тиіс), сондай-ақ іс бойынша қылмысын жасыру. Зерттеу барысында анықталды, денсаулыққа зиян келтіруді жасайтын орындар пәтер болуы мүмкін, онда жәбірленуші мен күдікті бірге тұруы, жәбірленушінің және күдіктінің немесе олардың таныстарының пәтері болуы мүмкін. Басқа жағдайларда қылмыстар қоғамдық орындарда, көшелерде жасалынады.

Абайсыздық қылмыс жасауға итермелеген қандайда бір қауіпті факторлардың жасаған жағдайдын абайсызда денсаулыққа зиян келтіру қасақана-айырмашылығы-болуы тән. Дәлелдеу барысында абайсыздан кінә болуы тиіс, сондықтан мән-жайларды анықтауға көңіл бөлу керек, өйткені қате шешім және жағымсыз нәтижесінің басталуына әкелуі мүмкін.

Қылмыс жасайтын уақыт сағат 18-ден 24 сағатқа дейін, түнде (сағат 24 сағат 6 –ға дейін).

Қылмыстық оқиғаларға қатысушылардың болуы кінәлі адамның белгілі бір өмір салтын жүргізуі, адамның қоғамға қарсы мінез-құлқы, (ішімдікті шамадан тыс пайдалану, жұмыстың жоқтығы, тұрғын үй болмауы және т. б.) жасалынатын қылмыстар ортағада тікелей байланысы бар. Мас күйінде осындай қылмыстарды жасауға ықпал етеді.

Қылмыстық іс материалдарын жинақтауда көрсеткендей, денсаулыққа зиян келтірудің себептері жан-жалдың, араларында келіспеушіліктің, төбелестің болуы немесе аталған қылмыстардың ішінде, қылмыс жасауға басқа да негіздер болуы мүмкін (коммерциялық қызмет жүзеге асыруға байланысты) қылмыскерлердің санына байланысты. Сирек себептер ретінде қызғаныш, кек, нәсілдік, ұлттық немесе діни өшпенділік болуы мүмкін.

Әрбір оныншы жағдайда бұзақылық ниеттің атап өтілді

Денсаулыққа зиян келтіру тәсілдері әртүрлігімен ерекшеленбейді.

Бірдей сандық қатынаста қолданылатын зерттелген істер, олар екі үлкен топқа бөлінеді:

1) қандайда бір заттарды және қарауды қолдану арқылы денсаулыққа зиян келтіру, оның ішінде пышақ, шынының сынықтары, әртүрлі керек өткір емес заттар (балға, ломдар, ағаштар, бейсбольные биты, шынжыр, кастеттер, дубинкалар, белбеу және т. б.), балталар және 5,3 % істе атыс қаруы;

2) жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру қаруларды қолданбай ақ келтіруге болады-онда аяқ қолмен ұру, жоғарыдан итеріп жіберу, жүріп келе жатқан көлікке итеріп жіберуде қылмыскердің күші қолданады.



Оқиға орнында сонымен қатар жәбірленушінің денесінде және киіміндегі іздер бойынша денсаулығына келтірген зиянды анықтауға мүмкіндік беред. Қарастырылып отырған санаттағы қылмыстық істер бойынша бөлуге болад: қылмыс құралының іздері, (жарақат жасауға қолданылған атыс қаруы, өткір емес заттар, өткір заттар); қылмыс құралының іздері, жәбірленушінің іс әрекетінің іздері, қылмыскердің басқада іс әрекетінің іздері (қол және аяқ киім іздері, қаң іздері).

Қылмыскердің аяқ киімінде және жәбірленушінің денесінде және киімдерінде іздердің болуы, жыртылған киімдер, ішкі органдардың шығып кетуі және терілердің жыртылуы, сүйектердің сынуы, жарылған жара, шабылған, кесілген тән болып табылады. Іздері маңызды тобының ісі қаралатын санаты – микроіздері (микробөлшектер, микрообъекты) , өкінішке орай, сирек – барлығы 3,2 %. Денсаулыққа зиян келтіру ниетіне тұжырым жасауға болад, қылмыс қаруын пайдаланылатын орналасу сипатын қарастыруға болад. Санаттағы істерге талдау бойынша қылмыскерлердің және жәбірленушілердің мінез-құлқы, өмір сүру салты, дүниетанымы бір-біріне сәйкес келеді. Олардың көпшілігі жоғары емес орта білім деңгейінде болды. Төмен мәдени дамуымен ерекшеленеді. Жұмыс істеуге мамандықтары болғанымен, көпшілігі жұмыс істемей, ішімдікке салынып кеткен.

Қылмыстық құқық бұзушылық болған жер туралы сұрақ ерекше маңызы болады, себебі бұл арқылы күдікті және жәбірленуші тұлғасын анықтау, қылмыстық құқық бұзушылықтың әдісі мен ізін анықтауға болады. Бұлар, өзара байланысқан элементтер. Қылмыстық құқық бұзушылық болған жері бойынша статистикалық мәліметтер келесідей: адам өлтірудің 64 пайызы үйлерде, пәтерлерде және саты алаңдарында болады; 18,5 пайызы қала, поселке, ауыл көшелерінде; 7,6 пайызы өндірісте, цехта, зауыт аумуғында; 1,2 пайызы мәдениет үйлерде, интернаттарда; 1,9 пайызы спирттік ішімдерді сату орындарында ( магазин, кафе, сырахана және т.б.); 6,6 пайызы жолдарда, қалалық көліктерде (автобус, траллейбус, трамвай, такси).

Қылмыстық құқық бұзушылық жасау ниеттері келесідей: өш алу; өзіне ұнамайтын адамнан құтылу; құпиясы ашылып қалады деп қорқу; жасалған қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру немесе қылмыс жасауды оңайлату үшін; қызғаныш; мас болып төбелесу және т.б.

Зерттеу анықтағандай белгілі бір криминалистикалық маңызы арасындағы байланысты жасына және ерекшеліктеріне тәсіліне денсаулығына зиян келтіру, жыныстық тиістілігіне және қылмыс тәсілі, жасына және қылмыстың себептері.

Олардың көпшілігі психикалық ауытқулардың түрлі сипаттағы болуы, жалпы қоғамдық қатынастар және қалыпты отбасылық маңыздылығы, көрсетілген әрекеттер жасайтын қылмыскердің құнсыздануы анықталды.

Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру барысында, сонымен қатар басқада қылмыс түрлерін тескеру барысындада тергеу болжамдарын ұсыну және тексеруде маңызы зор. Іс бойынша шындықты анықтау үшін қандай тергеу әрекеттерін жүргізу қажет екенін, тергеп-тексеру барысындағы ұсынылған тергеу болжамдар көрсетед.

Тергеуші білуі тиіс, оның тергеу болжамы, қандай құрайтын оның компоненттері ретінде құрылады және тексеріледі. Заң әдебиеттерінде оның көптеген түсініктері көрсетілген.

Осы ғылыми мәселе, негізгі тәсілдерді бірнешеге бөлуге болады, кейде өте елеулі айырмашылықтарға қарамастан. Оның жекелеген элементтері немесе әлі белгіленген қылмыс оқиғалары тұтастай, тергеушінің негізгі болжамына қатысты, елеулі бөлігін ғалымдар анықтайды.

Мұнда ең тән анықтамаларға осы топ:

" Тергеушінің нысанында болжамдар негізделген нақты деректер оқиға туралы қылмыс және оның жекелеген мән-жайлар тергеу нұсқасы ретінде сипаттауға болады ". Екінші, қылмыс немесе оның жекелеген мән-жайлар, олардың негізінде жатқан ұғым нұсқасының бірі ретінде ықтимал түсініктемелер әлі белгіленбеген оқиғалар, сондай-ақ өте көптеген ғалымдар тобы айқындауды ұсынады.

Ұсынылады, бұл екі топ анықтамалар өзінің мазмұны жекелеген түрлерін дұрыс ережелері, дегенмен, өйткені бір-бірінен екі негізгі функциялары нұсқасы - анықтау және мүмкіндігінше түсініктеме.

Іс бойынша анықталған фактілері бойынша, түсініктеме толық емес, дұрыс емес, тергеу және сот тәжірибесі қортынды жасауға, болжам бойынша белгісіз анықтауға мүмкіндік береді.

Әрине, бір ғана аталған абсолютизациялық, болжамдардың эвристикалық құралы ретінде.

Түсініктеме арқылы белгілі болжамды және бір мезгілде мүмкіндігінше орнату әлі белгісіз мән-жайлар құрайды, өмір заңдылығы тараптар болжамдық әдісі, оның негізін іздеу және зерттеу, алдын ала айту және тарихшылар мүмкіндіктер.

## **2. Денсаулыққа зиян келтіру қылмыстарын тергеп-тексеру барысындағы тергеу әрекеттерін жүргізу ерекшеліктері.**

Денсаулыққа ауыр зиян келтуіне байланысты, қылмыстарды тергеп-тексеруде, оқиға орнын қарап-тексеруді жүргізуге маңызды орын алад.

Бұл, бірінші кезекте, дәлелдеу кеңістіктік және уақытша байланысты субъектінің орны мен қылмыстар оқиғасы дәлелдеме базасы мен шешетін ең бір негізгі тактикалық міндеттерді шешу нәтижелері, осы тергеу іс-әрекеті болашақта сапалы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқиға орнын қарап тексеруді жүзеге асыру кезінде тергеуші, мамандар мен жедел қызметкерлері бағытталған іс-әрекетінің сипатымен қалыптасқан жүргізу кезінде осы тергеу әрекетін жағдайды, мынадай болуы мүмкін:

Оқиға орнын қарап-тексеру барысында қылмыскердің жеке басы және болған мән-жайлар анықталған жағдайда. Бірінші жағдайда қылмыстық оқиғалар бойынша болған мән-жайларды білу үшін тергеуші мен мамандардың қызметі қылмыс іздерін табуға бағытталған

Болуы белгілі бір қылмыс туралы мәліметтерді мүмкіндік береді тергеушіге баса назар аудару табылған іздер-салдарын растайтын мәліметтер, сондай-ақ оларды жоққа шығаратын.

Кәмелетке толған әйелді жәбірленушіге және де тағы да басқаларға күш қолданып немесе қолданамын деп қорқытып жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу арқылы. Кәмелетке толған әйелдің дәрменсіз күйін қолданып жыныстық қатынасқа түсу. Он төрт жасқа толмағандармен жыныстық қатынасқа түсу және кәмелетке толмағандарды жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу.

Осы жоғарыда көрсетілгендердің өзіне тән қол сұғу объектілерінің бар болғанына қарамастан мұның барлығын бір ҚР ҚК 120 бабына жинауға мүмкіндік береді.

Зорлық жасалған кезде жасына басқа негіздемелеріне қарамастан жәбірленуші тек әйел жынысы бола алады. Тәжірибе көрсеткендей зорлау бөтен әйелдерді ғана емес өзінің әйелін, бірге тұратын әйелін және де өзінің туыстарына қарсы жасалатыны да белгілі.

Қылмыстың объективті жағы заңмен көрсетілгендей жәбірленушіге және де басқа да адамдарға жыныстық қатынасқа зорлық көрсету немесе дәрменсіз күйін пайдалану болып табылады. Осыдан аңғаратынымыз, зорлаудың міндетті белгісі болып жыныстық қатынас табылады, яғни әйел мен еркектің шын мәніндегі жыныстық қатынасы. Кінәлі әйелдің еркіне қарсы жыныстық қатынас жасағанда ғана, мұндай әрекет зорлау болып саналады.

Зорлау аяқталған қылмыс болып жыныстық қатынасқа түсу мезетінен бастап саналады. Осындай санаттағы қылмыс бойынша дұрыс саралау үшін аяқталған қылмыс және оған оқталуды ажырата білген жөн. Мұндайда, кінәлі жыныстық қатынасқа түсу мақсатында әрекет жасады ма және қолданылған күш осы мақсатқа жету құралы болды ма, тергеуші және сот міне осыларды анықтау керек. Жоғарыдағыдай жағдайлардағы кінәлінің еркіне байланыссыз себептерге сәйкес, аяқталмаған іс-әрекеттері зорлауға оқталу ретінде қарастырылады. Зорлау кезінде

әйел мен ер адамның арасындағы жыныстық қатынастың зорлық нәтежиесінде болған болмағаны үлкен рөл атқарылады.

Ал қалған жыныстық сипаты бар «зорлық жыныстық қатынас» ҚР ҚК 121 бабымен қарастырылады және де олар зорлау сияқты бағаланады ҚК 120 бабымен қарастырылмайды. Зорлық деп тек тән зардабы ғана емес психологиялық зардап деп те түсіндіріледі. Тәндік зорлық-денсаулыққа зиян келтіру, денеге ауыр жарақаттар салу, көмекке шақыру мүмкіндігінен айыру, байлап қою, қамап қоюдан тұрады. Тәндік зорлық жәбірленушінің денесімен сипатталады. Және де тән зардабы оның сыртқы денесімен қатар оның ішкі органдары да зардаптануы мүмкін. Мысалы есіркі заттары, токсикалық немесе психотроптық заттар қолдану.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты бұл жағдай әйел адамын дәрменсіз күйге әкелу сияқты бағалануы тиіс деп өз көз қарастарын айтып өтті. Осы көзқараспен келісе отырып, тағы осы екі белгіні біріктірілуі тиіс сияқты-тәндік зорлықпен (оның ішкі органдарына оның келісімінсіз әсер ету) оның дәрменсіз жағдайға әкелуі және оның дәрменсіз жағдайын пайдаланып оны зорлауы.

Психологиялық зорлау-жәбірленушіні қорқыту, дене зардабын саламын деп қорқыту, денсаулығына ауыр зардаптар әкелемін деп, оның балаларына, туысқандарына және ол танымайтын адамдарға да дене жарақатын саламын деп қорқыту арқылы жүзеге асырылады. Қорқыту жәбірленушіге ақиқат түрінде көрінуі тиіс, тек осы қорқыту ғана оның қарсылығын тоқтата алады. Осы қорқытулардың барлығы қылмыстың объективті жағына кіреді және де қосымша саралауын талап етпейді. Тәндік және психологиялық зорлық тек жәбірленушіге қарсы ғана қолданылмайды және де сонымен қатар басқа да адамдарға қолданылады. Мысалы сол жәбірленуші әйелді құтқару ниетімен немесе көмекке шақыру ниеті болған жағдайда. Бірақ мұндай жағдайларда оның зорлық мақсатын анықтап алынуы тиіс. Егер де басқаларға күш қолдану жәбірленушінің қарсыласуын басып осы арқылы оның жыныстық қатынасқа келісімін алу мақсатында болса кінәлінің әрекет біліктілігі толық ҚК 120 бабына сәйкес келеді.

Зорлықтың екі түрі де жыныстық қатынастың алдын болуы тиіс. Мақсаты - жәбірленушінің қарсылығын басып және оның еркінсіз зорлық жасау. Зорлауда жәбірленушінің еркінен басқа жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдалануда негізге алынады, яғни құрбан адамның өзімен не болып жатқанын сезіне алмай, қарсыласуға шамасы келмей әрекетсізденуі.

Жәбірленушінің дәрменсіз жағдайы есінен айрылу ауруы салдарынан болуы мүмкін (диабетикалық ком, стенокардин приступі, эпилептикалық есінен айрылу және т.б.) стресске байланысты талу жағдайы және т.б. Тәндік қарсылық көрсете алмау ынтықтықпен, тәндік жетіспеушіліктермен, және қозғалу функцияларының жоғалтуы (паралич, острохондроз, артроз) және де т.б. қылмыскердің немесе оның сыбайластарының тәндік әрекеттерімен түсіндіріледі.

Субъективтік жағынан-зорлау тек тікелей қасақаналықпен жасалады. Кінәлі өзінің жыныстық қатынасты зорлау арқылы жасап отырғанын және де жәбірленушінің келісімінсіз, еркіне қарсы бара жатқанын сезініп отыр. Қылмыстың себебі жыныстық құштарлығын қанағаттандыру болып табылады. Басқа да қылмыс себептері де кездеседі мысалы кек алу, адамның ар намысын таптау.

ҚК 120 бабының 2-тармағында зорлау біліктілігі деп мыналар саналады:

- Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен жасаса;
- Өлтіремін деп қорқытумен ұштасып, сондай-ақ жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты аса қатігездікпен жасалса;
- Жәбірленушіге сөз ауруын жұқтырып алуына әкеп соқса;

Бірнеше рет немесе бұрын нәпсіқұмарлық сипатындағы зорлау әрекеттерін жасаған адам жасаса.

Жәбірленушіге күш көрсету ұрып-соғу, тұншықтыру, байлап тастау нысанында келтіріледі; кейде қылмыскер өзінің арам ойын құрбан ұзақ арпалыстан кейін шаршап, қарсылық көрсете алмаған кезде іске асырылады. Жәбірленушінің қарсылық көрсетпейтін жағдайлары да болады (мысалы, қылмыскер өлтіремін немесе күш жұмсаймын деп қорқыту арқылы жәбірленушінің зәресін кетіреді, сондай-ақ спирт ішімдіктері және есірткі заттарымен мас қылу арқылы дәрменсіздендіреді). Зорлау көбіне пәтелерде жасалады; зорлау орындары ретінде сонымен қатар шатыр, подвал, ал ауылдық жерлерде - қора, шаруашылық қосымша құрылыстар, орман іштері жүреді. Аталмыш қылмыстық әрекет көбінесе кешқұрым және мейрам күндерінде іске асырылады. Зорлау кезінде материалдық іздер көп мөлшерде қалады-жәбірленушінің денесінде, киімінде, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерде, сонымен қатар зорлаушының денесі мен киімінде. Жоғарда аталғандармен бірге, әдетте, жәбірленушілер қылмыскер сырт келбетін және оның киімін жеткілікті түрде суреттей алатындай идеалдық іздер де орын алады. Егер зорлау адам жоқ жерде, қараңғы түскенде және күдікті күтпеген жерден шабуыл жасап жансыздандырған жағдайлар осы қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруде ашу кезіндегі бірқатар қиындықтарға әкеп соқтырады.

Күдіктілердің бұрын құрбанымен аз да болса таныс болғандығы тәжірибеде жиі кездеседі, бөтен адамдар тарапынан зорлау мақсатында әйелдерге шабуылдауы сирек көзге түседі. Әдетте, зорлаушылар бұзақылыққа бейім, мінез-құлықтарында арсыздық, ішімірікпеушілік байқалатын және қоғамды сыйламайтын тұлғалар ретінде көрінеді. Жәбірленуші ретінде көбіне мінез-құлықтарындағы ұшқалақтық, жыныстық қатынасқа бірден түседі деген ой туғызатын бейбастақтық элементтері (мысалы, кездейсоқ танысатын, танымайтындардың пәтерлеріне баратын, арақ ішетін және т.б.) бар қыздар немесе әйелдер танылады. Өздерінің аңқаулығымен зорлау құрбаны бола алатын тәжірибесіз жас қыздар - жәбірленушілердің басқа санатына жатады.

Топтық деп-жәбірленушіге байланысты адамдардың сөз байланысып жасаған зорлау әрекеттерін айтамыз. Осы жағдайда зорлау жыныстық қатынастарға қатыспаған, бірақ жәбірленушіге қарсы зорлық жасау әрекеттерінде қатысқан адамдар, топтық зорлаудың атқарушылары ретінде біліктеленуі тиіс. Осындай топта атқарушылар қатарында әйелдерде болуы мүмкін.

Өлтіремін деп қорқыту-ҚК 106 бабының белгілеріне сәйкес келетін, тез арада зорлаушы жәбірленушінің өмірін қиып немесе денсаулығына зияндық келтіремін деп қорқытуы. Қорқыту сөз жүзінде, белгілі әрекеттермен, қару жаракты пайдалану арқылы немесе қару ретінде белгілі бір затты қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Аса қатігездікпен зорлау - өзіндік білікті белгісі бар, ҚК 120 бабының 2-тармағында көрсетілген жәбірленушіге немесе басқа да адамдарға бағытталған



әрекет. Жыныстық маньяқтың жәбірленушіге қарсы аямаушылық әрекеттеріне, садизмдік әрекеттері болған жағдайда бұл тармақтың ҚК 120 бабына енгізілуі құқықтық жүйемен ақталған.

ҚР ҚК 26 бабының 1-тармағында көрсетілгендей өз еркімен қылмысты аяғына жетуден бас тартса қылмыстық жауапқа тартылмайды. «Үзілді-кесілді» термині қастандық жасауда да, дайындалу да үлкен рөл атқарады.

Тәжірибеде дәл осы «дайындалу» сөзіне байланысты көптеген түсінбеушіліктер пайда болады, өз еркімен қылмысты аяғына дейін жеткізуден бастартты ма, жоқ әлде уақытша өзіне тиімді уақытқа дейін өз ісін тоқтата тұрды ма.

«Үзілді-кесілді қарсылықтың» түсінігі қылмыстың ұйымдастырушысының, қылмысты жасаушының, қылмыстық топтың басшысының ерекшеліктерін сипаттау кезінде толық ашылады. Барлық қатысушылардың қылмысты өз еркімен және нақты қылмысты аяғына жеткізуден бас тартуы тек белсенді түрде қатысқанда жүзеге асырылады. Қылмысты ұйымдастырушы және басшысы өз уақытылы басқару органдарын ескертіп немесе басқа да жолдармен қылмысты аяғына жеткізуді тоқтата алады. Ал қылмысты орындаушы өзіне тәуелді қылмысты тоқтату үшін барлық шараларды қолданған жағдайда қылмыстық жауапқа тартылмайды. Егер орындаушы өз еркімен әрекет және әрекетсіздік нысанындағы қылмыстан бас тартса, онда басқа қатысушылар қылмысты тоқтату үшін белсенді қатысса қылмыстық жауаптылықтан босата алады. Кейбір жағдайларда егер кінәлінің еркісіз зорлау тоқталған жағдайда, оның әрекеттерін ҚР ҚК-нің 24 бабына сәйкес қарастырады, яғни қылмысты жасауға оқталуы немесе дайындалуы бойынша қарастылады.

Дайындалу деп- жәбірленушінің үсіндегі киімін жұлып алуы және тәндік зардаптар немесе психикалық шаралар қолдану болып табылады.

Оқталу деп зорлашының іс-әрекеттері болып табылады, мысалы физиологиялық қатынастардың жиынтығы.

Сотталушының жыныстық қатынасты жасау мақсатында ма немесе болмаса осы мақсатты орындау үшін жасалған жасалмағанын істі шешу кезінде зорлауға оқталу екенін анықтау керек. Сонымен қатар осыған байланысты зорлауға оқталуды әйелдің ар-намысына, қадір қасиетіне және де жыныстық қол сұғылмаушылыққа қатысты басқа қол сұғушылықтан ажырата білу қажет.

Кәмелет жасқа толмағандарды зорлау-14-18 жас арасындағы қыздың жыныстық қол сұғылмаушылығына қол сұғу және де тәндік жыныстық даму жүйесіне қол сұғылады.

Көрсетілген құндылықтарды қорғауды күшейту қажетілігі, мұндай қол сұғушылыққа жазаны күшейтуге әкеп соқтырды. Сонымен қатар заң субъективті принциптен шыға зорлауда кінәлі адамның кінәлілігін дәлелдеуді кәмелетке толмағандарға беруді қажет деп санап отыр. «Көрінеулік» термині кінәлінің нақты оның жасын білгенін түсіндіреді. Кінәлінің жәбірленушінің жасын білгені туралы субъективті қатынасын анықтай отырып тергеу және сот оның айғағын толық тыңдап оны барлық нақты осы іс бойынша жағдайлармен салыстырулары тиіс. Жәбірленушінің тәндік белгілерін, кінәлімен сөйлесу кезінен өзін-өзі ұстау және жасын қалай айтқаны анықталуы тиіс. Егер де субъектінің шынымен білмегені анықталса осы біліктілікті қолдануға болмайды.

ҚР ҚК-нің 120 бабының 3-тармағында айрықша біліктілік белгілері бойынша зорлауға жауаптылық тағайындалған:

- 1) абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соқса;
- 2) абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге, оның АИТВ/ЖИТС жұқтырып алуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса;
- 3) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса;
- 4) төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалса;
- 5) кәмелетке толмаған адамға қатысты ата-анасы, педагог не оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге де адам жасаса;
- б) қылмыстық топ жасаса.

Жасөспірімді зорлау-осыған қарамастан кінәлінің әрекеттері ҚР ҚК 124 бабы мен ҚР ҚК 120 бабының 3-тармағы 3) тармақшасыда көрсетілген қылмыстар жиынтығымен біліктіленеді, егер олар әр түрлі уақытта жасалса, әртүрлі уақытта жасалып өзінің белгілі бір өзіндік мақсаты болса, егер де бұзақылық әрекеттер қылмыстық қатынастың алдын да болса, себебі бойынша жасалмаса, кінәлінің еркіне байланысты болмаса, ондай жағдайда оны қылмысқа дайындалу немесе қылмыс жасауға оқталу деп қарау тиіс (ҚР ҚК 24 бап және 120 баптың 3-тармағы 3) тармақшасы).

Жасөспіріммен жыныстық қатынас бұзақылық әрекеттен кейін жасалады, ол ҚР ҚК 120 бабымен біліктіленуге жатады, ал қалған көрсетілген әрекеттер қылмыстың объективті жағынның басталуы ретінде қарастырылады.

Сот тәжірибесінде көрсетілген факт кішкентай қыз зорлау процесінен кейін, өз еркімен де жыныстық қатынасқа түседі. Бірақ бұл оны жауаптылықтан құтылмайды, себебі ҚК 120 баптың 3-тармағы 3) тармақшасында шартында көрсетілгендей-жасөспірімдігін біле тұра зорлау, оның дәрменсіз күйін пайдалану жасөспірімдердің он төрт жасқа толғанша дейін қорғалады. Келесі ерікті жыныстық қатынастар ҚР ҚК 120 бабымен біліктіленуі керек.

Зорлау абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге, оның ВИЧ\ЖҚТБ-ны жұқтырып алуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса ( ҚР ҚК120 бабының 3-тармағы 2) тармақшасы) ҚР ҚК 120 бабында өзіндік айрықша зорлаудың алты біліктілігі жинақталған.

Біріншісі ҚР ҚК 114 бабында берілген абайсызда денсаулыққа ауыр зардап әкелу. ҚР ҚК 120 бабының қолданылуында абайсызда өлімге әкелу сияқты (ҚР ҚК 120 бабының 3-тармағы 1) тармақшасы) зорлаумен (жыныстық қатынас немесе зорлық көрсету) көрсетілген қылмыстың салдарынан болған ауыр зардаптардың байланысын дәлелдеу қажет. Егер дәлелдеме болмаған жағдайда кінәлі бөлікше яғни әр бабқа біліктіленеді, яғни ҚР ҚК 120 бабы және ҚР ҚК 111 бабы аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру. Соған қарамастан егер кінәлі абайсыздық нысанында жасаса осы көрсетілген салдардан ҚР ҚК 120 бабының 3-тармағы 2) тармақшасына сілтелуі мүмкін. Кейбір салдар ( есту, көру, сөйлеу қабілетінен айрылса, нашақорлық аурумен, токсикоманиялық аурумен ауырып қалса немесе бір органына айрылса) тәндік зорлықпен оның қарсылығын басу мақсатында жасалуы мүмкін. Органның жұмысын жоғалтуы (бала тууға жарамсыздық), жүктіліктің үзілуі, психологиясының бұзылуы-жыныстық қатынастармен теңестіріледі. Бұл ҚР

ҚК 120 бабының 3-тармағы 2) тармақшасының біліктілігіне әсер етпейді, бірақ нақты абайсыздық нысанындағы кінәліліктің объективтік жағын жоюға міндеттене алады.

Вич ауруын жұқтыру зорлау кезінде ҚР ҚК 120 бабының 3-тармағы 2) тармақшасымен қамтылады. Қосымша біліктілік ҚК 118 бабымен нақты қол сұғушылық болған жағдайда талап етіледі. Заң жарлығынан шыға келе барлық нақты қылмыстық іс бойынша ауырлық салдарын олардың айрықша біліктілігі бойынша шығарылу мүмкіндігін сот анықтайды.

Бірақ шығыс себептеріне барлық осы сұрақты шешу жағдайларда міндетті шарты болуы керек: ауыр зардаптар зорлау салдарынан немесе зорлауға оқталудан келеді, яғни кінәлінің осы қылмыста жасаған әрекеттерінің объективті жағына кіруі және себебімен байланысы (абайсызда және қасақана). Және тағы басқа ауыр салдар кінәлі сияқты жәбірленушінің әрекеттерінен болуы мүмкін. Оның зорлау кейін болған, өзіне зиян келтіру әрекеттері, жыныстық қатынастың басталуына дейін, ол жыныстық қатынастан құтылу мақсатында болуы мүмкін. Және сот тәжірибесі зорлаудың салдарына мынаны байланыстырады мысалы, жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруі немесе оқталуы. Бірақ бұл салдар зорлаушыға дәлелдеу барысында қосымша мақсат немесе абайсыздықта оның тарапынан жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруі жазылады. Егер мұндай нұсқаны көрсетпесе жәбірленушінің өзін-өзі ұстауы, оның болатынын білмей және оған ҚР ҚК 120 бабының 3-тармағы 2) тармақшасымен бұл белгі бойынша шығарылып жазылады (мысалы әйел зорланып жыныстық қатынасқа бірнеше рет түскен оған қарамастан өзін-өзі өлтіруді қолданбаған). Егер оның күйеуі, жақын туысқандары оған зорлаудың себебі болған оның өзін адамгершіліксіз ұстауы деп бетіне басып ол өзін-өзі өлтірсе оны кінәліге жабуға болмайды. ҚР ҚК 120 бабының 3-тармағы 2) тармақшасы барлық ауыр зардаптар зорлау салдарынан болған немесе зорлауға қастандық жасаудан болған зардаптар толық қамтылатын өмірге қауіпті емес бірақ шығысы бойынша ауырға жатқызылады.

Зорлаудан немесе зорлауға оқталудан келген зардаптар барлық ауыр зардаптар ҚР ҚК 120 бабының 3-тармағы 2) тармақшасымен қамтылады және де ҚР ҚК 106 бабы қосымша біліктілікті талап етпейді. Сонымен қатар себепті денсаулыққа қасақана зиян келтіру жәбірленуші зорлаудан кейін мысалы кек алу үшін немесе құрбандығының көрсетілген қарсылығын басу мақсатындағы себептер жиынтығы ҚР ҚК 120 бабы ҚР ҚК 106 бабымен бірге біліктілікті. Сот тәжірибесіне ауыр біліктіліктің ережелері мен мүмкіндік адам өлтіруге қатысты және ауыр зардаптары зорлаудың ҚР ҚК 120 бабының 3- тармақ 2) тармақшасында көрсетілген. ҚР Жоғарғы Сотының түсіндіруі бойынша, адам өлтіру басқа қылмыстармен қатар біліктілікті талап етеді, баптардың жиынтығымен ҚР ҚК осыған қарамастан өзіндік екі қолсұғылмаушылық жасайды. Он төрт жасқа толмағандарды көрнеу (120 бап 3- тармақ 3) тармақшасы).

Осы бөлімнің қорғау объектісі- қыздың адамгершілік қалыптасуы және де дұрыс тәндік және жыныстық даму мен жыныстық қолсұғылмаушылығы болып табылады. Жасөспірімді зорлау оның дәрменсіз күйін пайдалану жағдайын қолдану жағдайын қолданып жасалатын қылмыс болып табылады. Жәбірленуші өзінің жасына байланысты өзімен болып жатқан әрекеттердің салдарын түсіне алмайды.

Ауырлататын жағдайлар болмаған кезде зорлау туралы қылмыстық істер тек жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалады. Ауырлататын жағдайлар алған кезде қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға жәбірленуші туыскандарының арызы, медициналық мекемелер хабарламалары және қылмыс белгілерін тергеуші немесе басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері тікелей өздері анықтауы негіз бола алады.

Зорлау оқиғасы бойынша қылмыстық іс жүргізген кезінде төмендегідей бірқатар мәселелерге назар аударған жөн. Біріншіден, жәбірленуші өзіне қатысты зорлау әрекеті орын алды деп қандай да бір тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту жайлы арыз беріп, кейіннен қандайда бір себептермен өз ниеттерін өзгертуі мүмкін; мұндай жәбірленушілер алдында берген көрсетулерінен бас тартып, ал кейде тергеуге де қарсылық көрсетіп жатады. Сондықтан зорлау туралы арыз алу барысында сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде жәбірленушінің ықыласына қарамастан кейіннен қысқартылмайтындығы жайлы шағым берушілер ескерілуі тиіс. Екіншіден, жәбірленушілер кейде қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы жоқ әрекеттерді зорлау деп санап, қателеседі (мысалы, зорлау емес азғыру іс-қимылдары орын алғанда). Мұндай жағдайларда қателік жібермеу үшін арыз алар алдында жәбірленушіден тыңғылықты түрде жауап алынып, көрсетулер талдаудан өткізіліп, ал қажет болған кезде тергеуге дейінгі тексерулер жүргізілген жөн. Аталмыш тексеріс мақсаты-жәбірленуші берген арыздағы зорлау оқиғасын дәлелдейтін деректерді жинау. Оларға: арызданушы және күдікті денесіндегі жарақаттар, киімдегі зақымдар мен әртүрлі іздер, жәбірленуші дәрменсіз жағдайға қасақана келтірілгендігін көрсететін дәлелдер және т.б. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру үшін негіздерді анықтаудың тағы бір қажеттілігі зорлау туралы істер бойынша тәжірибеде біреуге жала жабу оқиғалары аз емес (мысалы, үйленуге мәжбүр ету, өз мінез-құлқын туыскандар алдында ақтау, ашыналық байланысты жалғастыруды бас тартқаны үшін кек алу және т.б.). Алдын-ала тексерістің мәні оқиғаға қатысы бар тұлғалардан қажетті түсініктемелер алуда, медициналық мекемелерден құжаттар талап етуде және оқиға болған жерді қарауда жатыр. Қылмыс іздері мен басқа да дәлелдемелер қайтымсыз жоғалуы мүмкін болғандықтан, тексеріс кідірілмей өткізілу керек. Денсаулыққа келтірілген зиянның ауырлығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 875/1 бұйрығымен бекітілген Сот-медициналық сараптама өндірісін ұйымдастырудың ережесіне сәйкес алынған сараптама қорытындысы негізінде анықталады. Зорлау немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерін жасау барысында немесе аталған қылмыстарды жасауға оқталу кезінде не болмаса зорлап жыныстық қатынасын жасау, нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері аяқталғаннан кейін жасалған қылмысты жасыру немесе көрсетілген қарсылық үшін кек алу мақсатында жәбірленушіге құқыққа қарсы қасақана қаза келтіруді қылмыстардың жиынтығы бойынша ҚР ҚК 99-бабы екінші бөлігінің 10) тармағы және ҚР ҚК 120 немесе 121-баптарының тиісті бөліктері бойынша саралаған жөн. Жәбірленушілерге абайсызда қаза келтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру (оның ішінде жәбірленушілер таңдап алған қылмыстан қорғану тәсілі нәтижесінде, мысалы: биік ғимараттардан, жүріп бара жатқан көліктен немесе поездан секіру кезінде алған), ВИЧ/ЖҚТБ жұқтыру, сондай-ақ басқа да ауыр

салдарлардың орын алуы, ҚР ҚК 120 немесе ҚР ҚК 121-бабының тиісінше үшінші бөлігімен қамтылады және қосымша саралауды талап етпейді. Зорлау немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолданып әрекеттерін жасау барысында көрсетілген қарсылықты басып тастау мақсатында қорқыту деп кінәлінің жәбірленушіні оның өзіне немесе жақындарына күш қолданатын пиғылының шынайылығын білдіретін сөздермен немесе әрекеттермен қорқытуын түсіну керек. Қорқыту ҚР ҚК 120 және ҚР ҚК 121-баптарының диспозициясында көрсетілген зорлау, нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерінің қажетті элементтерінің бірі болғандықтан ҚР ҚК 115-бабы бойынша қосымша саралауды талап етпейді. Өлтірумен, денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, сондай-ақ тұлғаға басқа ауыр күш қолданумен немесе мүлкін өртеумен жою, жарылыс жасаумен немесе өзге де жалпыға қауіпті тәсілмен қорқыту, егер олар зорлаудан немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерін жасаудан кейін, мысалы, жәбірленушіні қорқыту немесе орын алған жағдай жайында арызбен жүгінуге жол бермеу мақсатында жасалса және мұндай қорқытушылық орындалады деп сескенуге жеткілікті негіз болса, ҚР ҚК115-бабы бойынша дербес саралануға, ал жасалған әрекет тұтастай көрсетілген қылмыстық нормамен және ҚР ҚК 120 немесе ҚР ҚК 121-баптарының тиісті бөлігінің жиынтығы бойынша саралануға жатады.

Жәбірленушінің дәрменсіздігі деген-бұл оның дене құрылысына немесе психикалық жағдайына (жастығына, дене кемтарлығына, ақылының ауысуына, басқаша ауру немесе есінен айырылу және т.с.с. жағдайларда) болуына байланысты айыпкерге қарсылық көрсету мүмкіншілігінің жоқтығы екенін, айыпкер онымен жыныс қатынасына түскенде жәбірленушінің тап сондай халде екенін сезінгенін ескеру керек. Жәбірленушінің жастығына байланысты (14 жасқа дейінгі) дәрменсіздігін пайдаланып зорлады деп тану-тек оның жасының қаншада екенін білгенге ғана емес, жәбірленушінің онымен істелген әрекеттердің сипаты мен келер зардаптарын түсіну және қарсылық көрсету қабілеті жөніндегі мәліметтерге негізделуге тиіс. Қажет болған реттерде жәбірленушіні куәландыру үшін психология-психиатриялық сарап тағайындау керек. Жас немесе кәмелетке толмаған қызды зорлау үшін жауаптылық тек айыпты адам қылмыс жасағанға дейін жәбірленушінің жасы жөнінде білсе немесе жәбірленушінің жас не кәмелетке толмағаны жөнінде болжаса ғана болуы мүмкін. Жәбірленушінің дене құрылысы оның нақты жасына сай келмеуі айыптының жәбірленушінің жасы жөнінде күні бұрын білген-білмегендігін көрсететін басқа жағдайлар жиынтығымен бірге бағалануға жатады. Егер жәбірленушінің мастығы оның айыптыға қарсылық көрсетуіне мүмкіндік бермейтін дәрежеде болса, жәбірленушінің мас болғанын ол дәрменсіз жағдайда болды деп тануға болады. Бұл ретте жәбірленушіні осындай жағдайға айыпты адам келтірді ме, жоқ әлде оның дәрменсіз жағдайға түсуі айыптының әрекеттерінен тыс болды ма-мұның маңызы болмайды. Айыпты адам жәбірленушіні дәрменсіз жағдайға келтіру үшін дәрі, есірткі, аса күшті немесе улы заттарды қолданған ретте, сарап тағайындау, мамандардан жауап алу және басқа жолмен қолданылған препараттардың қасиеті мен олардың адам жүйесіне тигізетін әсерін анықтауға шаралар қолдану қажет.

Зорлау-физиологиялық мағынада жыныс қатынасы басталған сәттен бастап аяқталады деп саналады. Зорлауға оқталу-бұл күш жұмсау арқылы жәбірленушімен

жыныс қатынасын жасауға бағытталған, бірақ көздеген нәтижеге айыптыдан тәуелсіз себептермен орындалмай қалған тікелей қастандық ниетпен жасалған әрекеттер. Зорлауға оқталуды басқа қылмыстардан шек қойғанда күдікті жәбірленушімен жыныс қатынасын оның еркінен тыс жасауды мақсат қылғанын және қолданылған күш осы мақсатқа жетудің құралы болғанын анықтау қажет. Бұл жағдайлар болмаған ретте ол зорлауға оқталғандық үшін жауапқа тартылуға тиісті емес. Жәбірленушіні жыныс қатынасын жасауға көндіруге бағытталған әрекеттерді (дәмелену), осыған жету мақсатында алдауды, оны пайдалануды зорлау немесе оған оқталу деп саралауға болмайды. Әйелді зорлаудан өз еркімен бас тарту, тек қылмыс жасауға кіріскен адам аяқтамаған зорлауға оқталу кезінде оны ақырына дейін жеткізуге мүмкіндігі барын біле тұрып жеке басының ықтиярымен бас тартса қана мүмкін болады. Зорлаудан өз еркімен бас тартуға дейін жасалған қоғамға қауіпті әрекеттер (соққыға жығу, денеге жарақат салу, киімді жұлқы-жырту және т.с.с.) жағдайларға қарай қасақана денеге жарақат салу, қасақана мүлікті жою және басқа жауаптылықты көздейтін ҚР ҚК-тің баптары бойынша саралануға тиіс. Жыныстық қатынас жасауға физиологиялық мүмкіндігі жоқ және оны өзі білетін адам зорлауға оқталғандыққа сырттай ұқсас әрекеттер жасағаны үшін ҚР ҚК-нің 120-бабы бойынша жауапқа тартылуға тиісті емес. Оның әрекеттері нақтылы жағдайларға байланысты бұзақылық, қорлау және басқа жауаптылықты көздейтін ҚР ҚК-тің баптары бойынша саралануы мүмкін.

Бірнеше адам (екеуден кем емес) жәбірленуші жөнінде бірлескен қимыл жасап онымен күш жұмсау арқылы жыныс қатынастарына түскенді бір топ адам болып жасаған зорлау деп саралауға болады. Зорлап жыныс қатынасын өздері жасамаған, бірақ жәбірленушіге күш қолдану жолымен басқалардың оны зорлауына көмектескен адамдар, топтасып зорлаудың бірге орындаушылары болып табылады. Жәбірленушімен өзі жыныс қатынасын жасамаған және жасауға оқталмаған, бірақ ақыл-кеңес берумен, жөн сілтеумен, жағдай жасаумен немесе кедергілерді жоюмен басқалардың жәбірленушіні зорлауына көмек көрсеткен қылмысқа қатысушылар қылмысқа көмектесуші болып табылады және олардың әрекеттері Қылмыстық кодекстің 27-бабын қолдану арқылы саралануға тиіс. Бір топ адам болып жасаған зорлау деп бірнеше адам бір жәбірленушіні зорлаған ретте де, сондай-ақ күш не психикалық қорқыту айыптылардың алдын ала келісілген әрекеттерімен бірнеше әйелдерге қолданылып, содан кейін әрбіреуі жеке бір әйелмен жыныс қатынасын жасағанды да тануға жатады. Әйелді зорлауға бірге орындаушы болып қатысқандардың біреуі жасы қылмыстық жауаптылық белгіленген жасқа толмаған себепті немесе есі дұрыс еместіктен жауапқа тартуға жатпайтын ретте, зорлауға қатысқан екіншісінің әрекеттері бір топ болып жасалған қылмыс деп қаралуы мүмкін емес. ҚР ҚК 120-бабы екінші бөлігінің 4) тармағында немесе ҚР ҚК 121-бабы екінші бөлігінде көрсетілген белгілері бойынша жауаптылыққа бұрын жасалған зорлау немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері үшін сотталғандығы заңда көрсетілген тәртіппен алынбаған немесе жойылмаған, сондай-ақ соңғы зорлау немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерін жасаған кезде уақыты бойынша бұрын жасалған зорлау немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері үшін қылмыстық жауапқа тартудың ескіру мерзімдері өтпеген тұлғалар тартылады. Сонымен қатар, зорлауды немесе нәпсіқұмарлық

сипаттағы күш қолдану әрекеттерін бірнеше рет қайталану деп тану үшін кінәлінің бұрын аяқталған қылмыс жасағандығы немесе оған оқталғандығы, сондай-ақ ол орындаушы немесе қылмыстың қатысушысы болғаны маңызды емес. Егер кінәлі адам болмашы уақыт аралығында белгілі бір жәбірленушілерге қатысты бірнеше жыныстық қатынас немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерін жасау кезінде бір ниетпен әрекет етсе, қылмысты жалғаспалы деп тану қажет және мұндай жағдайда бір жәбірленушімен күш қолданып бірнеше жыныстық қатынас немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерін жасау бірнеше рет жасалуды құрамайды. Жауаптылық ҚР ҚК 120 немесе ҚР ҚК 121-баптарының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, екі немесе одан да көп зорлау немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері жасалған кезде, бұл әрекеттер ҚР ҚК 12-бабы төртінші бөлігінің талаптарына сәйкес, ҚР ҚК 120-бабы екінші бөлігінің 4) тармағы (негіздер болған кезде басқа да тиісті тармақтарымен) немесе ҚР ҚК 121-бабы бойынша саралануға жатады. Зорлау немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері жасалған кезде, ал басқасында-зорлау немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері аяқталған болса немесе бір қылмысты жасаған кезде кінәлі оны орындаушы, ал басқа қылмыстарды жасау кезінде-ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші болса, кінәлінің әрекеттері қылмыстардың жиынтығы бойынша саралануы тиіс.

2 Зорлау қылмыстық құқық бұзушылық бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар.

Зорлау дегеніміз—күш көрсету немесе ол күшті көрсетемін деп қорқыту, сондай-ақ дәрменсіз жағдайды пайдалану арқылы жәбірленуші және басқа да тұлғаларды жыныстық қатынасқа тарту. Зорлау кезіндегі қылмыстық қастандықтың тікелей затына нақты әйелдің жыныстық дербестігі жатады. Бұл жерде жәбірленушінің дене мүшелеріне, ар-ожданына, сондай-ақ кейде материалдық, яғни, мүлкіне зиян келтіріледі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 120-шы бабы бойынша «Зорлау, яғни жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау». Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодекстің 32-бабының екінші бөлігіне байланысты, Қылымыстық кодекстің 120-шы бабының бөлігі бойынша қылмыстық қудалау істерінің жеке-жариялы тәртіппен жүзеге асырылады. Сондықтан жәбірленушінің шағымы болса ғана басталады. Егер әрекет дәрменсіз немесе басқаға тәуелді жағдайдағы не басқа да себептер бойынша өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз адамдардың мүдделерін қозғайтын не басқа адамдардың, қоғамның немесе мемлекеттің елеулі мүдделерін қозғайтын болса, прокурор жеке-жариялы айыптау ісі бойынша жәбірленушінің шағымы болмаған кезде де іс жүргізуді бастайды немесе жалғастырады. Қылмыстық Кодекстің 120-шы бабының 1 бөлігі бойынша жәбірленушінің шағымымен басталған сотқа дейінгі тергеп-тексеру, тек Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабында көзделген жағдайларда ғана жәбірленушінің айыпталушымен бітісуіне орай қысқартылуға жатады. Ал, зорлаудың сараланған түрлері бойынша, зорлауды: адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса; өлтіремін

деп қорқытумен ұштасып, сондай-ақ жәбірленушіге немесе басқа адамдарға қатысты аса қатыгездікпен жасалса; жәбірленушінің сөз ауруын жұқтырып алуына әкеп соқтырса; бірнеше рет жасалса. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, егер олар: абайсызда жәбірленушінің қайтыс болуына әкеп соқтырса; абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге, оның АИТВ/ЖИТС-ын жұқтырып алуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырса; көрінеу кәмелетке толмаған балаға қатысты жасалса; қоғамдық зілзала жағдайларын пайдалана отырып немесе жаппай тәртіпсіздік барысында жасалса; кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген ата-ана, педагог не өзге де адам кәмелетке толмаған балаға қатысты жасаса, жоғарыда көрсетілген әрекеттер, егер олар көрінеу он төрт жасқа толмаған жәбірленушіге қатысты жасалса, қылмыстық іс жәбірленушінің арызына қарамастан сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіп, істі сотқа жіберді.

Зорлау келесі құрылымдық ерекшеліктерге ие:

- шығыс ақпараттың ерекшелігі;
- зорлауды жасау әдісі;
- қылмыс жасау жағдайы, уақыты және орны;
- зорлаушы болуы мүмкін тұлғаның жеке басы туралы ақпарат.

Типтік элементтер:

- қылмыс құрбаны болуы мүмкін тұлғаның жеке басы туралы ақпарат.

Шығыс ақпараттың ерекшелігі. Сотқа дейінгі тергеудің басталу сәтіне орай шығыс ақпараттың талдауы тергеудің алғашқы кезеңінің бағытын анықтау және болжамдарды қарастыруға негізделеді. Зорлау туралы қылмыстық істер бойынша шығыс ақпараттардың көздері әртүрлі (жәбірленушілер, олардың туысқандарының арызы, медициналық мекемеден келім түскен ақпарат және т.б.). Көп жағдайларда қылмыстық құдалау органдарына жәбірленушінің өзінен немесе туысқандарынан мәлім болады. Алғашқы ақпарат ішінен (арыз және хабарлама) ішкі істер органдарының қызметкерлеріне шығыс ақпараттың маңызды бөлігі алынады, бірақ тергеуші оны кейінге қалдырылмайтын тергеулік әрекеттер жүргізу арқылы да ала алады. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы шығыс ақпараттың көлемі мен мазмұнына көңіл бөлсек, криминалистикалық әдістемеді алғашқы кезеңде тергеуді типтік бағыттарының ұсыныстары әзірленуде. Шығыс ақпарат ерекшеліктеріне сүйенетін бірнеше қылмыстық істің саралануы бар. Бірақ, Р.С.Белкин айтқандай, шығыс ақпараттың саралануына негіз болып қылмыс туралы толық мәліметтің бар болуы болып табылады.

Зорлау қылмыстық құқық бұзушылықтың жасау әдісі қылмыстың криминалистикалық ерекшеліктерінің маңызды элементінің бірі, оның талдауы басқа элементтермен бірге тергеушіге криминалистикалық маңызды ақпараттың кемшіліктерін толтыруға, қылмыс жасаған тұлғалар туралы болжау жасауға, қылмыстық істің тиімді тергеуін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қылмысты құқық бұзушылық жасау әдісінің нақты анықтамасын Г.Г.Зуйков берген, оны қылмыстық әрекетке дайындық, жасау және жасыру, қоршаған орта мен жеке тұлғаның психофизикалық қасиеттерімен, қажетті құрал таңдау және қолайлы орын және уақытымен байланысты.



Криминалистикалық әдебиетте қылмысты жасау әдісін келесі кезеңдерге бөледі: дайындық, жасау және жасыру, егерде олар бір оймен жасалса. Р.С.Белкин айтқандай, «қылмыс әдісі» терминін қолдану барлық кезеңдердегі әрекеттің әдістерін қамтиды

Қылмысқа дайындалу ғана емес, сонымен қатар қылмысты жасау және жасыру бір оймен және біртекті жүйелі қылмыс жасау әдісімен жүзеге асырылады. Қылмысты әр түрлі әдіспен жасаудың бір мақсаты, ол жыныстық қажеттілікті қанағаттандыру.

Қарастырылатын кейбір қылмыстар әр түрлі жағдайға байланысты жасалады, қылмыс жасау ниеті аяқ астынан пайда болады, яғни зорлаушының психикасына әсер ететін факторларға байланысты (көбінесе алкогольдік ішімдік ішкеннен, құрбанның фиктимділігі және т.б.). Басқа жағдайларда қылмысқа дайындық орын алады, яғни зорлаушы мен құрбанның арасындағы өзара қатынасымен әркеті ерекшеленеді. Зорлаушының сексуалдық қол сұғушылыққа дайындық барысында, ол әрекет ететін жағдайды бағалайды, жасын, физикалық күшін, интеллектуалдық мүмкіндіктерін, психологиялық және жәбірленушінің жеке ерекшеліктерін ескереді.

Зорлауға дайындықтың типтік әдістері болып:

- болашақ құрбанымен зорлаушының отырыс жерлерде тынысу (кафеде, түнгі клубта және т.б.), таныстардың ортасында немесе басқа да жағдайларда;

- зорлаушы құрбанды алдау немесе қорқыту арқылы қылмыс жасау үшін тиімді жерге жеткізу;

- құрбанды адам жүрмейтін жерлерде әдейі бақылап алу.

Тікелей зорлау жасау әдісіне оралайық. Зорлауды жасау әдісінің криминалистикалық ерекшеліктері қылмыс құрамының қасиеті болып табылатын, осы түсініктің қылмыстық-құқықтық жағдайында негізделеді. Осы себепке байланысты зорлауды жасаудың келесі түрлері бар:

- жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдалану;

- зорлықпен қорқыту (психологиялық зорлау);

- күш қолдану арқылы.

Зорлықпен қорқыту екі түрге бөлінуі мүмкін.

Бірінші түрі-бұл белгілі сондай белгісіз құрбанның өзіне бағытталған қорқытушылық. Оны зорлаушылар жиі қолданады. Зорлықпен қорқытушылықты көбінесе бұрын сотталмаған тұлғалар қолданады. Бұрын сотталғандар өлтірумен немесе ауыр жарақат келтірумен қорқытады. Осындай қорқытушылықтар негізінен адамдар тобымен жасалған қылмыста орын алады. Екінші түрі-құрбанның жақын туысқандарына бағытталған қорқытушылық. Осындай қорқыту түрі құрбанның жақын туыстарына зиян келтіру немесе өлтірумен анықталады. Жақын туысқандар деген түсінікті, құрбан үшін олардың денсаулықтары мен өмірі қымбат адамдар. Осындай қорқытушылықтар құрбанды немесе оның жақын туысқандарын атыс қарумен, шаншып-кесу құралдармен және т.б. қорқытумен байқалады. Тәжірибе көрсеткендей зорлау қылмысын жасау барысында қару құралдары сирек кездеседі, алайда оларды қолдану жәбірленушінің қарсылық көрсету мүмкіндігінен айырады. Тергеу және сот тәжірибесінің талдауы көрсеткендей, зорлау қылмысын жасау кезінде физикалық күш қолдану көп жағдайларда орын алады. Ең қарапайым түрі денсаулыққа зиянын тигізбейтін денеге жарақат келтіру. Осыған құрбанды

байлау да жатады, бұндай әрекеттерді ересектерге қарағанда кәмелетке толмағандар жиі қолданады. Өткені кәмелетке толмағандар қылмысты топпен жасайды. Топпен жасалған зорлауда дайындық шаралары болмайды, сол себептен құрбанды қорқыту мақсатында қару ретінде қолда бар заттар немесе басқа мақсаттар үшін дайындалған құралдар болуы мүмкін. Денсаулыққа жеңіл жарақат келтіруді негізінен бұрын сотталмаған ересек адамдар және жас қылмыскерлер қолданады. Денсаулыққа ауырлығы орташа немесе ауыр жарақат келтіретін тұлғалар бұрын зорлау үшін сотталғандар. Физикалық күш қолданылғаны туралы түрлі дене жарақаттары, тістеу іздері, көгерген жерлерден байқалады. Көгерген жерлер жәбірленушінің бетінде және денесінде болады, ұстау кезінде шынтакта, жамбастың ішкі жағында және т.б. жерлерде пайда болады. Олардың пайда болуы күш көрсету ерекшеліктерімен, зорлаушылар санымен және басқа жағдайлармен негізделеді. Кінәліні табу мақсатында зорлау әдісін анықтау кезінде, қылмыстық мақсатқа жету үшін қандай әрекет жасағандығын білу қажет. Зорлауға қатысты анықтауға жатады: кінәлі жәбірленушімен қалай танысты; нақты жерге қалай жеткізді, қарсылықты қалай тындырды; өзінің жыныстық қажеттілігін қалай қанағаттандырды, сонымен қатар қандай басқа әрекеттер жасады. Зорлау қылмысын жасыру әдісін анықтау үшін, яғни зорлаушы қылмыс жасаған жерде ұсталынбау және жәбірленушімен әшкереленбеу мақсатында қандай әрекеттер жасағанын білу керек.

Жасырудың типтік тәсілдері болып:

- қылмыс болған жерден тез арада кету;
- қылмыс іздерін жою (қан, ұрық сұйығы, сонымен аяқ киім және саусақ іздері);
- жалған айғақ беру;
- киімді және т.б. заттарды жасыру.

Жасырудың жиі кездесетін тәсілдері:

- маска киіп қылмыс жасау;
- жәбірленуші мен куәларға әсер ету;
- алиби дайындау;
- жәбірленушіні өлтірумен қорқыту, егер ол құқық қорғау органдарына жүгінсе;

Топпен жасалатын сексуалдық қол сұғушылықтар көбінесе, олардың қатысушылардың қылмыс іздерін жою мүмкіндіктерін қолданбаумен ерекшеленеді, өткені уақыттары болмайды және ол туралы ойламайды. Сексуалдық қол сұғу әрекеттерін жасыру қылмыс жасау әдісінің элементі ретінде қылмысты жасау алдында, жасау кезінде және кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Зорлау кезінде пайда болған, болып жатқан және кейіннен болған әрекеттердің барлығы қандай да нәтижеге жетуге бағытталған қылмыстық ниеттің кезеңдері. Зорлаушымен қолданатын қол сұғушылық әрекеттері құрбанмен танысу барысы және жағдайымен байланысты. Зорлау жасау жағдайы, уақыты және орны. Қылмыстық құқық бұзушылықты жасау жағдайы қылмыстың криминалистикалық ерекшеліктерінің маңызды элементі болып табылады, ол қылмыстық әрекеттің басқа да элементтерімен өзара байланысты. Қылмыс жасау жағдайдың криминалистикалық түсінігі барлық қылмыстық-құқықтық ғылым және тергеулік тәжірибеге сүйенеді және қалыптасады. Криминалистикалық тұрғыда қылмысты жасау жағдайына нақты

анықтама берген В.И.Куликов, «кеңістік уақытша шеңбермен шектелген нақты қылмыс жүйесі, ол өзіне қылмыскерді қоршаған материалдық, әлеуметтік-психологиялық элементтерді және қылмыстық әрекеттер жасалатын ол арнайы таңдаған ортаны, ал кейде оның кейбір қатысушыларын қосады, сонымен қатар қылмыстың криминалистикалық элементтерінің барлық құрылымдарының қалыптасуына әсер етуге мүмкіндік беретін және оның тергеу әдістемесін негіздеу үшін қатысатын тұлғалардың мінез-құлқын және жүріс-тұрысын анықтау».

Тергеушінің зорлау жасау жағдайын зерттеу қылмысты ашу тәсіліне, құралына және әдістемесіне әсер етеді.

Қылмыс орнын таңдау жәбірленушінің және зорлаушының жеке ерекшеліктеріне байланысты. Сексуалдық шабуыл жасаудың соңғы таңдалған орны сонымен қатар қылмыс жасауға дайындық болып танылады. С.Б.Соболева белгігендей, қылмыс орнымен қылмыс жасайын деп жатқан тұлғаның жүріс-тұрысы тығыз байланысты. Сол себепті қылмыс жасау орын туралы кешенді түрде ақпараттың болуы қылмыс жасаған тұлға жөнінде толық бейне жасауға көмектеседі. Зорлауды жасау орны бойынша екі топқа бөлуге болады:

- 1) бөлмеде жасалатын;
- 2) далада жасалатын.

Тергеулік және сот тәжірибесі көрсеткендей, осындай қылмыстардың көп бөлігі қалаларда болса бөлмеде, ал ауылдық жерлерде далада жасалады. Бөлмелерді тұрғын және тұрғын емес деп бөлуге болады. Тұрғын бөлмелерде көбінесе зорлау таныс немесе аз таныс адамдарға қатысты жасалады. Оларға қатыгездік және шаншып - кесу құралдарды қолданумен ерекшеленеді. Атап өткен жөн, қылмысты зорлаушының пәтерінде жасалған кезде құрбанымен таныстығы ұзақ болған жоқ (қылмыс жасаған күні немесе күні бұрын болды), ал құрбанның пәтерінде жасалса онда бұдан ұзақ. Сексуалдық қол сұғу қылмыстың бөлмеде жасалу себептерінің бірі жәбірленушінің зорлаушымен бірге алкогольдік ішімдік ішуі. Далада жасалатын зорлау қылмыстарының ерекшеліктеріне тән: зорлаушының құрбанмен мүлдем таныс болмауы, қарсылықты тындыру мақсатында қатыгез физикалық күш қолдану, уақыттың жетіспеушілігінен аяқ асты шабуылдау. Осындай қылмыстарды жалғыз адам өзі сонымен топпен бірге жасай алады. Сонымен қатар, осындай шабуылдауға тән белгілер, ол психикалық ауытқушылық.

Зорлаушыларға қылмыстық құқық бұзушылық жасау орнын таңдауға жыл мезгілі әсер етеді. Жылдың суық уақытында сексуалдық қылмыстар міндетті түрде бөлмеде жасалады. Зерттелетін жатқан қылмыс динамикасы тәулік уақытына байланысты. Зорлаудың көбісі кешкі және түнгі уақытта жасалады. Қарастырылған қол сұғушылықтар санының көбі сағат 20:00-ден кейін көктем-жаз кезеңдерде жасалады. Зорлаушы болуы мүмкін тұлғаның жеке басы туралы ақпарат. Криминалистикалық тұрғыдан қылмыскердің жеке басын зерттеу, ол туралы келесі ақпараттарды анықтауды көздейді, яғни олар келешекте тергеудің дұрыс бағытын алуға, қажет тергеулік әрекеттер және жедел іздестірушілік шаралар жүргізуге көмектеседі. «Қылмыскердің жеке басы өзімен оның қасиеттерін мінездейтін кешен, ол кінәліні іздеу және әшкерелеу әдістемесін анықтау үшін қажет» деп А.Х. Жиенбаев атап өткен. Зорлау көбінесе таныс адамдармен жасалады (туысқандарымен, таныстарымен, достарымен және т.б.) және қылмыс жасалғанға

дейін танысқан тұлғалармен. Тергеулік және сот тәжірибесі көрсеткендей сотталғандардың көпшілігінің білім деңгейлері төмен, алкогольдік ішімдікке құмар, зорлық-зомбылыққа бейім.

Ю.М.Антонянның мәліметтері бойынша, сотталған зорлаушылар қылмыс жасау сәтінде үйленген болған. Жоғарда аталғандай зорлау қылмысының жасалуы алкогольдік мас болу жағдайда болған кезде жасалады. И.И.Рогов, К.Ж.Балтабаев пікірлерінше, көптеген қылмыс түрлері мен маскүнемдіктің арасындағы байланыс бұрын анықталған. Маскүнемдік қылмыстарды жасау себептерінің бірі болып табылады. Маскүнемдікпен ауыратын құқыққа қарсы әрекет жасайтын тұлғалар жоғары тәуекел тобына жатады. Мاستық ұят және жазадан қорқу әсерін төмендетеді. Қылмыстардың көпшілігі топпен жасалады. Жыныстық қылмыстарды жасаудың көп бөлігі кәмелетке толмағандармен орындалады. Ғалымдардың көбі (Ю.М.Антонян, Ю.В.Кадонцев, М.М.Милованова және т.б.) белгілеген, кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарының барлығы құқыққа қайшы әрекет жасау үшін, яғни бұзақылық. Бұл жағдайлар жасөспірім кезінде топ ішінде өзінің басымдылығын көрсету мен байланысты. Осыдан соң, топтық зорлау қылмысы жасөспірімдер арасында бірге уақыт өткізу кезінде жасалады. Жоғарда аталған жағдайларда жыныстық қылмыстың ниеті аяқ асты болады. Осындай топтар тұрақсыздық қасиеттерге ие. Психолого-психиатриялық сараптама қортындысын зерттеу кейбір зорлаушыларда психикалық ауытқушылықтар, сонымен көпшілігінде бас миының органикалық жарақаттары бар екенін анықтауға мүмкіндік береді. Психикалық ауытқушылықтарға психикалық бұзушылықты жатқызуға болады, алайда адамды толықтай сау деп мәлімдеуге және психикалық шалдыққандарға да жатқызуға болмайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік заңнама қылмыстық қудалау органдарына жәбірленушінің жеке басы туралы мәлімет жинауды міндеттемейді, бірақ жағдайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеу (Қазақстан Республикасының ҚПК 24 бабы) талабына сәйкес қылмыстық істің дұрыс шешілуі жағжайды бағалау үшін қылмыстық қудалау органдарына қылмыс құрбандары туралы іс үшін маңызды ақпаратты анықтау тиіс.

Қарастырылып жатқан қылмыстар үшін жәбірленушінің жеке басын зерттеудің негізгі бағыттарына келесіні жатқызамыз:

- 1) өмірбаян;
- 2) қылмыс жасалғанға дейінгі физикалық және психикалық қалпы туралы мәлімет;
- 3) құрбанның моральдық және интеллектуалдық ерекшеліктері;
- 4) қылмысқа дейінгі өмір сүру қалпы мен жүріс - тұрысы;
- 5) қылмысқа дейінгі зорлаушы мен құрбан арасындағы арақатынасы;
- 6) тергеу үшін маңызды басқа да мәліметтер.

Құқық қолдану тәжірибесінің талдауы бойынша қарастырылып жатқан қылмыстардың көпшілігі жәбірленушіге қатысты жасалады, яғни жәбірленуші өзінің жүріс-тұрысымен зорлаушыны қылмысқа арандатады. Қылмысқа арандатудың ерекшеліктері болашақ құрбанның мас болуы, сонымен қатар болашақ зорлаушымен бірге ішімдік ішу болып табылады. Жәбірленушілер арасында тез еліктіруге беріліп, байланысқа түсуге дайын, біреудің қаражатына көңіл көтеруге, автокөлікте жүру. Жәбірленушінің осындай жүріс-тұрысы зорлаушыда қылмыс

жасауға әкеп соғады. Сонымен криминологиялық маңызға ие, зорлаушының әйел туралы, яғни жыныстық қатынасқа кез келген еркек адаммен түсетіні маңызды. Осында белгілеген жөн, жәбірленушінің әрекеті құқық бұзушылық деп танылмайды, бірақ қылмысқа арандатады. Бұндай жағдайда Т.Е.Сарсенбаеваның пікірімен толықтай келісемін «жәбірленушінің тәртібінде арандатушы мінез-құлық болуы мүмкін, бірақ бұл кінәліні ақтау болып табылмайды және қылмыстық құқықпен тыйым салынған әрекетті жасауға құқық бермейді» .

Жәбірленушіден жауап алу. Зорлау туралы істер бойынша жәбірленушіден жауап алу кезінде оның жыныстық өміріне қатысты жағдайлар тілге тиек етілетіндіктен криминалистикалық әдебиеттерде мұндай тергеу әрекетін әйел тергеушіге немесе жәбірленушіден жасы едәуір үлкен тәжірибелі тергеушіге жүктелу керек деген нұсқау орын алған. Бірақ та кім алса да, сауалдар қою және сөз тіркестерін құрастыру барысында әрбір тергеуші әдептілік пен өнегелік ережелерін сақтаған жөн. Кейде көрсетулерді жәбірленушілердің өз қолымен жазғызып, нақтылайтын және дәлелдейтін сұрақтарды сосын қойған дұрыс болады. Жауап алу барынша толық болу керек. Бұл көрсетулер тек санаулы ғана тұлғаларға болатындығын, дәлірек айтқанда сот мәжілісі жабық түрде жүргізілетіндігі туралы жәбірленушіге тергеуші түсіндіру керек.

Жауап алу кезінде анықталатын жағдайлар:

- зорлау қашан жасалған;
- қай жерде және жәбірленуші ол жерге қалай тап болған;
- зорлауды кім жасады;
- қылмыстың барлық жағдайлары (зорлаушы мен жәбірленушінің мінез-құлықтары және іс-әрекеттері, зорлаушы не айтты, немен қорқытты және т.б., егер зорлаушылар бірнеше болса-олардың әрқайсысы жасаған іс-қимылдардың сипаты);
- жыныстық қатынасқа түсу әрекеті болды ма;
- жәбірленуші қарсылық көрсетті ме, көрсеткен жағдайда зорлаушының үстінде және киімінде қандай қарсылық көрсету іздері қалуы мүмкін;
- жәбірленуші зорлаған адаммен бұрын таныстығы болса, ондай таныстық барлық жағдайлары мұқият анықталу керек;
- зорлау туралы арыз бірден берілмегенде, мұндай бөгелудің себебі неде, сондай - ақ жәбірленушіге қандай да бір ықпал жасау әрекеттері орын алды ма;
- жәбірленуші бұл оқиға туралы басқа біреуге айтты ма, айтса кімге және тағы кім іске қатысты мән-жайларды хабардар ете алады;
- жәбірленушінің зорлауға дейін жыныстық қатынаста болды ма, егер болса ақырғы рет қашан;
- зорлаудан келген зардап қандай және тағы да басқа жағдайлар.

